



# A

ҚАЗАҚСТАНЫҢ  
JAŇA  
MAMANDYQTAR  
MEN QUZYRETTER  
ATLASY

№  
03

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2020

[enbek.kz/atlas](http://enbek.kz/atlas)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК  
КОРГАУ МИНИСТРИЛІГІ



ҰДЫНСЫЗ ТРУДДЫҢ НАЛАДЫ  
И СТАМЫЛДЫРЫМАН  
РАЙОНДЕ НЕДЕЛІ

JINYŇ JAŇA MAMANDYQTAR MEN QUZYRETTER ATLASY

ҚАЗАҚСТАНЫҢ JAŇA MAMANDYQTAR MEN QUZYRETTER ATLASY



QAZAQSTANNÝN  
JAÑA  
MAMANDYQTAR  
MEN QUZYRETTER  
ATLASY





# МАЗМҰНЫ

**ҚЫСҚАРТУЛАР** ..... 3

**ОҚЫРМАНҒА  
АРНАЛҒАН 630 СӨЗ** ..... 8

**ЖАҢА КӘСІПТЕР  
АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ** ..... 14

**1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫ** ..... 20

**2. САРАПШЫЛАРДЫҢ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЛЫ  
ЖЕКЕ ПІКІРІ** ..... 40

**3. САРАПШЫЛАРДЫҢ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА  
КӨЗҚАРАСЫ** ..... 60

**4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА  
ҮІҚПАЛ ЕТЕТИН АУҚЫМДЫ  
ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ТРЕНДТЕР** ..... 78

**4.1. Цифрлық технологияларға  
сүйене отырып саланы  
модернизациялау** ..... 80

**4.2. Климаттың өзгеруі және  
саладағы ресурстардың сарқылуы** ..... 91

**4.3. Экологизацияға бет бұру** ..... 98

**4.4. Ү және Z буыны мен  
олардың ойын ережелері** ..... 103

**5. ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҚ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ  
ДАМУЫНЫҢ БОЛЖАМДАРЫ** ..... 108

**6. ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПТЕР ТІЗІМІ** ..... 128

**6.1. Ауыл шаруашылығы  
саласындағы жаңа кәсіптер** ..... 136

**6.2. Ауыл шаруашылығы  
саласындағы өзгеретін кәсіптер** ..... 160

**6.3. Ауыл шаруашылығы  
саласындағы жойылатын кәсіптер** ..... 172

**7. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ  
БОЛАШАҚ КӘСІПТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ** ..... 178

**7.1. Фермерлер болашағының құзыреттері** ..... 180

**7.2. Саладағы барлық кәсіпқойлар үшін  
әмбебап сипатында болатын болашақ  
кәсіптер құзыреттері** ..... 184

**8. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА КӘСІПТЕРГЕ ҚАЙДА  
ОҚУҒА БОЛАДЫ** ..... 194

**9. ҚОРЫТЫНДЫ** ..... 204

**10. ЖОБАНЫҢ КОМАНДАСЫ** ..... 208



# ҚЫСҚАРТУЛАР

- ▶ **AR** – англ. Augmented Reality (толықтырылған шындық).
- ▶ **Big Data** – Үлкен Деректер.
- ▶ **CRISPR** – англ. Clustered regularly Interspaced Short palindromic Repeats (тұрақты аралықтар арқылы топтастырылған қысқа палидромдық қайталанулар).
- ▶ **CVI** – англ. Chlorophyll Vegetation Index (хлорофилдің вегетациондық индексі).
- ▶ **EVI** – англ. Enhanced Vegetation Index (жетілдірілген вегетациондық индекс).
- ▶ **GNDVI** - Green Normalized Difference Vegetation Index) - жасыл қалыптыландырылған салыстырмалы вегетациондық индекс.
- ▶ **3D** – англ. 3-dimensional (үш өлшемді).
- ▶ **5G** – англ. fifth-generation cellular wireless (бесінші буынның ұялы байланысы).
- ▶ **GPS** – англ. Global Positioning System (Ауқымды Жайғастырудың (позицияландыру) жүйесі).
- ▶ **HR** – англ. Human Resources (адам ресурсы).
- ▶ **IoT** – англ. Internet of Things (заттар интернеті).
- ▶ **NDVI** – англ. Normalized Difference Vegetation Index (өсімдіктердің қалыптыландырылған салыстырмалы индексі).
- ▶ **QR-код** – англ. Quick Response Code (жылдам әрекет (жауап беру) коды).
- ▶ **VR** – англ. Virtual Reality (виртуалдық шындық).
- ▶ **АҚ** – Акционерлік қоғам.
- ▶ **АӘК** – Агро-өнеркәсіптік кешен.
- ▶ **ЖІӨ** – жалпы ішкі өнім.
- ▶ **ЖҚҚ** – жалпы қосылған құн.
- ▶ **ШҚО** – Шығыс Қазақстан облысы.

- ▶ **ЖОО** – жоғары оқу орны.
- ▶ **БЭФ** – Бүкіләлемдік Экономикалық Форум.
- ▶ **ГАЖ** – географиялық ақпараттық жүйелер.
- ▶ **ГМА** – генетикалық модификацияланған ағза.
- ▶ **ДНҚ** – дезоксирибонуклеин қышқылы.
- ▶ **ЕО** – Еуропалық Одақ.
- ▶ **ЖИ** – жасанды интеллект.
- ▶ **АТ** – Ақпараттық Технологиялар.
- ▶ **ҚазАТУ** (КАТУ) – Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.
- ▶ **ІҚМ** – ірі қара мал.
- ▶ **ІІМ** – Ішкі істер министрлігі.
- ▶ **ҮКӨСТ** – Үкіметаралық климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобы.
- ▶ **ҚР ИИДМ** – Қазақстан Республикасы Индустрія мен инфрақұрылымдық даму министрлігі.
- ▶ **ҚР ҰЭМ** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі.
- ▶ **АШМ** – Ауыл шаруашылығы министрлігі.
- ▶ **ҚР ТЖМ** – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі.
- ▶ **млн.тг** – миллион теңге.
- ▶ **млн. акр** – миллион акр.
- ▶ **ҒЗТҚЖ** – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар.
- ▶ **ҒЗИ** – ғылыми-зерттеу институты.
- ▶ **ЭЫДҰ** – экономикалық ынтымақтастық пен даму үйімы.
- ▶ **ЗТБ** – занды тұлғалар бірлестігі.
- ▶ **ЗТЖКБ** – занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің бірлестігі.
- ▶ **ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.
- ▶ **ЖФӘ** – жиынтықталған факторлық өнімділік.
- ▶ **АҚШ** – Американың Құрама Штаттары.
- ▶ **ТЖКБ** – техникалық және кәсіптік білім.
- ▶ **ЖШС** – жауапкершілігі шектеулі серіктестік.
- ▶ **мың га** –мың гектар.
- ▶ **мың т** – мың тонна.
- ▶ **УДЗ** – ультрадыбыстық зерттеу.


## Ауыл шаруашылығының өзгермелі кәсіптері



## Ауыл шаруашылығының жоғалудағы кәсіптері



## Ауыл шаруашылығының жаңа кәсіптер





ОҚЫРМАНҒА  
АРНАЛҒАН 630 СӘЗ





## ОҚЫРМАНҒА АРНАЛҒАН 630 СӘЗ

**Қымбатты оқырман!**

**Біз сіздермен барлық әлемді дерлік, барлық елдерді қамтып өткен Төртінші өнеркәсіптік революцияның күәгери әрі қатысуышы болып табыламыз.**

Соңғы жиырма-отыз жыл ішінде біз біртіндеп цифрлық дәуірге кірдік, оған бейімделдік және жаңа шындықта өмір сұруға үйрендік. Бірақ ғылыми прогресс ешқашан орнында тұрмайды және бүкіл адамзат Төртінші өнеркәсіптік революцияның табалдырығын аттады.

### ОСЫ ҚАРҚЫНДЫ ТУРДЕ ӨЗ-ГЕРІП ЖАТҚАН ШЫНДЫҚТАН БІЗГЕ НЕ КҮТУ ҚАЖЕТ?

Голливудтың сексенінші жылдардағы «Терминатор» фильмін еске түсірейік. Қазіргі әлем, біз білетіндей, кейде отыз жыл бұрын пайда болған осы фильмде сипатталған фантастикалық идеялардан, оқиғалардан, заттардан асып түседі. Бірақ «Терминаторды» жасаушылар ескерткен ең маңызды нәрсе – технологияның адам еңбегіне деген қажеттілік немесе жұмыс процесіне адамның қатысуы мүлдем жой-

ылуы немесе азайтылуы мүмкін болатын деңгейге дейін дамып кетуі. Сонымен қатар, адамның өндіріс процесіне минималды қатысуы одан жаңа технологиялар ағымында қуыршақ болуды емес, процесті басқару үшін жоғары біліктілікке ие болып, мүлдем жаңа шындықта жұмыс істеуді талап етеді.

**ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ,** кез келген технологиялық революция сияқты, ең алдымен, өндірістің тиімділігін арттыруға, бір сөзben айтқанда, адамдардың еңбегін зиянға емес, жақсы жағына қарай женілдетуге бағытталған. Алайда, адамдар әлемінде мұндай механикалық тәсіл жұмыс істемейді. Жаңа технологиялар әлемді жаулап алған сайын, Льюис Кэрролл ертегісінің кейіпкері Алисаның сөзімен айтқандай, «тек өз орында қалу үшін бар қүшін салып жүгіру керек» және «бір жерге жету үшін кем дегендеге екі есе жылдам



жүгіретін» адамдар пайда болады. Мұның бәрі өзгермелі еңбек нарықтары мен экономика салаларына қатысты нені білдіруі мүмкін? Зерттеу барысында ДЭФ са-

## 2016 жылы Дүниежүзілік экономикалық Форум (ДЭФ) зерттеу жүргізіп, «Кәсіптердің болашағы» атты есеп жариялады.

рапшылары қызметкерлерінің жалпы саны 15 миллионнан асатын бірнеше ірі трансұлттық компанияларда стратегиялық кадрларды басқаруға жауапты жүзден астам топ менеджерлер мен сұхбат жүргізді. Жаһандық нарық көшбасшылары – трансұлттық компаниялар әлемдегі еңбек нарығы түбекейлі өзгеруде деген ортақ пікірге келді.

Төртінші өнеркәсіптік революцияның қысымымен қандай да бір білімдер мен дағдылар, ал олармен бірге нақты мамандықтар да таяудағы болашақта өткенге ауы-

сады. Кейбір мамандықтар қалады, бірақ бұл мамандықтар бойынша жұмыс мұлдем басқа білім мен дағдыларды қажет ететін болады.

Және бұл орайда ең бастысы, қызықтысы және бұлдыңғыры – жаңа мамандықтар пайда болады! Қазірдің өзінде жұмыс істейтін немесе әлі де кәсіби маман болуға дайындалып жатқан адамдар үшін осы ауқымды, жаһандық өзгерістердің барлығы бір нәрсені білдіреді – өмір бойы жаңа дағдыларға үйреніп және жаңа білімдерді ала беру қажет екен... Қадірменді оқырманым, сіз бұл үдерістің қарапайым әрі ойсыз емес екенін, қатып қалған жоспармен жүрмейтінін сезіп те жүрген боларсыз. Эрине, бұның дұрыс.

### ТЕРІС СЦЕНАРИЙДІҢ ОРЫН АЛЫП ДАМУЫ, СӨЗСІЗ, ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮРФЫДАН ӘБДЕН МҮМКІН.

Бұнымен не айтқымыз келді? Төртінші өнеркәсіптік революцияның осы күнгі барлық технологиялық өзгерістерімен қатар өзгеретін және жаңа

кәсіптер бойынша мамандардың жетіспеушілігі орын алуы мүмкін, ал жойылатын кәсіп иелері болып табылатын мамандар арасында жұмыссыздықтаралады, осылайша әлеуметтік теңсіздік тек күшіне түседі. Бірақ, егер үкімет, бизнес және адамдар белсенді түрде біріге отырып, адамдардың, компаниялардың, тіпті тұтас индустриялардың жұмысын өзгертетін жаңа технологиялар толқынына дайындалса, жоғарыда аталған жағымсыз сценариіндің болу мүмкіндігі көми түседі.

Сіз қарсы пікір білдіріп, адамдар қашан да ауыл шаруашылығымен айналысқан және қалай дегенде де бұл істі жалғастырады деп айтуыңыз мүмкін. Иә, солай. Шынымен де, ауыл шаруашылығы саласы осы уақытқа дейін аса консервативтік, әрі баяу өзгеретін деп саналып келді, алайда XXI ғасырдың жаңа технологиялары бұл саланы да бастан-аяқ «сілкіп» тастайтыны анық. Осы уақытқа дейін ауыл шаруашылығы саласы дәстүрлі әдістер мен жинақталған білімдердің тынық

айлағы болса, бүгін әсте олай емес. Сондыктан осы индустрия кәсіпқойлары және ауыл шаруашылық секторында жұмыс істеуді жоспарлап жүрген мамандар жаңа заманның барлық тәуекелдері мен мүмкіндіктерін мұқияттылықпен назарға алып отырулары қажет. Қадірлі оқырман, «Атлас» сізге болашаққа сенімділікпен

**«Жаңа кәсіптер атласының» жасалуы – Қазақстанның өз адамдарының, бизнесінің және жалпы экономикасының жаңа реалияларға икемделуі үшін жасалған қадамдарының бірі болып табылады.**

қарауға, өзіңіз үшін, өскелен үрпақ үшін, оқушылар мен әріптестеріңіз үшін саналы түрде бағдарланған әрекеттер таңдал жасауға көмектеседі деп үміттенеміз.



ЖАҢА КӘСІПТЕР  
АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ





# QAZAQSTANNYŇ JAŇA MAMANDYQTAR MEN QUZYRETTER ATLASY

ТМК

Шикізат ендіруден бастап дайын енім - кара және түсті металдар мен олардың корытпаларын шығаруға дейінгі өзара байланысты салалар мен ендірістік процесс сатыларының жиынтығы

Энергетика

Экономиканың энергетикалық ресурстардың барлық түрлерін генерациялаумен, кайта құрумен, белумен және пайдаланумен айналысатын саласы

Мұнайгаз

Пайдалы табиги қазбаларды - мұнайды және ілеспе мұнай енімдерін ендірумен, ендеумен, қоймалаумен және сатумен айналысатын экономика саласы

Машина жасау

Машиналардың, технологиялық жабдықтардың және олардың белшектерінің барлық түрлерін жобалауды, ендіруді, қызмет көрсетуді, кадеге жаратуды жүзеге асыратын экономика саласы

Ауыл шаруашылығы

Өнеркасілтің бірқатар салалары үшін азықтулікті (тамақ енімдерін) және шикізатты ендіруге, сактауга және қайта ендеуге бағытталған экономика саласы

АТ

Техникалық қураудардың көмегімен пайдалы ақпаратты іздеуге, жинауға, сактауга, ендеуге, беруге және ұсынуға бағытталған экономика секторы

Келік және логистика

Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын экономика саласы, сондай-ақ оларды онтайландыру максатындағы басқару жүйесі

Туризм

Өмір салтымен, саулеттімен, гастрономиясымен, табигаттымен және т. б. танысу үшін басқа елге немесе оның тұрғылығы жерінен басқа жерге баруды (саяхаттауды) үйымдастыруды жүзеге асыратын экономика саласы.

Құрылыш

Үйлерді, құрылыштарды, ғимараттарды жобалауды, құруды (салуды) жүзеге асыратын, сондай-ақ оларды курделі және ағымдағы жондеуді орындаудын экономика саласы



## ЖАҢА КӘСІПТЕР АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ

**Ауыл шаруашылығы саласына арналған  
Жаңа кәсіптер атласының мазмұны келесі-  
дегі етіп жасалған. Алдымен, әңгімеміздің  
тақырыбын, яғни ауыл шаруашылығы мен  
ондағы жұмыс турасында жақсы түсінік қа-  
лыптастыру үшін, сіз Қазақстанның ауыл  
шаруашылығының ағымдағы жағдайымен  
танысасыз. Бұдан әрі сіз болашаққа алғаш  
қадамыңызды жасайсыз. Сіз Қазақстанның  
ауыл шаруашылығының технологиялық да-  
муының ең ықтимал сценариін білетін бола-  
сыз. Бұл болжам, ЛЕГО конструкторы тәрізді,  
бірнеше бөлімнен құрылып, жиналады.**

Алдымен, осы сала бой-  
ынша ең үздік пікір біл-  
дірушілердің бағалауарымен  
оқып танысасыз («Сарапшы-  
лардың пікірі» бөлімі). Одан  
кейін жалпы саланың, ауыл  
шаруашылық бизнесінде, са-  
лалық білім беруде, кәсіптік  
одақтарда еңбектеніп жүрген  
жүздеген кәсіпқойлардың  
көзқарастарымен танысасыз  
(«Болашаққа қарау» бөлімі).  
Кәсіпқойлардың пікірі – бұл,  
сөзсіз, маңызды, елеусіз қал-  
дыруға болмайтын жайт, де-  
генмен, әрбір адам өз манса-  
бына қатысты шешімді дербес  
түрде қабылдайды емес пе?  
Міне, сол себепті, сізге істің  
мән-жайын түсінуге көмектесу  
үшін, біз «Ауыл шаруашылығы-  
на ықпал ететін ауқымды және  
салалық трендтер» туралы  
айтып береміз. Сіз өзгері-  
стердің қозғаушы күштерін  
іштен көретін боласыз, сөйтіп  
өзгеріп жатқан әлемде өз ор-  
ныңызды анықтап табуға тал-  
пынасыз. Осыдан кейін біз ең  
басты мәселеге жақындадық –  
көптеген кәсіпқойлардың жеке  
пікірлері мен шындықтың объ-  
ективтік фактілерінен «Бола-  
шақтың бейнесі» қалыптасады.  
Бұл қалай орындалмақ? «Али-  
са ғажайыптар елінде» ерте-  
гісіндегі Чешир мысығының  
Алисаға айтқан керемет жауа-

бын еске түсіріңіз: «...егер сен  
қайда жеткің келетініңді біл-  
месен, демек қай жаққа бар-  
сан да, саған бәрібір». Демек,  
біз қайда жеткіміз келетінін  
анық білсек және сол бағытта  
белсенді қозғалсақ қана, қа-  
лауымыздағы болашаққа қол  
жеткізбекпіз. Біздің жағдай-  
мызыда, Форсайт-сессиялар-  
дағы пікірталастар барысында  
саланың кәсіпқойлары болуы  
ықтимал болашақтың теори-  
ялық бейнесін кристалдан-  
дырады. Атластың қорытынды  
бөлімдерінен ауыл шару-  
ашылығындағы кәсіптерімен  
не болатынын білетін боласыз:

- ▶ қай кәсіптер жойылады,
- ▶ қайсысы өзгереді,
- ▶ қандай кәсіптер жаңадан  
пайда болады.

Болашақта қажет етілетін білім-  
дер мен дағдыларды белгілей-  
ді; нені және қайда барып оку-  
ды нұсқайды. Бұл ақпаратты  
келесі бөлімдерден табасыз:

- ▶ «Болашақ кәсіптердің  
тізімі»,
- ▶ «Болашақ кәсіптердің құ-  
зыреттері»,
- ▶ «Жаңа кәсіптердің орнала-  
стырылуы».

А

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САЛАСЫ

1.





## 1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ

**«Агро-өнеркәсіптік кешен – экономикадағы елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін, сонымен қатар ауыл аймақтарының еңбектік әрі қоныстанушылық әлеуетін қалыптастыратын маңызды секторларының бірі болып табылады»<sup>1</sup>.**

КР Үлттық экономика министрлігінің 2019 жылғы деректері бойынша, Қазақстанның қантар-желтоқсан айларындағы жалпы ішкі өніміндегі ауыл шаруашылығының үлесі 4,5% немесе 3 092 417,6 млн теңге құрады.

Салада 2019 жылдың төртінші тоқсандағы деректері бойынша, республикадағы еңбекке қабілетті халқының 13,4% немесе 1 173,9 мың адам жұмыспен қамтылған. Мұнайда саладағы еңбек өнімділігі орташа республикалық көрсеткіштен әлдеқайда төмен болды: 2018 жылғы деректер бойынша, саладағы бір жұмысшыға келетін жалпы қосылған күн 2076,6 мың теңге құрады, ал жалпы экономикада бұл көрсеткіш бір жұмысшыға 6173,2 мың теңге құрады

(ред. – бір жұмысшыға шаққанда келетін ауыл шаруашылығының жалпы кірісі орташа республикалық кірістің 33,6%-н құрайды). 2019 жылдың төртінші тоқсанында саладағы орташа айлық еңбекақы мөлшері 127 283 теңге құрады<sup>4</sup>, яғни орташа республикалық көрсеткіштен 203 883 теңгеге кем және оның тек 62,4%-н құрайды.

Салада 13 390 занды тұлға, яғни еліміздің нарығында жұмыс істейтін занды тұлғалардың жалпы санының 4,3%-ы<sup>5</sup> жұмыс істейді. Бұл сала – республикада жұмыс істейтін үйымдар саны бойынша тоғызынши болып табылады<sup>6</sup>. 2018 жылғы ауыл шаруашылығына құйылған инвестициялардың көлемі негізгі капиталға жасалған инвестици-

ялардың жалпы көлемінен (11 179 036 млн теңге) 365 001 млн теңге немесе 3,27% құрады.

Импорттық азық-түлік өнімдеріне деген сұраныс өсуде, бұл 2004 жылдан бастап, Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімінің таза импортеріне айналуына себеп болды. Осылайша, КР Үлттық эко-

номика министрлігі Статистика комитетінің 2018 жылғы деректеріне қарағанда, мал және өсімдік текті азық-түлікті импорттау көлемі экспортталатын көлемінен асып түсті (импорттың 3 638 489,2 мың АҚШ доллары – экспорттың 3 102 121,1 мың АҚШ долларына қарсы; экспорт импорттаудан 85,3% құрайды, қараңыз: 1.1-кесте).

### 1.1 Кесте 2018 жылы негізгі тауарлық топтар бойынша экспорт пен импорттың құрылымы, мың АҚШ доллары.

Тауарлық топтың атауы	Импорт, мың АҚШ доллары			Экспорт, мың АҚШ доллары		
	Барлығы	Соның ішінде ТМД	Әлемнің басқа елдері	Барлығы	Соның ішінде ТМД	Әлемнің басқа елдері
Барлығы, соның ішінде:	33 658 519,4	16 033 877,4	17 624 642,0	61 111 221,4	9 568 349,4	51 542 872,0
Мал және өсімдік текті азық-түлік, дайын азық-түлік өнімдері	3 638 489,2	2 374 204,5	1 264 284,7	3 102 121,1	1 614 266,9	1 487 854,2

ДЕРЕККӨЗ: КР ҮӘМ Статистика комитеті.  
«Негізгі тауарлық топтар бойынша экспорттың және импорттың құрылымы»

<sup>1</sup> Дереккөз: <https://kapital.kz/economic/77001/sel-skoye-khozyaystvo-osnova-sil-noy-ekonomiki.html>

<sup>2</sup> Дереккөз: Экспресс – информация. 2020 жылғы 14 ақпандығы № 36-2/75. 2019 жылғы қантар-желтоқсан айларында өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнім. <https://stat.gov.kz/official/statistic/6>

<sup>3</sup> ЖКС – жалпы қосылған күн

<sup>4</sup> Дереккөз: 2010-2019 жж. негізгі экономикалық әрекет түрлері бойынша орташа айлық еңбекақы. <https://stat.gov.kz/official/statistic/7>

<sup>5</sup> 5 2019 жылғы деректер бойынша КР-нда жұмыс істейтін занды тұлғалардың жалпы саны 308 011 бірлікті құрады. Дереккөз: <https://stat.gov.kz/official/statistic/6>

<sup>6</sup> 2019 жылғы деректер ойынша нарық лидері – бөлшектенген және көтерме сауда-саттық болып табылады (республика бойынша жұмыс істейтін занды тұлғалардың жалпы санынан 27% немесе 83 158 белсенді занды тұлға). Дереккөз: <https://stat.gov.kz/official/statistic/6>

<sup>7</sup> Дереккөз: <http://www.oecd.org/urasia/competitiveness-programme/central-asia/Kazakhstan-Monitoring-Agricultural-Co-operatives-2019-RUS.pdf>



## 1.2 Кесте

### **Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) шаруашылықтар категориялары мен өнім түрлері бойынша жалпы шығарылымы, млн тг. (және %)**

2018 г.	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы (барлық шаруашылықтар категориялары)			
	Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі, млн. тг/%	Мал шаруашылығының жалпы өнімі, млн. тг/%	Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер, млн.тг/%	Жол бойынша барлығы, млн.тг./%
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) ауыл шаруашылық кесіпорындардағы жалпы шығарылымы	746 792,2 / 31%	308 745,2 / 15%	12 145,6 / 100%	1 067 683,0 / 23,9%
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) крестьяндик немесе фермерлік қожалықтардағы жалпы шығарылымы	951 327,1 / 39,4%	366 025,9 / 17,9%	-*	1 317 352,9 / 29,4%
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) халықтың шаруашылықтарындағы жалпы шығарылымы	713 367,5 / 29,6%	1 375 684,7 / 67,1%	-	2 089 052,2 / 46,7%
Баған бойынша барлығы, млн. тг.	<b>2 411 486,7</b>	<b>2 050 455,8</b>	<b>12 145,6</b>	<b>4 474 088,1</b>
Баған бойынша барлығы, %.	100%	100%	100%	100%

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ Статистика комитеті. Аймақтар бойынша және жалпы ҚР бойынша динамикалық кестелер. «Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн тг.»

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІ АТЛАСЫ

Ауыл шаруашылық өндірісінде өсімдік өнімдері басым болып табылады, мал шаруашылығы өнімінің көлемі сөл аздау, алайда, жиынтықтап келсек, бұл екі сала 2018 жылы республикадағы ауыл шаруашылығының жалпы өндірісінің жалпы көлемінің 99,7% құрады.

**Атап айтқанда, 2018 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 4 474 088,1 млн теңге құрады.<sup>8</sup>**

Ауыл шаруашылығы өнімі шығарылымының құрылымы келесідей (қараңыз: 2-кесте):

- ▶ 53,9%, немесе 2 411 486,7 млн. тг, – бұл өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі;
- ▶ 45,8%, немесе 2 050 455,8 млн. тг, – мал шаруашылығының жалпы өнімі;
- ▶ 0,3%, немесе 12 145,6 млн. тг, – ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер.

Бір қызығы, ауыл шаруашылығы өнімі (қызметтері) өндірісінің жалпы көлемінің жартысына жуығы (46,7%, немесе 2 089 052,2 млн. тг.) қазақстанның жалпы шаруашылықтарының үлесі болып табылады. Уштен бір бөлігіндей көлемі (29,4%, немесе 1 317 352,9 млн. тг.) крестьян немесе фермерлік қожалықтарымен өндіріледі. Өсімдік шаруашылығында да өнімнің үштен бір бөлігінен артығы (39,4%, немесе 951 327,1 млн. тг.) крестьян немесе фермерлік қожалықтарымен өндіріледі. Мал шаруашылығында өнімнің үштен екі бөлігіне жуық мөлшері (67,1%, немесе 1 375 684,7 млн. тг) қа-

зақстанның жеке шаруашылықтарында өндіріледі. Ал қызметтер толығымен (100%, немесе 12 145,6 млн. тг) ауыл шаруашылық кесіпорындарымен іске асрылады.

Ауыл шаруашылық өндірісінің құрылымында маңызды аймақтық өзгешеліктер орын алады. 2018 жылғы ауыл шаруашылық өнімі (қызметтері) жалпы шығарылымының де-ректерін аймақтар кескінінде талдау нәтижесінде Алматы облысының басымдығы мен әмбебаптылығын байқадық (үлестер ақшалай көрсетілген деректердің негізінде есептелген) (қараңыз: 1.3-кесте):

- ▶ жалпы өнімнің жалпы шығарылымының 16,4%-ы;
- ▶ өсімдік шаруашылығы өнімінің 15,5%-ы;
- ▶ мал шаруашылығы өнімінің 17,4%-ы;
- ▶ қызметтердің 19,6%-ы.

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНАН БАСҚА, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІ ЕҢ КӨП МӨЛШЕРДЕ ТҮРКІСТАН, СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН, ШЫFYС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫНДА ӨНДІРІЛЕДІ.**

**ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША АЛМАТЫ, СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТАРЫ ТОП БАСЫНДА КЕЛЕДІ.**

**АЛ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЛИДЕРЛЕРИ – АЛМАТЫ, ШЫFYС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ КӨБИНЕСЕ АЛМАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТАРЫНДА КӨРСЕТИЛЕДІ.**

<sup>8</sup> Дереккөз: ҚР ҰӘМ Статистика комитеті. Динамикалық кестелер. Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы. <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/8>



**1.3.Кесте**  
**Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) аймақтар бойынша және өнім түрлері бойынша жалпы шығарылымы, %.**

	2018 г.			
	Жалпы шығарылым, %	Өсімдік шаруашылығы, %	Мал шаруашылығы, %	Ауыл шаруашылық қызметтері, %
1. Ақмола	9,1%	11,1%	6,7%	8,5%
2. Ақтөбе	5,2%	3,5%	7,3%	1,7%
3. Алматы	16,4%	15,5%	17,4%	19,6%
4. Атырау	1,5%	1,1%	1,9%	3,6%
5. Батыс Қазақстан	3,1%	2,0%	4,5%	3,0%
6. Жамбыл	6,0%	6,1%	5,9%	5,8%
7. Қарағанды	6,2%	5,1%	7,6%	5,5%
8. Қостанай	8,6%	11,1%	5,8%	10,1%
9. Қызылорда	2,3%	2,6%	1,9%	16,2%
10. Манғышстау	0,3%	0,1%	0,6%	0,6%
11. Оңтүстік Қазақстан	-*	-*	-*	-*
12. Павлодар	5,1%	4,7%	5,7%	0,9%
13. Солтүстік Қазақстан	11,5%	15,2%	7,2%	6,6%
14. Түркістан	12,3%	12,1%	12,5%	6,0%
15. Шығыс Қазақстан	11,5%	9,2%	14,3%	3,2%
16. Астана қ.	0,0%	0,0%	0,0%	3,3%
17. Алматы қ.	0,1%	0,2%	0,1%	-*
18. Шымкент қ.	0,6%	0,4%	0,8%	5,1%

\* Дерек жок

Дереккез: КР ҰЭМ Статистика комитеті. Аймақтар бойынша және жалпы КР бойынша динамикалық кестелер. «Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн.тг.»

## ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ (ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ) ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ

Республикада ауыл шару-  
ашылығының даму динамика-  
сы туралы сөз еткенде, Қазақстан  
2004 жылдан бастап ауыл шару-  
ашылықты өнімінің таза импорт-  
таушысы болып табылатынын  
еске сактау керек.

«Әлем елдерінің азық-тұліктік қауіпсіздігінің индексі» (Global Food Security Index исследовательской компании The Economist Intelligence Unit) деректеріне сәйкес, Қазақстан 2019 жылы әлемнің 113 елінің рейтингінде 67,3 жалпы үпай санымен 48-орында болды. Бұл нәтиже «азық-тұлік қауіпсіздігі деңгейінің жақсы көрсеткіші» деп бағаланады. Ал осы рейтингтің ең жоғарғы тобында жалпы үпай саны 87,4 болған Сингапур алғып отыр, ең тәменгі 113-жолда 31,2<sup>9</sup> жалпы үпай санымен Венесуэла тұр.

Азық-тұліктік қауіпсіздіктің аса жаман емес («тағам өнімдерінің қолжетімділігінің және тұтынушының деңгейі»<sup>10</sup> – 77.5 үпай; «тағам өнімдерінің болуы және жеткілікті болуы»<sup>11</sup> – 57.7 үпай;

«тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің деңгейі»<sup>12</sup> – 68.3 үпай) көрсеткішіне қарамастан, азық-тұлғатік тәуелсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі болып қала беруде.

Жоғарыда келтірілген «Әлем елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі индексінің» көрсеткіштері азық-түліктік қауіпсіздікті қамта- масыз етудің отандық талаптарына сәйкес келеді.

Жеке алғанда, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «АгроОнеркәсіптік кешенінің және ауыл аймақтарының дамуын мемлекеттік реттеу туралы» заңына сәйкес, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің талаптары мынадай:

1. азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі;
  2. азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі;
  3. тағам өнімдерінің қауіпсіздігінің кепілдігі<sup>13</sup>.

<sup>9</sup> Перекъз: <https://foodsecurityindex.eiu.com/Index>.

10) Тағам өнімдерінің көлжетімділігінің және тұтынуының деңгейі – Тұтынуыштардың азық-түлікті сатып алу кабілетін, олардың баға сілкіндеріне қатысты елсіздігін және өзгерістер жағдайында тұтынуыштарды қол-пау саясаты мен бағдарламаларының болуын бағалау. Переккәз: <https://foodsecurityindex.eiu.com/index>

<sup>11</sup> Тағам өнімдерінің болуы және жеткілікті болуы – ұлттық азық-түлік қорының жеткілікті болуын, жеткілімдер кеңінде бұзылу тәуекелдерін, азық-түлікті тарату ұлттық әлеуетін және ауыл шаруашылығы өндірісін кеңайту жөніндегі ғылыми-зерттеу әрекеттерін қамтамасыз ету шаралары. Дереккөз: <https://foodsecurityindex.eiu.com/Index>

<sup>12</sup> Тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің деңгейі – Орташа рационның түрлілігі мен қоректикалығының сонымен ката азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін өлшейді. Дереккөз: <https://foodsecurityindex.eiu.com/Index>.


13 Дереккөз: <https://moa.gov.kz/documents/1538732758.pdf>.

Алайда елдің азық-түліктік тәуелсіздік деңгейінің жеткіліктігін қалай өлшеуге болады? Қазақстанда азық-түліктің қауіпсіздігі туралы заңнама жоқ, бірақ 1999 жылы ТМД мемлекеттерінің Парламентараптық ассамблеясының отырысында «ТМД азық-түліктік қауіпсіздігі туралы» модельдік заңы қабылданды (1999 жылғы 16 қазандағы №14-10 қаулысы)<sup>14</sup>. Осы заңға сәйкес, елдегі өмірлік маңызы бар тағам өнімдерінің жылдық өндірісі халықтың азық-түліктің осы түрлеріндегі физиологиялық талаптар бойынша жылдық қажеттілігінің кемінде 80%-ын құраса, азық-түліктік тәуелсіздік қамтамасыз етілген деп саналады. ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Гүлмира Исаеваның баяндамасы бойынша (2016 жылғы деректер) «отандық өндірушілер халықтың азық-түліктің негізгі өнімдеріндегі қажеттілігін 95%-ға іске асырады, импортқа тәуелділік азық-түліктің кейбір түрлері бойынша ғана бар (мысалы, балық немесе алма)»<sup>15</sup>. Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2004 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде 6,4 есе үлгайды, соның ішінде: өсімдік шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 6,3 есе үлгайды, ал мал шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы – 6,7 есе, ауыл шаруашылығы саласында қызмет көрсету – 3,2 есе үлгайды (қараңыз: 1.1-диаграмма).

#### 1.1. Диаграмма

#### **Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, динамикада, 2004-2018 жж., бағалармен көрсетілген, млн. тг.**



ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТИ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ (ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ) ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ».



#### 1.4. Кесте

#### **Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) аймақтар бойынша және өнім түрлері бойынша жалпы шығарылымы, %.**

Жыл	Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы	Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі	Мал шаруашылығының жалпы өнімі	Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер
2004	695 801	384 542	307 424	3 836
2018	4 474 088	2 411 487	2 050 456	12 146

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТИ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ (ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ) ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ».

Алайда, ауыл шаруашылығы өнімінің тұтастай, әрі ішкі салалары бойынша да (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, қызметтер) бірнеше есе үлғаюына қарамастан, Қазақстан ауыл шаруашылық өнімін импорттап болып қала беруде екенін ескергеніміз дұрыс. Жоғарыда айттылғандай, республиканың ауыл шаруашылық өндірісінің

құрылымында маңызды аймақтық өзгешеліктер бар.

Солтүстік аймақтарда ірі капиталдық бидай шаруашылықтары жұмыс істеп, бидай өндірісі жақсы дамыса, онтүстік аймақтарда жемістер, көкөністер, күріш, мақта өндірісімен айналысадын көптеген шағын және орта өндіріс үйімдары қызмет етуде.

<sup>14</sup> Дереккөз: <https://articlekz.com/article/5263>

<sup>15</sup> Дереккөз: <http://today.kz/news/kazakhstan/2016-04-25/715630-proizvoditeli-kazahstana-pokryivayut-95-protsentov-potrebnostej-naseleniya-msh/>

Осыған байланысты республикадағы негізгі ауыл шаруашылығы культуралары бойынша егін аудандарының 2004 жылдан бастап динамикасын

**Д**еректерді талдау нәтижесінен  
негізгі аудандарының көбісі дәнді дақылдарға, сонымен қатар күріш, бұршаққа бөлінгенін көреміз.

бақылап қарау қызықты (қарызы: 1.5-кесте).

Қалған культуралар (майлы дақылдар, картоп, көкөністер, бақша дақылдары, қант қызылшасы, жемдеу дақылдары) жалпы аудандынан әлдекайда кіші аудандарды алады. Алайда, дәнді дақылдар аудандарының үлесі ең үлкен бола түрганымен, қарастырылған уақыт кезеңінде (2004-2019 жж.) үлесі қысқара берді (1.3-диаграмма), ал, бірақ егіншілік аудан тұрақты түрде үлғайып тұрды (1.2-диаграмма).

#### 1.5. Кесте

**Негізгі ауыл шаруашылығы культураларының нақтыланған егін ауданды, динамикада, 2004-2019 жж., мың га.**

Жыл	Жалпы нақтыланған егін ауданды	Дәнді (курішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдары	Майлы дақылдар	Картоп	Ашық топырақ көкөністері	Бақша дақылдары	Қант қызылшасы	Жемдік астық дақылдары
2004	18 036,4	14 278,0	665,0	168,2	111,3	43,6	22,3	2 515,8
2005	18 445,2	14 841,9	669,7	168,2	110,8	43,4	17,5	2 380,6
2006	18 369,1	14 839,8	751,4	153,9	103,0	42,0	14,4	2 255,6
2007	18 954,5	15 427,9	672,8	155,5	104,2	38,8	13,7	2 329,0
2008	20 119,2	16 190,1	913,7	163,7	112,9	55,9	13,1	2 486,2
2009	21 424,9	17 206,9	1186,1	170,3	110,6	52,4	10,6	2 535,8
2010	21 438,7	16 619,1	1748,1	179,5	120,3	63,3	11,2	2 555,6
2011	21 083,0	16 219,4	1816,2	184,4	128,7	67,7	18,2	2 484,3
2012	21 190,7	16 256,7	1853,9	190,2	128,7	81,8	11,8	2 517,4
2013	21 271,0	15 877,6	1980,9	184,8	133,1	82,3	2,7	2 866,8
2014	21 244,6	15 291,5	2 299,5	186,8	137,7	89,8	1,2	3 109,9
2015	21 022,9	14 982,2	2 009,7	190,6	139,5	94,7	9,2	3 497,1
2016	21 473,6	15 403,5	2 035,7	186,7	145,9	93,9	12,6	3 485,2
2017	21 839,9	15 405,4	2 478,9	183,4	142,9	93,8	17,4	3 382,3
2018	21 899,4	15 150,0	2 834,2	193,0	152,3	96,1	17,4	3 323,2
2019	22 135,8	15 396,6	2 861,1	193,0	159,1	102,1	15,2	3 277,2

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТИ ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР.  
«НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КУЛЬТУРАЛАРЫНЫҢ НАҚТЫЛАНҒАН ЕГІН КӨЛЕМДЕРІ»

#### 1.2. Диаграмма


**Нақтыланған егін ауданды: жалпы, сонымен қатар дәнді дақыл, оның ішінде күріш және бұршақ, динамикада, 2004-2019 жж., мың га.**



ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТИ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР.  
НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ НАҚТЫЛАНҒАН ЕГІН АУДАНЫ

#### 1.3. Диаграмма

**Жалпы егін аудандындағы дәнді дақылдар аудандарының үлесі, динамикада, 2004-2019 жж., %-бен<sup>17</sup>.**



ДЕРЕККӨЗ: УЛЕСТЕРДІ DAMU RG ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТИ ДЕРЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЕСЕПТЕГЕН: ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ НАҚТЫЛАНҒАН ЕГІН АУДАНЫ».

**Статистика мәліметтеріне қа-  
рағанда, қарастырылған кезең-  
де (2004-2019 жж.) егін ауданының  
ұлғаюы жемдік астық пен майлы  
дақылдарды егу аудандары негізін-  
де орын алған (қараңыз: 1.5.1-кесте).**

Мұнда майлы дақылдар ауданы 4,3 есе (2004 жылы – 665 мың га, 2019 жылы – 2861,1 мың га – қа-  
раңыз: 1.5-кесте) өссе, жемдік астық егу аудандары тек 1,3 есе ғана ұлғайды.

Егер егін аудандары ұлғаюының абсолюттік мәндерін назарға алсақ, майлы дақылдар мен жемдік астықтың егін аудандарының ұлғаюы ең жоғары екенін көреміз (қараңыз: 1.5.2-кесте), дәнді дақылдар көрсеткіші әлдеқайда төмен болып табылады.

#### 1.5.1. Кесте

**Жалпы егін ауданындағы негізгі ауыл шаруашылық дақылдар (майлы, картоп, көкөністер, бақша дақылы, қант қызылшасы, жемдік астық) егілген аудандардың үлесі, динамикада, 2004-2019 жж., %.**


Жыл	Майлы дақылдар	Жемдік астық	Картоп	Ашық топырақ көкөністері	Бақша дақылдары	Қант қызылшасы
2004	3,7%	13,9%	0,9%	0,6%	0,2%	0,1%
2005	3,6%	12,9%	0,9%	0,6%	0,2%	0,1%
2006	4,1%	12,3%	0,8%	0,6%	0,2%	0,1%
2007	3,5%	12,3%	0,8%	0,5%	0,2%	0,1%
2008	4,5%	12,4%	0,8%	0,6%	0,3%	0,1%
2009	5,5%	11,8%	0,8%	0,5%	0,2%	0,0%
2010	8,2%	11,9%	0,8%	0,6%	0,3%	0,1%
2011	8,6%	11,8%	0,9%	0,6%	0,3%	0,1%
2012	8,7%	11,9%	0,9%	0,6%	0,4%	0,1%
2013	9,3%	13,5%	0,9%	0,6%	0,4%	0,0%
2014	10,8%	14,6%	0,9%	0,6%	0,4%	0,0%
2015	9,6%	16,6%	0,9%	0,7%	0,5%	0,0%
2016	9,5%	16,2%	0,9%	0,7%	0,4%	0,1%
2017	11,4%	15,5%	0,8%	0,7%	0,4%	0,1%
2018	12,9%	15,2%	0,9%	0,7%	0,4%	0,1%
2019	12,9%	14,8%		0,7%	0,5%	0,1%

ДЕРЕККӨЗ: УЛЕСТЕРДІ DAMU RG ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ ДЕРЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЕСЕПТЕГЕН: ДИ-  
НАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ Дақылдарының нақтыланған егін ауданы».



#### 1.4. Диаграмма

**Жалпы егін ауданындағы негізгі ауыл шаруашылық дақылдар (майлы, картоп, көкөністер, бақша дақылы, қант қызылшасы, жемдік астық) егілген аудандардың үлесі, динамикада, 2004-2019 жж., %.**



ДЕРЕККӨЗ: УЛЕСТЕРДІ DAMU RG ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ ДЕРЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЕСЕПТЕГЕН: ДИ-  
НАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ Дақылдарының нақтыланған егін ауданы».

#### 1.5.2. Кесте

**2004-2019 жж. кезеңінде егін ауданының өсуі<sup>20</sup>.**

Нақтыланған жалпы егін ауданы	Дәнді дақылдар (күрішті коса алғанда) және бұршақ дақылдары	Майлы дақылдар	Картоп	Ашық топырақ көкөністері	Бақша дақылдары	Қант қызылшасы	Жемдік астық дақылдары
22,7%	7,8%	330,2%	14,7%	42,9%	134,1%	-32,0%	30,3%

ДЕРЕККӨЗ: АУДАНДАРДЫҢ ӨСҮІН DAMU RG ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ ДЕРЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЕСЕПТЕГЕН: ДИ-  
НАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ Дақылдарының нақтыланған егін ауданы», ЕСЕПТЕУ ФОРМУЛАСЫ: ((СОҢҒЫ МӘНІ\*100%)/БАСТАПҚЫ МӘНІ) - 100%



Алайда, егін аудандарының үлғаюымен қатар, жердің бір гектарға келетін өнімділігін де назардан тыс қалдырмауымыз қажет. Мәліметтерді талдау нәтижесінде қарастырылған кезеңде (2004-2019 жж.) жалпы динамикалы оң нәтижелі болғанымен, дәнді дақылдардың астық өнімділігі тұрақты болмағанын

көреміз (қараңыз: 1.5-диаграмма). Егер 2004-2019 жж. кезеңіндеңі негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділік динамикасын жан-жақты талдайтын болсақ, дәнді дақылдар өнімділігінің өсуі (40%) басқа ауыл шаруашылық дақылдарға қарағанда ең төмен деп айтуға болады (қараңыз: 1.6-кесте).

#### 1.5. Диаграмма

**Дәнді дақылдардың (күрішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдардың, өндегеннен кейінгі салмағы бойынша өнімділігі, динамикада, 2004-2019 жж., бір гектардан алынған центнер өлшемінде.**



ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰЭМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР.  
НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ Дақылдарының өнімділігі.

#### 1.6. Кесте

**Негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі, динамикада, 2004-2019 жж., бір гектардан алынған центнер өлшемінде**

Жыл	Дәнді дақылдар (КҮРІШТІ ҚОСА АЛҒАНДА) ЖЕНЕ БҰРШАҚ Дақылдар, Өндегеннен кейінгі САЛМАҒЫ БОЙЫНША	Майлыш дақылдар дәндері	КАРТОП	АШЫҚ ТОПЫРАҚ КЕКӨНІСТЕРИ	БАҚША Дақылдары	ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ (ӨНДЕГЕННЕН КЕЙІНГІ САЛМАҒЫ БОЙЫНША)
2004	8,8	6,2	134,0	186,0	153,2	197,4
2005	10,0	7,0	150,0	196,0	159,3	209,2
2006	11,7	6,6	153,6	201,0	167,1	240,8
2007	13,3	7,2	155,8	211,0	171,7	248,9
2008	10,1	5,5	143,7	204,0	158,9	204,3
2009	12,6	6,5	160,0	218,7	161,1	182,9
2010	8,0	5,0	143,0	214,4	177,0	174,3
2011	16,9	6,7	167,2	222,9	186,1	188,2
2012	8,6	6,1	165,9	234,0	206,8	168,2
2013	11,6	8,0	181,5	238,7	212,4	267,7
2014	11,7	7,8	184,3	243,0	217,1	240,6
2015	12,7	8,1	185,5	245,8	221,0	232,5
2016	13,5	9,6	190,4	250,0	221,4	285,5
2017	13,4	9,7	194,2	253,7	224,2	274,4
2018	13,5	9,7	197,9	257,3	224,2	305,3
2019	12,3	9,3	203,4	260,5	234,6	324,5
ӨСҮІ <sup>16</sup>	40%	50%	52%	40%	53%	64%

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰЭМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР.  
НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ Дақылдарының өнімділігі.

<sup>16</sup> Өнімділіктің өсуін DAMU RG ҚР ҰЭМ Статистика комитеті деректерінің негізінде есептеген: Динамикалық кестелер. «Негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі», есептеу формуласы: ((соңы мәні\*100%)/бастапқы мәні) - 100%.



Мал шаруашылығы өнімдерінің, жеке алғанда еттің<sup>17</sup> өндірісі 2004-2018 жылдар бойы тұрақты түрде ұлғайып келді; өсудің мәні 61,9%<sup>18</sup> болды, ал осы кезеңдегі


сүт өндірісінің өсуі 24,8% құрады. Алайда, сүт өндірісі абсолюттік мәндерде (мың тонна) ет өндірісінен (мың тонна) әлдекайда асып түскенін айта кеткен жөн.

Ауыл шаруашылығы өнімін шығаруды бірнеше есе ұлғайту салаға жасалған инвестицияларсыз орын алуы мүмкін емес. Негізгі капиталға (ауыл, орман

және балық шаруашылықтары) салынатын инвестициялар 2004-2018 жж. кезеңінде тек ұлғайып қана отырды; олардың мөлшері 8,2 есе көбейді.

#### 1.6. Диаграмма

#### **Мал шаруашылығы жекелеген тұрлерінің өндірісі (сойылған мал салмағы және сүт), динамикада, 2004-2018 жж., мың тонна.**




ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҰРЛЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ».

<sup>17</sup> Сойылған мал етінің салмағы.

<sup>18</sup> Өнімнің өсуін DAMU RG ҚР ҰӘМ Статистика комитеті деректерінің негізінде есептеген: Динамикалық кестелер. «Мал шаруашылығы өнімінің жекелеген тұрлерінің өндірісі», есептеу формуласы: ((сонғы мәні\*100%)/бастапқы мәні) - 100%.

#### 1.7. Диаграмма

#### **Негізгі капиталға пайдалану бағыттары бойынша жасалған инвестициялар (ауыл, орман және балық шаруашылықтары), динамикада, 2004-2018 жж., млн. тг.**



ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР. «НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ПАЙДАЛАНУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР».

**А**лайда салаға жасалатын инвестициялар көлемімен өндірілген ауыл шаруашылық өнімі көлемінің арасында теңсіздік мәселесі бар (саланың экономикалық эффектісі).

1.7-диаграммада көрсетілгендей, ауыл шаруашылығына жасалатын инвестициялардың жылдық қарқыны ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы өсуінің жылдық қарқынынан<sup>19</sup> артық болатын түстар аз емес, мысалы 2008 ж., 2012 ж., 2016 ж. және 2017 ж.

#### 1.7. Кесте

**Ауыл шаруашылығы: негізгі капиталға жасалатын инвестиациялар (млн. тг), өнімнің жалпы шығарылымы (қолданыстағы бағалармен, млн. тг), динамикада, 2004-2018 жж.**

Жыл	Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға жасалатын инвестиациялар (ауыл, орман және балық шаруашылықтары), млн. теңге	Годовой темп роста инвестиций в основной капитал (ауыл, сельское, лесное, рыбное хоз.-во), %	Валовый выпуск продукции (услуг) сельского хозяйства, в действующих ценах, млн. тенге	Годовой темп роста валового выпуска продукции, %
2004	44 110	-	695 801	-
2005	49 030	11,2%	749 078	7,7%
2006	44 059	-10,1%	825 557	10,2%
2007	52 647	19,5%	1 089 384	32,0%
2008	73 587	39,8%	1 404 493	28,9%
2009	77 544	5,4%	1 641 352	16,9%
2010	83 586	7,8%	1 822 074	11,0%
2011	109 424	30,9%	2 720 453	49,3%
2012	133 945	22,4%	2 393 619	-12,0%
2013	139 627	4,2%	2 949 485	23,2%
2014	173 281	24,1%	3 143 678	6,6%
2015	163 907	-5,4%	3 307 010	5,2%
2016	253 691	54,8%	3 684 393	11,4%
2017	348 481	37,4%	4 070 917	10,5%
2018	365 001	4,7%	4 474 088	9,9%

ДЕРЕККӨЗ: ҚР ҰӘМ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІ. ДИНАМИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР, «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ (ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ) ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ» ЖӘНЕ «ПАЙДАЛАНУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ЖАСАЛАТАЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР»

<sup>19</sup> Жылдың өсу қарқынын DAMU RG ҚР ҰӘМ Статистика комитетінің деректерінің негізінде есептеген (деректер 5-кестеде көлтіріледі), есептеу формуласы:  $((\text{ағымдық мән} - \text{алдыңғы мән}) / \text{алдыңғы мән}) * 100$



#### 1.8. Диаграмма

**Ауыл шаруашылығына жасалатын инвестициялардың жылдық қарқыны және ауыл шаруашылығы өнімнің жалпы шығарылымының жылдық өсу қарқыны, динамикада, 2004-2018 жж., %.**



А

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ЖАЙЫНДА  
САРАПШЫЛАРДЫҢ  
ЖЕКЕ ПІКІРІ

2.





## СЕРГЕЙ МОГИЛЬНЫЙ

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ  
бұрынғы проректоры

### СОНҒЫ БЕС ЖЫЛДЫҚ ШІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУ- АШЫЛЫҒЫНДА ҚАНДАЙ ИРІ, МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРИСТЕР БО- ЛЫП ӘТТИ?

**A**лдымен, мен ет өндірісінің адамуын ерекшелеп көрсетер едім. Осы бастама төңірегінде көптеген пікірталастар бар, және болашақта көп әрекет жасау да қажет. Осы салада аумақты инвестициялар жасалды, және бұның нәтижесі бар екенін мойындауымыз қажет – жалпы өсірілетін мал саны артып келуде, әрі асыл түкимды мал саны да көбеюде, асыраудағы мал генетикасының сапасы жақсарып, сиыр етін, өсіресе экспорттау нарығы үшін, өндіру үлгайды. Жаңа фермалар мен фермерлер пайда болды. Сайып келгенде, заманауи ет өндірісі саласын құруға жақсы негіз қалыптасқан.

**E**кіншіден, ауыл шаруашылығындағы цифрландыруды атап кету қажет. Егіндер «цифрландырылып», ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануды мониторингілеу қашықтық әдістерге ауыстырылуда. Ауыл шаруашылығымен байланысты мемлекеттік қызметтердің бір бөлігі де электрондық форматқа ауыстырылды. Қожалықтардың біразында дәлдік жер өңдеудің әр түрлі элементтері қолданып келді, заманауи технологиялардың артықшылықтарын іс жүзінде пайдаланады. Мал шаруашылығында басқарудың автоматтандырылған жүйелері енгізілуде, түкимды есепке алуын ақпараттық жүйесі жасалды. Ең бастысы, агро-өнеркәсіптік кешенде цифрлық технологияларды қолдану саласында құзыреттілік өсіп қалыптасада, нарықта сәйкесінше профильдегі компаниялар пайда болуда. Үшіншіден, мен ауыл шаруашылығы өнімін экспорттауға жаңа нарықтың, атап айтқанда,

Қытай мен Иранның ашылуын ерекшелеп айттар едім. Қытай бойынша біздің әлеуетіміз әлі мол, және осы нарықты ашуға жасалатын қадамдарымыздың үлкен әрі ұзақ мерзімді әсері болмақ. Қытай нарығы аса үлкен әрі диверсификацияланған, мұндағы сұраныс біртекті болмайды, мұнда әр түрлі өнімді үлкен көлемде жеткізуге болады. Ұлғая беретін сұраныс, өз кезеңінде, Қазақстанда өндірістің әрі қарай ұлғаюын қолдан, ассортиментті кеңейтуге әсер етеді. Сату нарығында, бұрын басымдық бағыттар ретінде қарастырылмаған, жаңа тауар, қызмет түрлері пайда болуы мүмкін.

**C**ондай-ақ өсімдік шаруашылығындағы жалғасып жатқан әртараптандыруды да атап өту керек шығар, бұл саясат көп жылдан бері жалғасып келе жатқанымен, менің ойымша, әртараптандыру әлеуеті әлі де таусылған жоқ. Зығыр, рапс, дәнді-бұршақты және жемдік дақылдар сияқты бидайға балама дақылдардың өндірісі кеңейіп келуде. Өсімдік шаруашылығындағы әртараптандыру өте маңызды, өйткені бұл – фермерлер үшін жаңа мүмкіндіктер, экспорттауға жаңа өнім (қызмет), нарық (мысалы, Қытай), экономикалық және экологиялық тұрғыдан тұрақты егін айналымдары. Сонымен қатар, бұл фермерлер үшін жаңа құзыреттер болып табылады.

### СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША, ЖАҚЫН АРАДА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЗ- БЕКТІҢ ҚАЙ КЕЗЕҢІНДЕ АЙТАР- ЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРИСТЕР КУТУГЕ БОЛАДЫ?

Мен, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығындағы цифрландыруды тағы да атап өтер едім. Кең мағынада, бұл ауыл шаруашылық өндірісіндегі әр түрлі технологиялық кезеңдерді басқару шешім-

дерін қабылдау және сапасын жақсарту процестерін оңтайландыру құралы ретінде толықтырушы компьютерлік технологиялардың қосалқы жиынтығы болып табылады.

Бұл процесс шексіз деп те айтуда болады. Тіпті болмағанда, әлемде танымал және қолданылатын цифрлық агротехнологиялардың ауқымы өте кең. Мысалы, нақты егіншілік технологияларының теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да шекаралары жоқ, және олардың спектрі тек қолда бар ресурстарға және нақты жағдайларда экономикалық тиімділікке байланысты болып келеді.

**Ц**ифрландырудың тиімділігі маクロ- және микроэкономикалық тұрғыда да, технологиялық, әлеуметтік, экологиялық аспектілерде де көрінуі мүмкін.

Сіздің сұрағыңызға жауабымды қорытындылайтын болсам: цифрландыру ауыл шаруашылығындағы технологиялық тізбектің кез келген сатысындағы өзгерістерге, сондай-ақ жалпы технологиялық тізбекке, мысалы, егістікке дайындықтан бастап тауар бөлуге дейінгі өзгерістерге әсер ете алады.

Цифрландыруға өсімдік шаруашылығында да, мал шаруашылығында да селекцияның биотехнологиялық әдістерін қосар едім.

Мысалы, эмбриондарды түрлендіру арқылы асыл түкимды мал өсіру табынның құрамы мен саны бойынша жоспарларды нақты жоспарлауға және жүзеге асы-

руға мүмкіндік береді. Өсімдік шаруашылығында бұл Қазақ агротехникалық университетінде (КАТУ) қолданылып жүрген дақылдардың сұрыптары мен будандарын жедел құру технологиясы болуы мүмкін.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы биотехнологиясында белгілі бір құзыret қалыптасқан, және осы бағытты қолдайтын болсақ, онда оның әсерін әлдекайда тез арада (ауыл шаруашылығы стандарттары бойынша) – бес жылдан кейін сезінуге болады.

Жаңа нарықтардың ашылуы, ел ішінде және экспорт кезінде бәсекелестіктің күшеюі биотехнологияның ауыл шаруашылығы саласына енуін және осы мәселелерде жергілікті құзыреттіліктің одан әрі дамуын жеделдететіні сөзсіз.

### **ЦИФРЛАНДЫРУ ПРОЦЕСІ - НЕ ОТАНДЫҚ АУЫЛШАРУ- АШЫЛЫҚ САЛАСЫНДА ЖАП- ПАЙ ҚОЛДАНЫЛУЫ УШІН ҚАҢША УАҚЫТ КЕТЕДІ?**

Мен айтып өткендей, цифрандырудың қатаң шеңбері жоқ. Мұнда технологияларды ауқымды игеруге жұмысалатын уақыт салынған қаржы қаражатының көлеміне көрі пропорционал болып келеді.

**Егер біз әр егінге электрондық топырақ картасын жасау туралы айтатын болсақ, бұған айтарлықтай қаражат бөлінгенде, оны екі-үш жылда жасауға болады.**

Фермерлердің өздері ресурстар тапқанша күтетін болсақ, онда процесс бірнеше онжылдыққа

созылады. Қолданыстағы ауыл шаруашылық машиналары бір уақытта тиісті жабдықтармен жақартылатын болса, дәлдік егу технологияларын салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде жасауға болады.

Мысалы, GPS пакеттерін ре-сейлік немесе беларуссиялық құрылғыларға орнатуға болады, қолданыстағы егу құрылғыларын жақартуға болады. Ал фермерлер бай болып, зауыттан заманауи технологиялармен жабдықталып шығатын John Deer деңгейіндегі техниканы өздері сатып ала бастауын күтсек, онда бұл да көптеген жылдарға созылатыны белгілі.

Қорыта келсек: бәрі ресурстарға байланысты, егер бұл фермерлердің ресурстары болса, онда көп уақыт қажет болады; егер нақты мемлекеттік бағдарлама болса (қайтару негізінде немесе бірлесіп қаржыландыру ретінде), онда аз уақыт қажет болады. Биотехнологияда да тұра осылай.

Бірақ, ресурстарды инвестициялауды бастамас бұрын, цифрандырудан да, биотехнологиядан да не күтетінімізді түсініп алу керек еkenін атап өткім келеді.

Мысалы, арамшөптерді тамырын қалдырмай жұлып тастап, егінде жүретін роботты қазір-ақ сатып алуға болатын шығар. Алайда, бұл біздің жағдайымызда тиімді инвестиция болуы екіталаі. Міндеттерді нақты, егжей-тегжейлі белгілеу керек, оларды орындау бойынша сапалы, кешенді стратегия қажет, біз қандай нәтижеге үмтүлатынымыздың нақты индикаторлары қажет.

Мысалы, біз Қазақстанды майлы дақылдардың табысты өндірушісі ретінде көреміз дейтін стратегия, қандай нақты майлы

дақылдарды және қандай нарықтар үшін біз өндіруге ниет білдіретінімізді көрсететін стратегия қажет. Осыған сүйене отырып, бизнестің осы бағытқа өтуі және мақсатты нарықта сәтті бәсекеге түсуі үшін өндіріс экономикасы қандай болуы керек екендігі айқын болады.

Келесі қадам – егіс алқаптары бөлігінде, біз иелене алатын нарық үлесі бөлігінде және т.б. стратегия параметрлерін айқындау. Содан кейін ғана, өзара байланысты индикаторлар жүйесі арқылы кадрлар даярлау мен ғылыми зерттеулерден бастап, субсидиялармен және сабактас салаларды дамытуға дейін, кешенді саясат құру қажет.

Өкінішке орай, бізде мұндай сападағы стратегия жоқ. Қазақстанда мұндай жұмысқа көңіл бөлінбейді, және, менің ойымша, дұрыс болып көрінетін көптеген бастамалардың тиімсіздігінің себебі де осында. Біз әрқашан нәтижені «дәл қазір» алуға тырысамыз, бұл дұрыс емес, әсіресе ауыл шаруашылығында мұндай жағдай болмайды. Егер біз цифрандыруды стратегиясыз дамыта бастасақ, онда бұл ісіміз ақшаны жерге «көмүмен» бірдей болмақ. Бірақ, мысалы, егер біздің саясатымыздың мақсаты топырақ құнарлылығын молайту болып табылады дейтін болсақ, онда біздің бұдан былайғы қадамдарымыз айқын болады, сонда біз тыңайтыштарды саралап енгізуге және топырақ карталарын жасауға қаражат салуға тиіспіз, мемлекет пен жеке кәсіпкерлердің инвестициялық саясаты да тиісінше құрылуы тиіс.

### **СІЗ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, БІЗДЕ КАДРЛАРМЕН ЖАҒДАЙ ҚАН- ДАЙ САЛАЛАРДА ЖАҚСЫ, АЛ ҚАЙДА НАШАР?**

**Ауыл шаруашылығына жал-  
пы қараса, бұл салада негізгі**

### **МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ТЕРТ САНАТЫ БАР, ОЛАР:**

- ▶ агрономдар,
- ▶ зоотехниктер,
- ▶ инженерлер,
- ▶ ауыл шаруашылық шикізатын өндіреу саласындағы мамандар.

Шын мәнінде, агрономның міндеті – тұқым мен топырақты егістікке алдын ала дайындаудан бастап, егінді жинап өндеуге дейінгі бүкіл процесті барынша тиімді жүзеге асыру.

Зоотехниктің миссиясы – мал басының өсімін және өнім (ет, сұт, жұн және т.б.) өндірісін барынша тиімді ету.

Инженердің міндеті – тиісті технологиялық құралдарды оңтайлы пайдалану арқылы агроном мен малшының жұмысын мүмкіндігінше женілдетеу.

**Бұл мамандықтар әрдайым болған және олар әрқашан болады, өйткені бұлар агроенеркесілтік кешендегі өндірістік процестің негізі болып табылады.**

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өндеу саласындағы мамандардың міндеті – қосымша құнды үлғайту, қажетті қасиеттері бар өнімді сапалы және тиімді өндіру.

Өкінішке орай, бұл мамандықтарда саны жағынан да, сапасы жағынан да әрдайым мамандар жетіспейді, бұл менің ойымша, ең басты мәселе.

### **Ауыл шаруашылығымен байланысты болып келетін мамандықтардың тағы бір қатары бар –**

- ▶ ветеринария,
- ▶ өсімдіктерді қорғау,
- ▶ экономика,
- ▶ салынымдар,
- ▶ логистика,
- ▶ қуатты үнемдеу,
- ▶ цифrlандыру,
- және т.б.

Бұл жерде де, әсіресе сапа жағынан, мамандардың жетіспешілігі бар. Бұл мамандықтар ешқайда жоғалмайды, дегенмен әр санаттағы мамандардың жұмыс мазмұны үнемі өзгеріп отыр және әрі қарай да өзгеріп отырады. Мәселенің қыындығы да осында.

**Технологиялар жетілдірілуде, нарықтың конъюнктурасы өзгеруде, сондықтан жаңа құзыреттерге сұраныс пайда болады.**

Яғни, мен жоғарыда айтқан мамандардың дайындық сапасына қатысты кемшілігі деген осы. Мысалы, ҚазАТУ-де біз агрономдарға географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЖ) үйрете бастадық, ейткені бүгінде олар жоқ дегендеге егістіктердің электрондық карталарын оқи білуі керек – бұл дағдылар агрономдарға «дәлдік егіншілік» технологияларын қолдану үшін қажет. Мал шаруашылығында біз студенттерге биология және жануарларды өсірудің биотехнологиялық әдістері саласындағы базалық білім мен дағдыларды:

эмбриондарды шайып алу, сақтау, ауыстырып отырғызу, жерсінуді бағалау және т.б. тереңірек үретуіміз керек.

Егер біздің осы салада әлі пайда болмаған мамандықтар туралы айтатын болсақ, онда «Ауылдық әлеуметтану» мамандығын атап көрсетуге болады. Мәселен, АҚШ-та осы мамандықты оқып шықкан түлектер – салада аса қажет, жалақылары жоғары мамандар болып табылады, олар барлық деңгейде аграрлық саясатты әзірлеп, көзделген жерді тұрғындары үшін ең жақсы орынға айналдырады. Тұрғындар өз істерімен айналысып дами берулері үшін бар жағдайды жасауға үмтүлады.

АҚШ тәжірибесінен мен, сонымен қатар, «Ауыл шаруашылық білім» мамандығын өзімізге алар едім, бұл мамандықтың шегінде мектепте ауыл шаруашылығы пәнін оқытатын мұғалімдердің және ауыл шаруашылығы бойынша консультант мамандарды оқытып даярлайды. Ауылдық мектептердің жоғары сыйныштарында ауыл шаруашылығының негіздерін оқытатын болсақ, бұл ісіміз дарынды жастарды туған жерлерінде алып қалуға ықпал етеді деп санаймын.

### **ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА ЕҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕНИ ШЕШІП АЛУ ҚАЖЕТ?**

Біздің университет АҚШ-та, Девис қаласында Калифорния университетімен бірігіп жұмыс жасаған едік. Сол университеттің белгілі бір профессоры Қазақстанның ауыл шаруашылығы министрімен өткізілген бір кездесуде біздің (қазақстандықтардың) ауыл шаруашылығын дамытуды дұрыс бастамағанымызды ерекшелеп айтқан болатын. Біз малға, тыңайтыштарға, техникаға, т.б. қаражат салудамыз, ал ауыл шаруашылығы

дегеніміз – бұл, ең алдымен, адамдар. Қаражатты адамдарға салсақ, өмір сүру үшін жайлы орта қалыптастырсақ, оқуларына қаражат салсақ – осыдан артық ештеңенің де қажеті жоқ, ауыл шаруашылығы өздігінен дами бастайды. Адамның қолайлы тұрмысы болса, ол инновацияларды іздей бастайды, өнімділікті қалай арттырсаң екен, өндірісті қалай жетілдірсем екен деп ойланады. Міне, АҚШ-та барлығы осылайша құрылған, ал біз арбаны оны сүйреттін аттың алдынан қойып әлектенеміз.

**Сондықтан, ең алдымен, мен ауылдағы тұрмыс салтын жақсарту үшін, ауылдарымызды өмір сүруге және бизнесті дамытуға қолайлы жерге айналдыру үшін барымды салар едім.**

Ең бірінші кезекте, мен ауылдар мен жақын қалалар арасына сапалы жол салғызар едім. Бұл әрбір ауыл үшін базарда сауда жасауға мүмкіндік туғызады. АҚШ-та тіпті кез келген фермаға жақсы жол салынған, ауыл шаруашылығы оларда осылайша дамыған. Одан кейін мен ауылдардағы базалық инфрақұрылымды қамсыздандыратын едім, бұл – сумен қамтамасыз ету, көріз жүйесі, жылдыту жүйесі, үздіксіз электр қуаты, асфальтталған тротуарлар және жарықтандырылған көшелер. Осыларды жүзеге асырсақ, ауылға дәрігерлер, мұғалімдер, басқа да кәсіп иелері тұрақтай бастайды, сөйтіп әлеуметтік инфрақұрылым дами түседі. Эрине, бұл іс қымбатқа түсері анық, және оны орындау ұзақ уақытты алуы да мүмкін, бірақ бұл аса қажет іс!

Қазір – XXI ғасыр, ал біздің ауылдарамыздың көпшілігі әлі де өткен ғасырда, тіпті одан да бүрінші дәуірде өмір сүріп жатқандай қалыпта. Тіпті болмағанда, инвестициялық жобаларды іске асыру қолға алынған, немесе жоспар-

ланған ауылдарды жөнге келтірсек. Әйтпесе, ешбір субсидия және тағы да қандай да бір күш салулар ауыл шаруашылығын дамытуда еш нәтижеге қол жеткізбейді.

### **Қазақстанда танымал болып табылатын шаруашылықтарға қарайықшы:**

- ▶ «Родина» АФ ЖШС,
- ▶ «Агро 2050 АК» ЖШС,
- ▶ «Иван Зенченко» ЖШС

– бұлар инфрақұрылымы жақсы дамыған жетік шаруашылықтар. «Родина» шаруашылығындағы инфрақұрылым қаланікінен кем түспейді. Осы мысалдардан ауылдағы өмір сапасы мен («жақсы ауыл») өндіріс нәтижелерінің («жақсы шаруашылық») өзара байланысын айқын көруге болады.

Бірнеше жыл бұрын біз бір зерттеу жүргізген едік, соның нәтижесінде жастарға ауыл шаруашылығында жұмыс істеулері үшін аса көп нәрсенің қажеті жоқ екенін білдік. Респонденттердің 37%-на жуығы азын-аулақ жеке шаруашылығы болса, қалаға дейін жақсы жол болса, қалыпты коммуналдық жағдай жасалса («қыстығұні түнімен пешке үш-төрт мәрте көмір салып журмесем»), дәрігер, мектеп болса, 120 мың теңге шамасында еңбекақы жеткілікті болатынын айтты.

### **Екінші мәселе – ауылдық жердеғі мемлекеттік басқару.**

Қазақстанда ауыл әкімдерін дайындастырып арнайы орын жоқ, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» деген мамандық бар (мен өзім де осы мамандық бойынша оқу тәмамдағанмын), бірақ бұл оқу бағдарламасында мазмұны ауылда әкім болып жұмыс істеу үшін жеткілікті білім мен дағдыны үйретпейді. Адам ауылға келді – мұнда барлығы басқаша, универ-

ситеттің дәрісханасына мүлдем ұқсамайды. Айталық ауылда 200 адам ғана тұрады, сен олардың күнде көріп тұрасын, олардың мәселелерін сенен басқа ешкім де шешіп бермейді. Су жоқ болса, адамдар әкімге барады, тағы да қандай да бір мәселе туындаса, адамдар әкімге барады. Яғни, ауыл әкімі – ауыл тұрғындары үшін бұл төтенше жағдайлар министрлігі, ішкі істер министрлігі, денсаулық сақтау

**Бейнелеп айтатын болсақ, ауыл әкімі - бір өзі әрі ТЖМ, әрі ІІМ, әрі денсаулық сақтау мен білім беру ісінің жауаптысы.**

бөлімі, әрі білім беру бөлімі.

Сондықтан ауыл әкімі тиісті коммуникация дағдыларына ие болуы керек, әр түрлі бағыттардағы білімнен хабардар болуы керек (жер құрылышы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтан бастап әлеуметтік қамсыздандыру, құқық, тәртібін ұйымдастыруға дейін, және тағы басқа). Ал «мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығы бойынша оқып жатқан студенттерді осыған үйрете ме еken? Бізде ауыл әкімдерін даярлау бойынша арнайы магистерлік оқу бағдарламасын әзірлеу оймыз болған.

Бірнеше жыл бұрын біз ауыл әкімдері үшін ауыл шаруашылық кооперация мәселелері туралы шағын тренинг өткіздік. Қатысқандар – көбіне 45-55 жас аралығындағы адамдар, олар окуға өте ынталы болды. Бұлар практиктер, оларға нақты сұрақтарға нақты жауаптар қажет, ең маңыздысы – олар өздерінің не қалайтындарын біледі. Міне, осындағы мамандар үшін магистерлік оқу бағдарламасын (қашықтықтан оқыту сипатында

да болса), немесе элективтік курстар әзірлеп жасайтын болсақ, бұл жақсы нәтиже берер еді деген ойдамын. Мәселен, жоғары оқу орындарында ауыл шаруашылық мамандықтарда (агрономдар, мал өсірушілер, тіпті экономистер) субсидиялау қағидалары оқытылмайды. Жоғары оқу орнын тәмамдаған маман субсидия деген нәрсе бар екенін біледі, бірақ ол қалай бөлінетінін және қалай қолданатынын білмейді. Немесе басқа бір мысал. Мен қызметтік және әкімшілік құқықты оқыдым, бірақ іс жүзінде, жұмыс бабында, нормативтік-құқықтық базаға жеткенде, мен тіпті мұндағы құжаттар болуы мүмкін екенін білмеппін де. Онда бюджеттік дисциплинадан бастап істер номенклатуrasesына дейін жүзделген ережелер болады екен, жаңағы істер номенклатуrasesы да мүлдем өзгеше болады екен.

### **СІЗ ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚАЙДА ЖАСАЙТАЫН ЕДІҢІЗ?**

Ең бірінші кезекте, мен ауылдық инфрақұрылымға инвестиция құтын едім. Жоғарыда айтты өткенімдей, тұрмыс жақсарса, ауылға жақсы мамандар тартылады, олар шұғылданатын істе дербес түрде ізденетін болады, сөйтіп ауылды дамытады. Екінші кезекте, мен ауыл шаруашылығы кадрларын даярлау жұмысына инвестиция жасайтын едім – колледждер, университеттер, және білімді тарату жүйесі. Мүмкін, жекелеген салаларға тұра субсидиялар түрінде қажарат салымын азайтып, несиелік ресурстарды арзандатуға көбірек жұмыс жасайтын едім. Себебі, фермерлердің нарықтық тұрғыдан ынталандырылатын шешімдерін тікелей қаражат салымдарымен ауыстырудың нәтижесі шамалы болады. Ал ауылда қалыпты тұрмыс құрып, жұмыс істеуге жағдай жасалса, адамдарды дұрыс шешім қабылдап, шаруашылықты жүргізуге



## **УРАЗАЛИНОВ ӘНУАРБЕК ҚИНАЯТҰЛЫ**

«Таск холдинг» ЖШС  
атқарушы директоры

Саланың бүгінгі күндеңі жағдайы туралы айтатын болсақ, ауыл шаруашылығы өнімін сатуда қыншылықтар бар деуге болады. Меніңше, саланың қазіргі деңгейін орташа деп сипаттауға болады. Әрине, мақсатқа бағдар ала жұмыс істеп жүріп, агробизнесте нәтижеге қол жеткізгендер бар. Субсидиялау мәселесінде де қыншылықтар орын алада, қажетті жағдайда тиісті қаржыландау бола бермейді. Техникаға байланысты қыншылықтар да бар, оның бағасы өте қымбат, несие алу аса тиімсіз. Мәселен, біздің кәсіпорынды қарайтын болсақ, соңғы 5-10 жылдың ішінде біз белсенді жұмыс істеп, дамыдық, ғылыми әдістерді енгізу арқылы және қаржыландауды ұлғайту арқылы егініміздің көлемін ұлғайтық. Алайда, нарықта банкрот болуға аз қалған фирмалар бар, әсіресе көкөністер шаруашылығында, картоп өсіру шаруашылығында. Олардың жағдайы өте күрделі, себебі бұл фирмалар өз өнімін сатып өткізе алмайды.

**К**азақстанда бүгінгі таңда қойдағыдай сипаттағы кәсіптік-техникалық оқыту жүйесі жоқ деуге болады.

**Салада әр түрлі профильдегі мамандар аса қажет:**

- ▶ механизаторлар,
- ▶ агрономдар,
- ▶ зоотехниктер,
- ▶ ветеринарлар.

Дәл қазір аграрлық мамандыққа оқып жүрген жігіттер мен қызардың көбісі агросекторда жұмыс істегілері келмейді.



Кадрлардың тұрақсыздығын да байқап жүрміз, көптеген жақсы мамандар шетелге кетіп жатыр. Біз оларға сай келетін орын басуши мамандарды даярлап үлгермей жатамыз. Тіпті, техникамен жұмыс істейтін маман жоқ болғандықтан, құрылғылар текке тұратын жағдайлар да жиі ұшырасып тұрады.

Бізде құрал-жабдық өте қымбат, бағалары 250-300 мың euroға дейін шарықтап кетеді, мұндай қымбат техникаға кез келген адамды отырғыза салмайсын, жоғары дайындық деңгейіндегі кәсіпқой маман қажет.

Біз өзіміз үйретуге тырысамыз: тәжірибелі механикке, көріп-біліп үйренсін деп, жас жігітерді бекітіп қоямыз. Сонымен қатар егін егу, егінді жинау, культивациялық жұмыстар кезіндерінде еңбекақысын көтеріп, жақсы мамандарды ынталандырып отырамыз.

Кадрлар жетіспеушілігі мал шаруашылығында қатты білінеді: сауыншылар, малшылар, шопандар жетіспейді. Эрине, қазір көптеген жұмыстарда адамды технологиялар ауыстырған. Бірақ біз сауыншыларды да, малшыларды да жалдаймыз, олар қажет.

Саладағы кәсіпқойлық мәселе-сін жоғарылатып, өзгерту үшін, ең алдымен, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жасау керек, дұрысырақ айтсақ, қалпына келтіру керек. Мүмкін, дәл Кеңестер кезіндегідей емес, алайда бұл аса қажетті шара болып табылады! Мамандарды даярлау орталықтары әрбір ірі қалада және облыстық маңыздағы қалаларда болуы керек. Жас мамандарға ауылда 100 мың алып отырғанша, қалада тұрып 60 мың алып жүрген онай, өйткені ауылда жағдай

жасалмаған, пеш жағу керек, көптеген ауылда бала бақша жоқ, қарапайым тұрмыстық қажеттіліктегерге жағдай жасалмаған, әлеуемтік-мәдени тұрмыс та әлсіз болып келеді.

Біздің кәсіпорында жаңа технологияларды енгізу бойынша айтарлықтай қыыншылық жоқ. Егер технология қаражатты және адами ресурсты үнемдейтін болса, оны, сөзсіз, енгіземіз, мамандарымызды оқытамыз.

Меніңше, болашақта біз жер жыруда, егінді жинауда JPS-бақылауды енгіземіз, мүмкін, тіпті, жұмыстың механизатордың қатысуының жүргізілетіндегі етеміз. Бұғынгі таңда егістіктерді сканерлеп, оның электрондық карталарын жасайтын, арнағы бағдарламалық жасақтамасымен адамның қатысуының, автономды тұрде жұмыс істейтін технологиялар бар.

Жоғары технологиялық құрал-жабдық сүт өндірісіне, жемдік астық өндірісіне, бордақылау кешендерінде енгізілетін болады, өйткені жаңа технологиялар қаражатты және адами ресурсты үнемдеуге мүмкіндік жасайды. Мұндай технологиялар енгізілуінің жалпы сала үшін позитивтік эффектісі болары анық, дегенмен, бұл жаңашылдықтардың барлығы өте қымбат, ал бұлардың отандық аналогтары бізде жоқ, көбінесе бұл – европалық өндірушілердің өнімдері болып табылады.

Трендтер жайында сөз етсек, дүние жүзі халық санының ұлғайып келе жатқанын білеміз, ресурстар болса күндердің күнінде жұқарады, сол себепті ауыл шаруашылық дақылдар барлық кезеңде сұраныста

болады, тамақтану қажеттілігі әрқашан да бола береді. Сонымен қатар, қазір «аз мөлшерде, бірақ сапалы тұтыну, ГМА қоспалары қосылмаған, табиғи өнімді тұтыну және т.б.» сияқты тренд кеңінен таралған.

**А**уыл шаруашылық бизнесін жүргізуі қызметтің тәуекелге толы түрі деп атауға болады, мұнда кәсіпорынның табысына әсер етуші факторлар өте көп (мысалы, ауа райы, бәсекелестік), сондықтан агробизнеске ауқымды қаражат салудан сескенбейтін азаматтар көп емес.

**Аграрилерге үнемі ілесіп жүретін бір қатар спецификалық қыыншылықтар бар, олар:**

- ▶ климаттық жағдайлар,
- ▶ өсімдіктер және мал аурулары.

Ал қазір тәуекелдер одан сайын ұлғайып кетті. Біз егістіктерді суғару арқылы климаттық контактлизмдердің ықпалын азайтуға тырысамыз, бірақ жаһандық жылыну бәрібір өз әсерін білдіруде.

Өсімдіктердің және малдық аурулары әрқашан болған және қала беруде, бірақ дәл қазіргі кезде елдер арасындағы миграциялаудан аурулар мен зиянкес жәндіктер тіpten өршіп кетті, енді бұл мәселелер бізге сырттан да келіп төніп жатыр. Эрине, біз бұларға қарсы құресудеміз, өсімдіктерді қорғайтын құралдарды, инсектицидтерді енгізу деміз, бірақ мәселенің сипаты өзгеріске ұшырады, бұл бұғынгі күннің шындығы.



## КОЖЕВНИКОВ ВЛАДИМИР НИКОЛАЕВИЧ

«Қазақстанның сүт одағы» ЗТБ атқарушы директоры.

**K**азақстанда қазіргі таңдағы сүт өнімдерін өндеу ісінің да-муын айтарлықтай жақсы деңгейде деп айтуға болады, әсіресе «Food Master», «Эмиль», «Нәтиже» тәрізді ірі зауыттарымыз жақсы дамыған. Бұл компаниялар ең заманауи технологиялар бойынша, ең заманауи жабдықтарда жұмыс істейді. Эрине, бұл жабдықтардың барлығы өзірге импортталған, негізінен американдық, израильдік, швейцариялық өндірушілердің өнімдері болып табылады. Қазақстанда да, Ресейде де сүт өнімдерін өндеуге арналған мұндай жабдық өзірге жасалмайды.

Біздің сүт өндеуіміздің даму деңгейін бағалау үшін Қазақстандағы кез келген дүкенге кіріп, тиісті тауар түрлерін қарап шығу жеткілікті, біздің өнімдеріміз импорттық өнімдерден буып-тую, қаптау жағынан кем түспейді. Рецепттер мен технологиялар классикалық, стандартты болып табылады, бірақ әрбір өндірушінің өзіндік өзірлемелері болады. Стандарттар да әр түрлі болады: мемлекеттік, европалық стандарттар және үйымның өзі стандарттары бар.

**БІЗДІҢ САЛАДАҒЫ НЕГІЗ-  
ГІ ПРОБЛЕМА САПАЛЫ СҮТ  
ШИКІЗАТЫНЫң ЖЕТКІЛІКСІЗ  
МӨЛШЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.  
БҰЛ МӘСЕЛЕ ӘБДЕН «ТОЗҒАН»,  
ОНЫ БӘРІ БІЛЕДІ. БІЗДЕ ТА-  
БЫННЫң ҚҰРЫЛЫМЫ СҮТТИң  
70%-ДАН АСТАМЫ ҚОСАЛҚЫ  
ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫң ӨН-  
ДІРУШІЛЕРИНЕ ТИЕСІЛІ БОЛА-  
ТЫНДАЙ ЕТІП ЖАСАЛҒАН.**

25 жыл бұрын негізгі өнімнің барлығы сүт фермаларында өндірілген, онда бәрі реттеліп отырған, шикізаттың сапасы жақсы бақыланған, ал қазір біз табиғи (натуралдық) шаруашылыққа

(кері бағытта) кетіп қалдық деп те айтуға болады. Сиыр қай жерде болса да, әрқашан жақсы сүт береді, бірақ сол сүтті сақтау және тасымалдау жүйесі – бұл басқа мәселе. Әрбір шағын өндірушіден жиналған сүт, ақыр соңында, сапасын жоғалтады. Себебі әркім (сүт әкелуші) өз шелегімен келеді - ол шелек жуылған ба, жуылмаған ба, біз білмейміз, сүт сүзілген бе, сүзілмеген бе - бұны да біз білмейміз. Міне, сол себепті сүтті жинау және тасымалдау кезінде сапа жоғалады. Зауыттарда, мұндай сүтті сапаны анықтайдын белгілі бір стандарттарға жеткізу үшін, көп жұмыс істей керек. Сөзсіз, мұндай сүт арзан бағаға сатып алынады. Бірақ өндеуден өткізілген сүт қымбаттайды, себебі оны сепараторлар арқылы күрделі тазартудан өткізеді, 95-97 градус температурасында терен әрі қатаң пастеризациялау әдістерінің қолданылуымен өндейді. Бұл істің барлығы өнімнің қауіпсіздігі бойынша кепілденген көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жасалады. Эрине, бұл мәселе жайлы көбісі біледі, және оны сәтті шешу үшін қазірдің өзінде әр түрлі бағдарламалар енгізіліп жатыр.

Бұгінгі таңда біз шикізатты өндеу жөніндегі мамандарды да-ярлауды жоғалтып алдық. Қазір бізде Семей қаласындағы сүтті қайта өндеу жөніндегі мамандар оқытылатын Шәкірім атындағы университет және Алматы Технологиялық университеті қалды.

**СӘЛ ЕРТЕРЕКТЕ БІЗДЕ АР-  
НАЙЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ  
ӨТЕ ЖАҚСЫ БАЗАСЫ БОЛҒАН  
ЕДІ: ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫН-  
ДА, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙ-  
МАҒЫНДА, ШЕМОНАИХАДА  
ЖАҚСЫ ТЕХНИКУМДАР ЖҰ-  
МЫС ЖАСАҒАН БОЛАТЫН.**



## **ӘКІНІШКЕ ОРАЙ, ҚАЗАҚСТАН-ДА ДАЯРЛАНАТЫН МАМАНДЫҚТАР АЗ.**

Әрине, Омбыға оқуға баратын адамдар бар, бірақ бұл, көбіне, сүт өндірісі технологтарына қатысты болып келеді.

**К**азір бізде инженерлік-техникалық жұмыскерлердің үлкен дефициті орын алада, бұл, алдымен, электронщиктер, өйткені қазіргі құрал-жабдықтар, әсіресе импортталған құрал-жабдық өте күрделі болып келеді, сондықтан жақсы электронщиктер, АТ мамандары, слесарь-жөндеушілер, слесарь-электриктер, технологиилар және т.с.с. аса қажет.

Біз «Восток Молоко» кәсіпорнын мысалға келтіре аламыз. Бұл кәсіпорын оқу орындарымен көлісімшарт жасасқан, шарт бойынша кәсіпорын өзінің жас мамандарын оқуға жібереді, окуы үшін төлейді. Жас мамандар оқып болған соң, кәсіпорында тәжірибеден өткізіледі. Мұнданай практиканы тек ірі кәсіпорындар іске асыра алады, оның өзінде бәрі емес, себебі окудың төлемін жасау, тәжірибеден өткізу – осының бәрі өте қымбат.

**СОНДЫҚТАН, АЛДЫМЕН БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ, СОДАН КЕЙІН БІЛІКТІЛІКТІ ҚОСЫМША КУРСТАРДА АРТТЫРЫП ОТЫРҒАН ЖӨН ДЕП САНАЙМЫН.**

Мысалы, біздің үйим жыл сайын санитариялық бақылау курстарын өткізеді, тағы сол сияқты.

Бізде базалық мамандықтар бойынша даярлау ісі өте әлсіз. Көптеген кәсіпорындарда қазір жұмыстың заманауи әдістері енгізілген. Мысалы, Collect Mobile20 – көлікті бақылау, жайылымдарды бақылау жүйесі, қайта өңдеу зауыттарымен бұл тікелей байланысты болмасада, біз коммуналдық, фермерлік шаруашылықтармен жұмыс жасаймыз, олардың өз жұмыстарына осында жүйелерді енгізіп, малдың жайылуын, жайылымдардың жағдайын, малдың рационын бақылағандарын қалаймыз. Сонымен қатар роботтандырылған фермалар да бар, онда бар-жоғы төрт-бес оператор 400-ден астам ірі қара мал басын жайғайды, мұнда барлық жұмыстар толығымен автоматтандырылған болады.

Бізге Белоруссиядан әріптеріміз келген, біз Хорватияға барып көрдік. Сізге айтарым, біздің өніміміз және өндірісіміз ешбір тұстан кем түспейді, тіпті ара-тұра артық болып табылады.

**«АҚТЫҢ» ӨНІМІ БОЙЫНША - БҰЛ СҮТ, ҚАЙМАҚ - АЗЫҚ-ТҰЛІКТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІН БІЗ ШЕШЕ АЛАМЫЗ, АЛ ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ БОЙЫНША БІЗ СӘЛ АРТТА ҚАЛЫП ҚОЙДЫҚ, БҰНЫң СЕБЕБІ, ЖОҒАРЫДА АЙТҚАНЫМДАЙ, ШИКІЗАТТЫҢ САПАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛЫП КЕЛЕДІ. БІЗ ІРІМШІК, МАЙ, ҚҰРҒАҚ СҮТ ӨНІМДЕРІ БОЙЫНША ИМПОРТТЫҚ ТӘУЕЛДІ БОЛЫП КЕЛЕМІЗ. МІНЕ, БҰЛ БІЗДІҢ 20 ЖЫЛДАҒЫ ЖОҒАЛТҚАНЫМЫЗ, ҚАЗІР СОНЫң БАРЛЫҒЫН ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТИРУ ҚАЖЕТ.**

<sup>20</sup> Дереккөз: «Қазақстанның сүт өнеркәсібі үшін қарапайым АТ шешім». <http://www.fao.org/>

**Б**іздің одаққа картоп өндірумен, көкөністерді өндірумен айналысатын өндірушілер кіреді. Біздің шаруашылықтар, көбіне, Қазақстанның солтүстігінде орналасады, олар ірі ауыл шаруашылық өндірушілері болып табылады. Осы саланың Қазақстандағы қазіргі дамуының деңгейі кенже қалған.

**Әлемдік нарық бар, әрі жергілікті нарық бар.**

**Жергілікті нарық** – бұл бұрынғы Кеңес Одағы елдері мен төменде аталаған шығыстық елдер:

- ▶ Иран,
- ▶ Пәкістан,
- ▶ Ауғанстан,
- ▶ Үндістан,
- ▶ Қытай.



## **БИСЕТАЕВ ҚАЙРАТ СЕРИҚБАЙҰЛЫ**

«Қазақстанның картоп өндірушілері және көкөніс өндірушілер одағы» ЗТЖКБ (занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер бірлестігі) төрағасы.

Әкінішке орай, осы жергілікті нарықта біз бұрын алғып жүрген жоғары позицияларымызды жоғалтудамыз. 2000 жылдары кеңестен кейінгі кеңістікте, рессейлік, белоруссиялық, украиндік ауыл шаруашылықтарына қарағанда біздің жағдаймыз әлдеқайда жақсы болған еді.

Біздегі қыншылықтардың барлығы субъективтік мәселелерден орын алада, өйткені объективтік мәселелер басқа да елдерге ықпал етеді. Ауыл шаруашылығы саласына қатысты мемлекеттің саясаты өз мақсаттарына жетпейді, Қазақстанның қаржылық жүйесі банктердің перманенттік ауыр жағдайға әкеп тіреді, олар экономиканы жалпы түрде де, ауыл шаруашылығын жеке алғанда да сапалы түрде қаржыландыра алмайды.

2000-жылдары Қазақстанның банк жүйесі кеңестікten кейінгі кеңістікте ең үздік жүйелерінің бірі болды, банктер аса белсенді жұмыс істеді.



Бұл уақытта ауыл шаруашылығы белсенді түрде инвестицияланған перспективалы бағыттардың бірі болды. Бірақ содан кейін, 2008-2012 жылдардағы дағдарыстардан кейін банктердің жағдайы нашарлады, сондықтан олар тәуекелдері аз және қаражат айналымы жылдам болатын салаларды қаржыландыруға мәжбүр болды.

Ауыл шаруашылығына маусымдық ерекшеліктер тән болып келеді, тәуекелдер өте жоғары, ал өнімді біз, орта есеппен, жылына бір рет аламыз.

Қазір біздің банктеріміз қолындағы аз ақшаны ауыл шаруашылығына емес, мұлдем басқа салаларға инвестицияланатыны түсінікті. Сондықтан қазір біздің салада үлкен ақша тапшылығы орын алада.

Ауыл шаруашылығын бүгінде қайта өңдеуден бөлек қарастыруға болмайды. Қазақстан ауыл шаруашылығының болашағы негізінен екі нәргесеге байланысты болып келеді. Бұл - айналым қаражаты, ол бізге ауыл шаруашылығының кез келген саласында және жалпы Қазақстан экономикасында жетіспейді. Екінші мәселе – ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу. Біз ішкі нарық талап еткен мөлшерден әлдеқайда көп көлемде өнім өндіреміз. Ауыл шаруашылығының одан әрі дамуы үшін біз, әрине, егіс алқаптарын одан әрі үлғайта аламыз, бірақ біз мұны іstemейміз, өйткені бізде өнімді өткізу проблемасы шешілмей түр, бізді экспорт тежеп түр, ал шикізат экспортты — бұл айтартылтай құрделі жұмыс.

Сондықтан, егер қайта өңдеу болмаса, біздің өсетін жеріміз болмайды. Бізден өсу талап етіледі, ал ол қайта өңдеуге тіреледі. Және ол енді ішкі нарық үшін емес, экспортқа қажет.

Жаһандану дәүірінде барлық қайта өнделетін ауылшаруашылық

өнімдері әр түрлі елдерде үлкен өндірісі бар ірі трансұлттық компаниялардың қолында.

Бүгінгі таңда шағын кәсіпорындарда мини-өндеу жұмысы үміт болды. Сондықтан өнімді қайта өңдеу үшін бізге қайтадан велосипедті ойлап табудың қажеті жоқ,

**Б**іздің нарығымыз қайта өңдеудегі ірі сатып алушылар үшін тартымды болуы керек, олар көбінесе трансұлттық компанияларға тиесілі, сондықтан біз осы алыптар арқылы басқа нарықтарға шыға аламыз.

Егер мұны істеу мүмкін болса, онда біздің ауыл шаруашылығымыз мемлекеттің қаражатыныз, түрлі субсидияларсыз дамитын болады, біз осы әлемдік алыптардың қайта өңдеу нарығындағы сұранысын қанағаттандыру үшін жұмыс істейтін боламыз, міне соның есебінен дамимыз. Сонымен қатар, бұл кәсіпорындардың сұранысы біздің өнім сапасының өсуіне ықпал етеді. Мысалы, қазір біз картопты сатамыз және оның ірі болуы маңызды, ал өңдеу зауыттары өз ерекшеліктері бар жоғары сапалы картопты талап етеді, осылайша әлемдік тапсырыс берушілер үшін жұмыс істеп, біздің де құзыретіміз арта түседі.

Ірі өңдеушілерді өзімізге тарту үшін бізде бірнеше ұтымды тұстарымыз (козырьларымыз) бар, мысалы, Украинада, Ресейде жоқ елдегі тұрақтылық сияқты. Оған қоса, жер ресурстарының үлкен әлеуеті, су ресурстарының жақсы әлеуеті бар. Бұл трансұлттық компаниялардың нақты тартуға ықпал ететін жағдайлар.

Егер біз қалада кадрлармен проблемалар бар деп айтатын болсақ, онда ауылда ол үш есе көбейеді, өйткені, мәселен, компьютерде жұмыс істей алғаны, техникамен жақсы жұмыс істейтін, жақсы мұғалім бола алған жастар ауылда қалғысы келмейді.

## Кадрлардың тапшылығы мен тез ауысуы — бұл біздің алдымызда тұрған тағы бір маңызды мәселе.

Біздің шаруашылық қазір қалағандардың бәрін жалдайды, бірақ ауылда жұмыс істеуге ниет білдірушілер аз. Қалалардағы біздің факультеттерде келесідей трендті байқауға болады: оқып жатқан жастар арасында ұлдарға қарағанда қыздар көп. Қыздар өздерінің конкурстық негізде экономикалық зангерлік, сол тәрізді қандай да бір беделді мамандықтарға түсे алмайтындарын түсінеді, сондықтан бізге келіп туседі. Олар оқуын бітіріп, ауыл шаруашылық зертханаларында немесе ауыл шаруашылығының айналасындағы басқа да көптеген ұйымдарда жұмыс істейді және сол жерде қалып қояды.

Бұгінде ауыл шаруашылығы секторындағы жұмыс берушілер то-лығымен жас қадрларға бет бұрды, қазір өмір кез келген адамды қабылдауға мәжбүрлеуде.

Олар, ең құрымағанда, біреуі қалар деген үмітпен, екі-үш адамды жалдайды. Ауыл шаруашылығындағы жұмыстың өзіндік ерекшелігі бар, ол қазіргі буын өкілдерінің әдеттеріне қайшы келеді.

**Қазіргі жастар қандай да бір режимге бағынғысы келмейді, күнделікті құйбен тіршілікке толы өмірді қаламайды, оларға еркіндік қажет, олар бір сәтте кіріс алу үшін шығармашылықпен жұмыс істегісі келеді.**

Бұл АТ саласында, маркетинг саласында және басқа да осыларға байланысты аралық салаларда жақсы жұмыс істейді, ал ауыл шаруашылығы қатаң технологиялық режимді, тәртіпті талап етеді, ерте түру керек, күн сайын бірдене жасау керек, алаңдамау керек, кетіп қалмау керек, жұмыс күні күніне 10-12 сағат болуы мүмкін. Ал қазіргі жастар бұған көне қоймайды.

Біздің кезімізде біздер үшін күнделікті құйбен тіршіліктің өзіндік романтикасы болды, біз таңмен жарысып тұрғанды ұнататынбыз, қараңғыда комбайннан жарық түсіріп, жұмысты бастаймыз да, кешкі қараңғыға дейін жұмыс істей беретінбіз.

Жаңа технологияларға келетін болсақ, біздің көптеген шаруашылықтарымызды цифрландыру мәселелері шешеді.

Біз қазір бәріміз Qoldau.kz<sup>21</sup> арқылы жұмыс істейміз, онда біз өзіміздің егістіктеріміздің электрондық картасын жібереміз, ол карталарда олардың шекаралары, координаттары нақты көрсетілген, сол жерде біз егістіктердің тарихын енгізуіміз керек. Сонымен қатар, қазір көптеген адамдар GPS қолданады, яғни тракторлар өздері жұмыс істейді, оның жұмысындағы қателік бар болғаны 2-3 сантиметр ғана болады. Трактористерді осы жабдықты орнатқан мамандар қайта оқытады, онда бәрі қын

емес. Сондай-ақ, бізде көптеген егістіктер заманауи жабдықтармен суғарылады, онда телефонға қосымшалар орнатылады және адам сол жүйеде егістіктің қалай суғарылатынын көре алады. Біздің картоп қоймасындағы климаттық бақылау да осындай заманауи технологиялар арқылы іске асырылады. Яғни, бұл – бағдарлама арқылы сақтау шарттарын тікелей телефоннан бақылайтын және реттейтін жабдық.

Біз үшін бұл енді таңсық зат емес. Әрине, қазір барлық ауылшаруашылық кәсіпорындарының жартысы мұндай технологияларды өлі пайдаланбайды, бірақ біраз кәсіпкерлер өз шаруашылықтарында бұны қолданысқа енгізіп қойған. Әрі қарай, технологияны билетін адамдар қажет екенін жақсы түсінсіз, бірақ бұл кадрлар ауылда тұруы керек, қаладан келіп-кетіп отыру жөн болмайды.

Біз ауылда жақсы жалақы төлеуге дайынбыз. Бұгінде ауылдық жақсы агроном айына 250-ден 600 мың теңгеге дейінгі мөлшерде жалақы ала алады, бірақ адамдар бәрі бір кетіп қалады, өйткені жалақыдан басқа адамға өмір сүруге жағдай жасау керек.

Мысалы, жауапты және тәжірибелі маман, 32-35 жаста, оның ұлы немесе қызы 7-8 жаста, әрине, ол балалардың жақсы білім алып, тілдерді үйренгенін қалайды, ал қазір көптеген ауылдарда мұндай мүмкіндіктер жоқ, ал жұбайы ауылдық тұтынушылық қоғамда емес, сауда орталығында сауда жасағысы келеді. Міне, осының бәрі жалақы мәселесі ғана емес, ауылдық жерлердегі өмірді жайлестиру проблемалары. Бізде жекелеген мамандар бар, олар қаладан келіп, барлық бағдарламаларды жәндеп, жолға қойып, кетеді. Бірақ тағы да, бұл – қалаға жақын ауылдар.



**Қорытындылай келе, мен ауылда жақсы тұрмыстық жағдай қажет деп айтқым келеді, ал қалған міндеттерді ауыл шаруашылығы кәсіпорындары шешуге дайын.**

**Б**іздің сала өте парадоксальды, ол қол еңбегі өте көп, жағдайы нашар ауылда орналасқан сияқты, маусым сайын тәулігіне 12 сағаттан жұмыс істеу керек, бірақ сонымен бірге жаңа технологиялар біздер үшін өте қолайлы, ауыл шаруашылығы технологияларды дамыту үшін аса перспективалық сипат алады.


Сондықтан, егер мемлекет біздің ауылдарымызды дамытуды қолға алса, онда қалғанының бәрі шешілетін болады.

<sup>21</sup> <https://www.qoldau.kz/>

А

| САРАПШЫЛАРДЫҢ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САЛАСЫНЫң  
БОЛАШАҒЫНА  
КӨЗҚАРАСЫ

3.





## САРАПШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН- НЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА КӨЗҚАРАСЫ

*Бұгінде Қазақстан Үкіметі ауыл шаруашылығы секторына арқа сүйеп отыр. Мұнайдың негізгі тұтынушылары болып табылатын дамыған елдерде көмірсүтектер бағаланатын және мейілінше аз тұтынылатын, ал «жасыл» энергия баяу болса да, сенімді түрде басты орынға иеленіп жататын болашақ айқынырақ көріністер алуда.*

Қазақстан экономикасын әртаптандыру проблемасын шешуді одан әрі кейінге қалдыруға мүмкіндік жоқ. Сондықтан ауыл шаруашылығына республиканың бүкіл экономикасының драйвері болу бұйырып тұр. Алайда бұл мақсатқа жету оңай болмайды<sup>22</sup>.

Елдің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі тау-кен өнеркәсібімен және карьерлерді игерумен салыстырганда небәрі 4,5% - 14,4%. Аграрлық сектордағы өндіріс пен еңбек өнімділігі бірнеше есе өскен жағдайда ғана сала бүкіл экономиканың локомотиві рөлін өзіне ала алады. Қазір ауыл шаруашылығындағы жалпы қосылған құн<sup>23</sup> орташа республикалық көрсеткіштен аз және республика бойынша ЖҚҚ-ның үштен бірін ғана құрайды.

Жақын болашакта салада бәрібір адам еңбегі аса қажет болып қала береді, сондықтан еңбекақының көлемін ұлғайту қажет. Қазіргі кезде аграрлық секторда еңбек төлемі орташа республикалық көрсеткіштің үштен екі бөлігіне де жетпей тұр<sup>24</sup>. Саладағы инвестициялардың деңгейі оның экономикалық нәтижесінен әлдеқайда артық болып отырған тоқыраудың көптеген жылдар кезеңінен шығу үшін Қазақстанға сапалық өзгерістер аса қажет.

Бір жағынан, адамдар, олардың жермен жұмыс жасауға ынтасы қашан да сәттіліктің, жетістіктің кепілдігі болуда, сондықтан ауылдық елді мекендерде өмір сапасын жақсартып өзгерту қажет.

Екінші жағынан, саланың технологиялық және техникалық жабдықталуы Төртінші өнеркәсіптік революцияның әкелген жаңа шындықтарына сай болуы қажет.

**А**уыл шаруашылық саласы соңғы кезге дейін жалпы әлем бойынша ең бір консервативтік сала болып қала берді. Алайда, мың жылдаған дәстүрлеріміздің абсолюттік жаңа технологиялармен және жаңа, тың идеялармен байып қанан түсетінін байқадық.

Төртінші өнеркәсіптік революция жасап берген мүмкіндіктерді Қазақстан, тұйық шеңберден шығып, жалпы республиканың экономикасының негізгі қозғаушы қүшіне айналып, өз пайдасына жаратыла ма, жоқ па – бұны болашақ көрсетеді. Индустріяның «даусын» есту үшін және саланың дамуындағы жалпы перспективаларды түсіну үшін біз ауыл шаруашылық секторындаон-он бес жылдан артық жұмыс істеп келе жатқан 100-ден астам қазақстандық сарапшыларының арасында сұрастыру өткіздік.

Бірден айтып қояйық, алынған деректердің айқындылығы үшін біз мәндері -100-ден +100-ге дейінгі аралықта болатын қарапайым индексті есептеп алдық. Эрбір болжам бойынша индекс мәнінің легендасы төменде көрсетіледі.

<sup>22</sup> Дереккөз: [https://forbes.kz/process/expertise/novaya\\_neft\\_stanet\\_li\\_selskoe\\_hozyaystvo\\_lokomotivom\\_ekonomiki\\_kazahstana/](https://forbes.kz/process/expertise/novaya_neft_stanet_li_selskoe_hozyaystvo_lokomotivom_ekonomiki_kazahstana/)

<sup>23</sup> Бір жұмысқерге келетін жалпы қосылған құн.

<sup>24</sup> Жан-жақты ақпарат «Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы» бөлімінде баяндалады.



## 1 БОЛЖАМ

### ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ – ПОЗИТИВТІК

**Республикадағы ауыл шаруашылығы саласының болашағы туралы сарапшылардың жалпы пікірі позитивтік, алайда индекс 38,9 үпай мәнінде, яғни теріс бағалардың басым болу аймағынан оң бағалардың басым болу аймағын бөлөтін нөлдік (шекаралық) мәнге жуық мәнді қабылдады.**

#### 3.1. Кесте «Индекстер мәндерінің легендасы»

Болжамдар	-100-ден 0-ге дейінгі индекс мәндері	0-ден +100-ге дейінгі индекс мәндері
<b>Болжам 1.</b> Саланың болашағын бағалау	«Негативтік» және «Белгісіз» деген бағалаулар көп	«Позитивтік» және «Тұрақты» деген бағалаулар көп
<b>Болжам 2.</b> Саланың негізгі проблемаларын бағалау	«Ықпалы әлсіз» деген бағалау көп	«Ықпалы күшті» және «Ықпалы орташа» деген бағалаулар көп
<b>Болжам 3.</b> Саланың ағымдағы жағдайын бағалау	«Шиеленіскен жағдай», «Қанағатандырмайтын жағдай» деген бағалаулар көп	«Өте жақсы жағдай», «Жақсы жағдай», «Қанағаттандыратын жағдай» деген бағалаулар көп
<b>Болжам 3.</b> Саланың өзгерістерге дайындығын бағалау	«Дайын емес» және «Дайын емес деуге болады» деген бағалаулар көп	«Дайын», «Дайын деуге болады» деген бағалаулар көп
<b>Болжам 4.</b> Ірі әлеуетті оқиғалардың саладаға ететін әсерін бағалау	«Ықпалы әлсіз болады», «Ықпалы болмайды» деген бағалаулар көп	«Ықпалы күшті болады» және «Ықпалы орташа болады» деген бағалаулар көп
<b>Болжам 5.</b> Болашақта болуы мүмкін тәуекелдердің ықтималдығын бағалау	«Тәуекелдің ықтималдығы төмен» деген бағалау көп	«Тәуекелдің ықтималдығы жоғары» және «Тәуекелдің ықтималдығы орташа» деген бағалаулар көп
<b>Болжам 6.</b> Салада жаңа мүмкіндіктер алу ықтималдығын бағалау	«Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіндің ықтималдығы төмен» деген бағалау көп	«Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіндің ықтималдығы жоғары» және «Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіндің ықтималдығы орташа» деген бағалаулар көп

#### 3.1. Сурет «Саланың болашағын бағалау» индексі



2004 жылдан бастап Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін таза импорттаушы болып қала береді. Қазақстанда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым бөлігі шикізат түрінде экспортталады және қосылған құны төмен болып сатылады<sup>25</sup>. Сала дамудың келесі деңгейіне шығуға мүмкіндік бермей тұрған қындықтарды бастан кешуде. Бірінші кезекте, ауылдық жердегі өмір сүру жағдайлары едәуір нашарлап кетті, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің, әлеуметтік тұрмыстық қызмет көрсетулердің саны қысқарды, ауылдық еңбек қазір тартымды емес, жұмыс орындарының саны азайды, ауылдағы жұмыспен қамту деңгейі төмен-

dedі, адамдардың ауылдан қалаға кетуі көпtek орын алуда. Екіншіден, жергілікті атқарушы органдардың қолданыстағы тәртіп негізінде ауыл шаруашылығы жерлерін беру туралы шешімдері ашық емес, бұл қаралайым адамдарда әр түрлі құдік тудыртатыны заңды. Саладағы проблемалардың жинақталған ықпал еткен үшінші мәселе – бұл салада қол жетімді «ұзак» (ұзак мерзімге берілетін) ақшаның болмауы.

Көріп отырғанымыздай, жақын арада ауыл шаруашылығы секторы саладағы жинақталған проблемаларды белсенді түрде шешүге мәжбүр болады. Сарапшылар саланың болашағын сақтақпен бағалайтыны түсінікті.

<sup>25</sup> Дереккөз: <https://www.zakon.kz/5010349-bogatoe-selo-bogatyy-kazakhstan-chto.html>



## 2 БОЛЖАМ

### САЛАНЫҢ ДАМУЫН ТЕЖЕП ТҮРФАН НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАР – УРБАНИЗАЦИЯ, ТӨМЕН ДЕҢГЕЙДЕГІ ТАБЫСТЫЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

О тандық ауыл шаруашылығы секторының дамуына ба-рынша әсер етуі мүмкін проблемаларды анықтау үшін, бірқатар проблемалар теріс әсер ету дәрежесіне қарай сыналды. Саланың дамуын тежейтін іргелі факторлар - ауыл тұрғындарының қалаларға көшіп кетуі, ауыл шаруашылығы саласындағы табыстың төмен деңгейі, несиelerdің жоғары пайыздық мөлшерлемелері, «ұзак», арзан

несиelerdің қол жетімсіздігі. Индекс мәндері барлық позицияларда дерлік 0-ден +100-ге дейінгі аймақта – «Мәселенің күшті ықпалы» және «Мәселенің орташа ықпалы» деген бағалаулар басым болып табылады. Бір сөзben айтқанда, ауылдан қалаға көшу, саланың төмен табыстылығы және қаржылық проблемалар – саланың дамуын тежеп отырған кедергілер осылар болып табылады.

**3.1. График  
«Проблемалардың салаға ететін ықпалын бағалау индексі».<sup>26</sup>**



<sup>26</sup> Индектің мәні неғұрлым үлкен болса, демек бұл проблемаға сарапшылардың соғұрлым көп саны жоғары немесе орташа мән берді дегенді білдіреді



## 2 БОЛЖАМ

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ ӨЗГЕРУІ ТИІС, СОНДА ФАНА БҮЛ САЛА ШАРАСЫЗ, БОЛМАЙ ҚАЛМАЙТАЫН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАЙЫН БОЛАДЫ

**К**азақстандық ауыл шаруашылық саласының қазіргі таңдағы ең осал сфералары келесідей:

1. Азық-түлік және жеңіл өнеркәсібіне арналған құрал-жабдықты өндіру,
  2. Тракторлық және ауыл шаруашылық машина құрылышы,
  3. Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сферасы (мамандандырылған ФЗИ, агротехнологиялық зертханалар және т.б.),
  4. Минералдық тыңайтыштарды, өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын өндіруге және микробиологиялық зерттеулер жасауға құрал-жабдық өндіріп шыгару,
  5. Мал үстап өсіруге арналған құрал-жабдықтарды өндіру, жемдік астықты өндіру,
  6. АгроДендиңде көрсетілгенде 6-шы позиция.
- ОСЫ АЛТЫ ПОЗИЦИЯ БОЙЫНША ИНДЕКСТЕРДІҢ МӘНДЕРІ**
- БОЙЫНША «ШИЕЛЕНИСКЕН ЖАҒДАЙ», «ҚАНАҒАТТАНДЫРМАЙТЫН ЖАҒДАЙ» ДЕГЕН БАҒАЛАУЛАР БАСЫМ БОЛЫП КЕЛЕДІ (ИНДЕКС МӘНДЕРІНІҢ АЙМАҒЫ 0-ДЕН 100-ГЕ ДЕЙІН).**
- БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, ЖАҢА ДӘУІРГЕ ӨТУ УШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ ЗОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРДЫ ЕҢГІЗУДІ, ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТЫ ӨНДІРУДІ БЕЛСЕНДІ ДАМЫТЫП, САЛАДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ЖҰМЫСТАР СФЕРАСЫН КЕҢІНЕН ДАМЫТУ ҚАЖЕТ.**

### 3.2. График

#### «Отандық ауыл шаруашылық саласындаға ағымдағы жағдайды бағалаудың индексі».<sup>27</sup>



<sup>27</sup> Индектің мәне неғұрлым тәмен болса, демек соғұрлым аз сарапшы позитивтік немесе нейтралдық баға берді дегенді білдіреді.




Ал, әзірше, сарапшылар ауыл шаруашылығы индустриясының өзгерістерге дайындығын аса сақтықпен бағалауда, бұның индексі 18,6 үпай

деген мәнгеге ие болды, яғни негативтік бағалаудың («Дайын емес» және «Дайын емес деуге болады») басым болу аймағына жақын.

3.2. Сурет  
«Саланың өзгерістерге дайындығын бағалау» индексі.



3.3. График  
«Қалай ойлайсыз, Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы жалпы алғанда алдағы өзгерістерге дайын ба?»



## 4 БОЛЖАМ

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ КРИТИКАЛЫҚ СИПАТТА КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТКЕ, САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІНЕ ЖӘНЕ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН ТАРАПЫНАН ТИСТИ БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУФА ТӘУЕЛДІ БОЛАДЫ.**

Сарапшылар қауымы салада жоғары технологиялық қайта құруды дамыту, құрал-жабдық өндірісін белсенді түрде жақсарту және ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сферасын дамыту қажеттілігін нұсқайды. Алайда, бұларды білікті кадрлар болмаса, іске асыру мүмкін емес.

Сондықтан, жақын уақыт ара-лықтағы әлеуекті ірі оқиғалардың саланың дамуына ететін ықпалының күшін бағалай отырып, сарапшылар, ең алдымен, мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру құқығын Білім беру және ғылым министрлігінен Ауыл шаруашылығы министрлігіне тапсыруды алға тартып отыр.

Сарапшылар бұл «жаңашылдық» мамандар қажеттілігі бойынша мемлекеттік тапсырысты өте дәл қалыптастырып, бұл шараны қаржыландыру көлемін негізделген қалыпта белгілеуге, кадрларды даярлауды жүргізетін жоғары оку орындарының арасында әділ іріктеу өткізуге, және жалпы алғанда, бөлінетін гранттарды беталды шашпай, дұрыс бағытта шоғырландыруға мүмкіндік береді деп көміл сенуде<sup>28</sup>.

Дәл осы оқиға салаға өте күшті ықпал етеді: «Күшті ықпал етеді» және «Орташа ықпал етеді» деген бағалаулар аймағындағы 80,4 үпай мәніндегі индекс +100 үпай максималдық мәнге жақын тұр.

Бейінді министрліктің мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптыстыруы және басқа да жаңашылдықтар 2019 жылдың күнінде қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроОнеркесіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңында белгіленді.

**Сарапшылар осы жаңашылдықтардың көшілігі саланың дамуына жақында-ақ маңызды ықпал ететініне сенімді:**


- ▶ Сақтандыру төлемдерін субсидиялаудан сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялауға көшу – сақтандыру полисі банктерде несие алу кезінде қосымша қамтамасыз ету құралына айналуы мүмкін, сондықтан АӨК субъектілері үшін сақтандырудың қолжетімділігі арта туседі.<sup>29</sup>

<sup>28</sup> Дереккөз: <https://liter.kz/13713-minselhoz-poluchil-pravo-formirovat-granty-po-selskohozyaystvennymspetsialnostyam/>

<sup>29</sup> Дереккөз: <https://bossagro.kz/kazaxstan-perexodit-k-dobrovolnomu-straxovaniyu-v-apk/>

- ▶ Жергілікті басқару органдарынан және кеден органдарынан бақылау-қадағалау функцияларын үекілетті органға қайтару – бұл ветеринариялық қауіпсіздікі қамтамасыз ету мақсатында іске асырылады; енді жергілікті атқару органдарының ветеринариялық қызметтері тікелей
- ▶ Ауыл шаруашылығы министрлігіне бағынышты болады.
- ▶ «Облигациялық несиeler бойынша купондық сыйлықақы беруді субсидиялау белгінде мемлекеттік қолдауды кеңейту»<sup>30</sup> – «ҚазАгро» АҚ несиelerі бойынша шарттар тиімдірек болатын болады.

**3.4. График  
«Әлеуетті ірі оқиғалардың салаға ықпал етуін бағалау индексі».**



<sup>30</sup> Дереккөз: [https://www.inform.kz/ru/kazakhstan-perehodit-ot-obyazatel-nogo-k-dobrovol-nomu-strahovaniyu-v-apk\\_a3569518](https://www.inform.kz/ru/kazakhstan-perehodit-ot-obyazatel-nogo-k-dobrovol-nomu-strahovaniyu-v-apk_a3569518)

## 5 БОЛЖАМ

### ІШКІ НАРЫҚТАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ӨТЕ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ТӘУЕКЕЛДІҢ ІСКЕ АСУЫ БОЛАШАҚТА САЛАҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ СОҚҚЫ БОЛУЫ МҮМКИН

Саланың болашағында қандай тәуекелдер жасырынған? Қай сценарийлердің іске асырылуы индустрияға соққыға айналуы мүмкін? Біз барлық ішкі тәуекелдерді бірнеше топқа топтастыруға тырыстық.

#### 1-ші тәуекелдер тобы: «МЕМЛЕКЕТТИҢ ЫҚПАЛЫ».

- ▶ Мемлекет тарарапынан салада тиімсіз реттеу шараларын жүргізу (мысалы, АӨК мемлекеттік дамыту бағдарламасына өзгерістерді жиі енгізу).

#### 2-ші тәуекелдер тобы: «КАДРЛАРДЫҢ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫҢ ЖЕТИСПЕУШІЛІГІ».

- ▶ Ауылдық жерлерде кадрлардың жетіспеушілігі сақталып қалады (АӨК кәсіпорында-рында, фермерлік шаруашылықтарда).
- ▶ АӨК кәсіпорындарының, фермерлік шаруашылықтарының көпшілігі ауыл шаруашылық техникасын және құрал-жабдықтарын жаңартса алмайды.

#### 3-ші тәуекелдер тобы: «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ ҚЫНЫШЫЛЫҚТАР».

- ▶ Құрал-жабдықтың, тыңайтқыштардың, жемдік астықтың, ветеринариялық

препараттардың және құаттау ресурстарының сыртқы және ішкі бағаларының үнемі өзгеріп тұруы.

▶ Инфракүрілімның әбден тозуына байланысты, өнімді сату орындарында жеткізу құнының қымбаттауы.

▶ Жергілікті өндірістің өзіндік құны жоғары болып қала береді.

▶ Қазақстандық қайта өндеу (азық-түлік) өнеркәсібі ойдағыдан дамымайды.

▶ Сала ауыл шаруашылық техникасының және құрал-жабдықтарының қөптеген түрлері бойынша импортқа тәуелділік деңгейін азайта алмайды.

▶ Органикалық өндіріс әлеуеті (мал шаруашылығында, өсімдік шаруашылығында) жалпы саланың ірі масштабтарында дамымай қалады.

▶ Сала өндірілетін ауыл шаруашылық өнімінің көлемін ұлғайта алмайды (саланың экономикалық эффектісі ұлғаймайды).



**4-ші тәуекелдер тобы:**  
**«ЖАҢАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫҢ  
ӘСЕРІ, АУРУЛАР МЕН ЗИЯНКЕ-  
СТЕРДІҢ ТАРАЛУЫ».**

- ▶ Жаңандық жылышындағы нәтижесіндегі шөл және шөлейіт жерлердің үлғауы, су ресурстарының тапшы болуы, ауа райы жағдайының тұрақсыздығы.
- ▶ Сала өнімділігінің төмендеуі, жануарлардың және өсімдіктердің аурушаңдығының таралуы себебінен саланың экспорттау әлеуетінің әлсіреуі, табиги ортаның ластануы, өсімдіктердің, жануарлардың, балықтардың және жәндіктердің паразиттік түрлерінің таралуы.
- ▶ Жер, су, биологиялық ресурстар әлеуетінің сарқылуы, жануарлардың, өсімдіктердің және балықтардың генетикалық әлеуетінің әлсіреуі (табысты қуалаудың, қаржыландыруды қыскартудың, ғылыми ұсыныстарды ұстанып сактамаудың салдары ретінде).

**5-ші тәуекелдер тобы:**  
**«ДАМЫМАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТ-  
ТЕУШІЛІК ЖӘНЕ ТӘЖІРИ-  
БЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ  
ЖҮМЫСТАР СФЕРАСЫ ЖӘНЕ  
КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ПРО-  
БЛЕМАЛАРЫ».**

- ▶ Ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сферасы саланың қажеттіліктерін қанағаттандырмайды, кадрларды даярлау сапасы тіптен нашарлайды (ЖОО, техникалық және кәсіптік білім беру).
- ▶ Ауыл шаруашылығы саласында отандық ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сферасын қаржыландыру көлемі үлғайтылмайды, ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сферасының эффектісі төмен деңгейде қала береді.

Кез келген тәуекелдің іске асуы салаға айтарлықтай соққы болары анық. Барлық тәуекелдердің мәндері 70 үпайдан жоғары болып тұр, яғни «Тәуекелдің орташа ықтималдығы» және «Тәуекелдің жоғары ықтималдығы» деген бағалаулар аймағында +100 үпай деген максималдық мәнге өте жақын. Сарапшылардың барлығы дерлік, сала үшін ең үлкен қауіптің көзі – өнімді сатылатын нысаналы нарықтарға жеткізу құнының қымбаттауы, саланы мемлекеттік реттеудің тиімсіздігі, сонымен қатар құрал-жабдықтың, тыңайтыштардың, жемдік астықтың, ветеринариялық препараттардың, қуат алу ресурстарының сыртқы және ішкі бағаларының үнемі өзгеріп тұруы болып табылады деген пікір білдірді.

**3.4. График**  
**«Салада тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын бағалау индексі»<sup>31</sup>.**



<sup>31</sup> Индекстің мәні негұрлым үлкен болса, сарапшылардың соғұрлым көп саны тәуекелдің орын алу ықтималдығы жоғары немесе орташа деп санайды дегенді білдіреді.



## 6 БОЛЖАМ

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ ӨЗІНІҢ ДАМУЫ ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУЫ МІНДЕТТИ


**Ауыл шаруашылығы саласы негативтік сценарийлердің орын алуының қалайша алдын ала алады? Саладағы әлеуетті тәуекелдерге қалай жауап беруге болады?  
Ауыл шаруашылық компаниялар қандай жаңа мүмкін-діктерге қол жеткізе алады?**

Сарапшылардың пікіріне сәй-кес, жақын болашақта ауыл шаруашылығының дамуына ықпалдасатын үш мүмкіндік бар, және бұларды ауыл шаруашылығы пайдалануы міндетті. Ол қандай мүмкіндіктер?

- ▶ Ауыл шаруашылықтың шағын қайта өңдеу көсіп-рындарын «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы бойынша субсидиялауды есепке ала отырып, 6% мөлшерлемесімен қолжетімді айналым қаражатымен қамтамасыз ету.
- ▶ Экологиялық таза ауыл шаруашылық шикізатына тұрақты сұраныс (мысалы, Еуропада).

Осы үш позиция бойынша индекстің мәні «Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіндегі жоғары ықтималдығы» және «Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіндегі орташа ықтималдығы» деген бағалаулар аймағында максималдық +100 үпай мәніне өте жақын.

3.6. График  
**«Ауыл шаруашылығы саласында компаниялардың жаңа мүмкін-діктерге қол жеткізулерінің ықтималдығын бағалау индексі»<sup>32</sup>.**



<sup>32</sup> Индекс мәні неғұрлым үлкен болса, демек соғұрлым көп сарапшы компаниялардың жаңа мүмкін-діктерге қол жеткізу ықтималдығы жоғары немесе орташа деп санайды дегенді білдіреді.

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА ӘСЕР ЕТЕТИН ЖАҢАНДЫҚ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ТРЕНДТЕР

4.





## 4.7.

### ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП САЛАНЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ

**Бұгінгі әлемде физикалық, цифрлық және биологиялық әлемдер арасындағы шекаралар күңгірттеніп барады – бұл Төртінші өнеркәсіптік революцияның («Индустрія 4.0») мәні болып табылады және біздер соның күесіміз.**

**ЖИ** – жетістіктер синергиясы – жасанды интеллект (ЖИ), робототехника, заттар интернеті (IoT), 3D-басып шығару, гендік инженерия, кванттық есептеулер және т.с.с. – Төртінші өнеркәсіптік революцияның технологиярының толқынын жасайды, олар адамдардың күнделікті өмірін

өзгертіп қана қоймай, тұтас индустриялар мен экономиканың салаларын түбебейлі түрде жаңа кейіпке енгізеді. «Индустрія 4.0» феноменінің ауыл шаруашылығы саласына ететін әсері әзірге минималдық деңгейде болуда, яғни индустрія үшін жаңа технологиялардың әсерімен өсімдік

шаруашылығындағы, мал шаруашылығындағы жұмыскерлердің жұмысынан бастап, қайта өңдеуге дейінгі өнім құнын жасау тізбегін қайта құру үдерісі әлі алда.

Алайда, қазірдің өзінде Төртінші өнеркәсіптік революцияның кейбір негіз қалаушы технологиялары ауыл шаруашылығы саласында да өз қолданысын табуда деп айтуда болады. Кейбір жаңа технологияларды енгізу айтарлықтай қаржылық салымдарды қажет етпейді, сондықтан салаға тезірек жол ашады. Өзінің салыстырмалы қымбаттылығына байланысты кейбір жаңашылдықтар нарықтағы ірі ойыншыларға ғана қол жетімді болуы мүмкін.

Әлемдік ауыл шаруашылығы индустріясында қолданылып жүрген немесе енді ғана пайдаланыла бастаған барлық технологиялардың ішінен Қазақстанға, орта мерзімді перспективада, олардың кейбіреулері ғана келуі ықтимал. Мұндай талғамдылықтың себептерін түсіндірейік. 2018 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы көлемінің жартысына жуығы қазақстандықтардың жеке шаруашылдықтарына тиесілі болды. Өндірілген өнімнің (қызметтердің) жалпы көлемінің

үштен бір бөлігі – шаруа немесе фермер қожалықтарының еңбегі. Ауылшаруашылық кәсіпорындары жыныра пайыздан сәл ғана көп болды<sup>33</sup>. Бұл ретте отандық ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар көлемі негізгі капиталдың жалпы көлемінің 3,27%-ы ғана құрады.

Объективті түрде, Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы айтарлықтай қаржылық шығындарды қажет етпейтін технологияларды қабылдауға дайын.

Мұндай тез дамып келе жатқан жаңашылдықтарға, бірінші кеzekte, цифрлық технологияларды жатқызуға болады. Цифрлық технологиялардың жылдам енуіне, сондай-ақ, Қазақстан экономикасын цифрандырудың маңыздылығын мемлекеттік деңгейде түсіну ықпал етеді (2017 жылы Digital Kazakhstan бағдарламасы қабылданды).

Егер «Индустрія 4.0» феноменімен және Y және Z жаңа буынының нарыққа шығуымен тығыз байланысты ауыл шаруашылығы саласындағы әлемдік трендтерге жүгінетін болсақ, мынадай бірнеше трендтерді бөліп көрсетуге болады.

<sup>33</sup> Теренірек «Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы» бөлімінде оқи аласыз.

## 1 ТРЕНД АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАРТУЛАРҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ӨСҮІ

**X**XI ғасырда ауыл шаруашылығы бірнеше күрделі сын-қатерлерді: ғаламшардың өсіп келе жатқан халқының азық-тұлігіне деген өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыруға, қолда бар жер, су және биологиялық ресурстарды қорғауға және оларды толық сарқылудан сактауға және мұның бәрін жаһандық жылыну аясында жасауға тиіс.

Бұл проблемаларды шешу үшін ауыл шаруашылығындағы өндірушілер өнімділікті арттыруға инновациялық тәсілдерді қолдануы керек, бірақ мұны олар тұрақты даму аясында жасау керек.

Негізінен, «Төртінші ауылшаруашылық төңкөрісі» немесе «Ауыл шаруашылығы 4.0» басталып қойды. Өз заманының әрбір алдыңғы ауыл шаруашылық төңкөрісі түбөгейлі болды: біріншісі – аң аулау мен жинаудан отырықшы ауылшаруашылығына көшу, екіншісі – XVIII ғасырдағы Британдық ауылшаруашылық төңкөрісі, үшіншісі – да-мұши елдердегі механикаландыру мен «жасыл төңкөріспен» байланысты соғыстан кейінгі еңбек өнімділігінің өсуі. Сондықтан технологиялық инновациялар ауыл шаруашылығы үшін қандай да бір керемет таңсық зат емес. Заттар интернеті, бұлттық есептеулер, робототехника және жасанды интеллект сияқты заманауи тех-

нологиялар ауыл шаруашылығын танымастай етіп өзгерте алады<sup>34</sup>.

**Форсай сессиялар кезінде қазақстандық сарапшылар Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының технологиялық жаңартылуының маңыздылығын ерекше атап етті.**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮІНІҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІНЕ АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ, СОНДЫҚТАН ИНДУСТРИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ЖАҢА ЗАМАНАУИ ОТАНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ЖӘНЕ ҒАЛЫМ МАМАНДАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ ТИІС («АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮШІН ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ДЕГЕН ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚАЖЕТТІЛІГІ» МИКРОТРЕНДІ).**

**Өз тарапымыздан қосып айттын болсақ, Төртінші өнеркәсіптік революцияның жаңа технологиялары – бұл, ең алдымен, цифрлық технологиялар. Мәселен, «Ауыл шаруашылығы саласын цифраныруға деген сұраныстың өсуі» деген келесі салалық тренд үлгісінде цифраныру мен ауыл шаруашылығы саласының қатынасын қарастырып көрейік.**

<sup>34</sup> Дереккөз: <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/fsufs.2018.00087/full>

## 2 ТРЕНД АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ЦИФРЛАНЫРУҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ӨСҮІ

**Мінеки, ауыл шаруашылығы жаңа технологиялық дәуірге аяқ басып келеді. Цифрландырудың салаға қысымы жалпы әлем бойынша өсіп келеді.**

**М**інеки, ауыл шаруашылығы аяқ басып келеді. Цифрландырудың салаға қысымы жалпы әлем бойынша өсіп келеді.

Ауыл шаруашылығы индустріясының майталмандары осындағы өзгерістер мен жаңа технологияларға әлі де сақтықпен қарауларына қарамастан, салана цифраныруғы стратегиясын қазір-ақ әзірлеу қажет, сонда ғана болашақта ойдағыдай даму үстінде боламыз.

Қазір кейбір «ақылды» ауыл шаруашылық әдістері қолданысқа енгізіліп үлгерген: тыңайтқыштарды, пестицидтер мен гербицидтерді дифференциалды қолдану, дақылдарды отырығызуудың онтайтылы мерзімдерін анықтау, мысалы, Microsoft корпорациясының Cortana Intelligence Suite, сүт өнірісіндегі роботтар мен жасанды интеллект, егістіктердің электрондық карталары, егістіктердің жыртуға арналған пилотсыз тракторлар, арамшөптердің анықтауға арналған дрондар және оларды жоюға арналған роботтар.

Бұкіл әлемдегі агробизнес Төртінші ауылшаруашылық революциясының жаңалықтарының тез және кең көлемде дамытып, енгізуге мүддесі күннен күнге артып келуде. Азық-тұлікке деген өсіп келе жатқан сұранысты жаңа технологияларды қолдану арқылы ғана қанағаттандыруға болады<sup>35</sup>.

Мысалы, Силикон алқабындағы AgFunder венчурлық компаниясы агроазық-тұлік технологиялары саласындағы стартаптарға бағытталған; компанияның экожүйесінде бұкіл әлем бойынша 75000-нан астам қатысушылары мен жаылышылары бар.

Компанияның технологиялық бөлімі агроазық-тұлік технологиясы саласында 30 000-ға жуық стартаптардан тұратын білім базасын қалыптастыруды, осы бөлімнің мамандары компанияның инвестициялық тобына жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді барынша толық анықтауға көмектесу үшін жасанды интеллект және машиналық оқыту алгоритмдерін жасайды. AgFunder көмегімен 2015 жылы 499

<sup>35</sup> Дереккөз: <https://www.pma.com/~media/pma-files/tech-trends/technology-trends-2016.pdf?la=en&la=en>



ауылшаруашылық технологиясы компаниялары 4,6 миллиард доллар инвестиция тартты, бұл 2014 жылғы инвестиция көлемінен екі есе дерлік көп болып табылады<sup>36</sup>.

Еуропадан тағы бір мысал. Жаңында Ұлыбританияның бизнес жөніндегі мемлекеттік хатшысы азық-түлік өндірісін қайта құруға бағытталған «техникалық революцияны» жүзеге асыру үшін 90 миллион фунт стерлинг инвестиция жасалғаны туралы жариялады, бұл Ұлыбританияны ауыл шаруашылығы тұрақты дамып қалыптасқан елдердің «алдыңғы қатарына» қояды. Греция Big Data және интернет заттарына ерекше назар аудара отырып, ауыл шаруашылығын цифrlандыру туралы жариялады. Инвестициялардың басым бөлігі «ақылдық» технологияларды дамытуға бағытталатын болады, және оларды пайдалану аясы таяудағы

он жылда геометриялық прогрессияда ұлғаятын болады. Осыған ұқсас агротехнологиялық төңкереңстер бүкіл әлемде, мысалы Жапонияда, Азияның басқа бөліктерінде, Ирландия мен Австралияда болжануда<sup>37</sup>.

**Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының сарапшылары форсайт сессиялары барысында маңызды салалық тренд ретінде «цифrlандыруға сұраныстың есіп келе жатқанын» атап өтті.**

**Мынадай микротрендтер бөлініп аталды: барлық технологиялық тізбекті мониторингтеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізуге сұраныстың есүі, тамақ және қайта өңдеу салаларында роботтандыруға сұраныстың есүі.**

## ПАЙДАЛАНАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ТЕНДЕНЦИЯЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРИ

**Енді ауылшаруашылық индустриясында қолданылып жатқан немесе жаңа ғана қолданыла бастаған технологиялық жаңашылдықтарды мұқият қарастырайық.**

### ЖАМЫЛҒЫ ДАҚЫЛДАР.

2017 жылғы ауылшаруашылық санағының мәліметтері бойынша, АҚШ-тағы жамылғы дақылдардың егістік алқабы 15,4 миллион акраға дейін өсті. Жамылғы дақылдардың топырақденсаулығындағы рөлі, қоректік заттарды реттеу және көміртекті байланыстыру қызметін назарға алатын болсақ, бұл тенденция әрі қарай жалғасып, сақталуы ықтимал. Нью-Мексико штатының мемлекеттік университетінің бұрынғы экономисі Лоуэлл Кэтлетт: «Ауыл шаруашылығы – бұл табиғат-анадан ғөрі көп көміртекті үстай алатындығын дәлелдейтін жалғыз сала», – дейді.

### КӨМІРТЕКТИ ФЕРМА.

Келесі онжылдықта жеке компаниялар немесе мемлекеттік бағдарламалар фермерлерге топырақтағы көміртекті сақтау үшін төлеуге дайын болады. Фермерлер No-Till егісіне көшеді, онда топырақ құрылымының бұзылуы минималды болады. Refinitiv зерттеуі бойынша, көміртегі квоталарының әлемдік нарығы 160 миллиард АҚШ долларына бағаланады.

### ГИПЕРДӘЛДІК.

Прецизионалды (жоғары дәлдікті) ауылшаруашылығы максималдық

пайда алу үшін нақты ресурстарды пайдалану арқылы кірісті барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Grand View Research компаниясының мәліметтері бойынша, жоғары дәлдіктегі егіншіліктің әлемдік нарығы осы онжылдықтың ортасында 10 миллиард долларды құрайды деп күтілуде. Сарапшылардың айтуынша, бұл инвестициялардың технологиялық прогрессен, деректерді өңдеумен және жасанды интеллектпен үйлесуі үздіксіз инновацияларды қүшетеді.

### МИКРОБТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ.

Бактериялар, саңырауқұлақтар және қарапайымдылар сияқты микробтар егістіктердің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Көптеген егіндер оңтайлы түрде қоректік заттармен қамтамасыз етілсе, әлдекайда өнімді болатын еді. Бактериялық ферменттер жағдайды жақсарты алар еді, бірақ көбінесе олар ұзақ мерзімді әсер ету үшін тым тұрақсыз болып келеді. Бірақ қазірдің өзінде нарықта бұл мәселенің шешімдері пайда болуда. Markets and Markets Research мәліметтері бойынша, ауылшаруашылық микробтарының нарығы 2022 жылға қарай 6 миллиард долларға бағаланатын болады.

<sup>36</sup> Дереккөз: <https://research01.agfunder.com/2015/AgFunder-AgTech-Investing-Report-2015.pdf>

<sup>37</sup> Дереккөз: <https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/fsufs.2018.00087/full>

**Интернет 5G**

Әлем елдерінің 40%-дан астаммы Интернетке әлі қол жеткізе қоймады. Ауылдық кең жолақты желіге және 5G-ді орналастыруға инвестициялар тартылған сайын, дүниежүзілік желіге қосылған фермалар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылатын болады. Шамамен, он жылдан кейін индустрияда әлемдің қазіргі заманғы цифрлық технологияларсыз елестете алмайтын, танымайтын адамдар басқаратын болады (Z буыны).

## **СЕНСОРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ**

Жаңа датчиктер мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын бақылауға және басқаруға көмектеседі. Дэвид Хэнсон, Нью-Мексико университетінің биология профессоры, жасушааралық сұйықтықты бақылау үшін өсімдік жапырақтарына ине тәрізді сенсорларды қосады. Күндердің күнінде ол өсімдікке тек оған қажетті мөлшердегі ғана суды беретіндей ете алатынына уміттенеді.

**ЗАТТАР ИНТЕРНЕТИ  
ЖӘНЕ БЛОКЧЕЙН.**

Осы онжылдықтың ортасында заттар интернетіне қосылған құрылғылар саны 75 миллиардтан асуы мүмкін. Келесі онжылдықта ір қара малдан бастап, егістікке дейінгі барлық нәрсе интернетке қосылады. Интернет арқылы жиналатын және берілетін деректер жеке өз тіліне мұқтаж болады, және үнемі қадағалануы қажет етіледі. Блокчейн мұның бәрін реттелген және басқарылатын түрде сактауға көмектеседі, сонымен қатар фермерлерге басқа фермерлермен қауіпсіз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Жасанды интеллект және машиналық оқыту алгоритмдері фер-

мерлерге тиімділікті, өнімділікті және егін нәтижелерін арттыруға көмектесетін құнды ақпарат алу үшін деректерді сұрыптауға көмектеседі.

## **CRISPR- ГЕНДЕРДІ РЕДАКЦИЯЛАУ**

Бактериялардың иммундық жүйесін ДНҚ тізбегін өңдеу немесе кесу және ауыстыру үшін қолдана отырып, CRISPR-Cas9 генетикалық өзгерістерді тезірек және арзанырақ жасауға мүмкіндік береді. Революциялық жүйе өсімдіктерді құрғақшылықтан, аурулардан немесе жәндіктерден қорғауға көмектеседі және адамға қатерлі ісікпен құресуге немесе генетикалық ауруларды жоюға көмектеседі.

## **ГЕНОМДАРДЫ СЕКВЕНИРЛЕУ (ЛАТ. SEQUENTUM — РЕТИЛІК) (ӘСІМДІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖАНУ- АРЛАРДЫҢ ЖАҢА ҚАСИЕТТЕРИ)**

Соңғы онжылдықта ғалымдар әлемдегі көптеген маңызды азықтық геномдардың секвенирлеуін тәмамдады. Өсімдіктер мен жануарлардың геномдарын секвенирлеу ауди шаруашылығында пайдалану үшін ауқымды әлеуетке ие болып табылады. Осындағы арнайы, спецификалық білім мен генетика саласындағы жетістіктер әлдеқайда мықты, құрғақшылыққа, ауруларға және зиянкес жәндіктерге тәзімді болып келетін ауыл шаруашылық дақылдарын өсіріп баптауда, сонымен қатар өсірілетін мал төлінің сапасын арттыруға, осылайша оны сау, таза, ауруларға тәзімді, өнімді етіп шығаруға қолданылуы мүмкін.

ЖОГАРЫ ДӘЛДІКТ  
РОБОТОТЕХНИКА.

Арзан сенсорлардың, жетілдірілген GPS және өздігінен үйрекнетін машиналардың эволюциясы роботтардың мейнстримге

(англ. mainstream — негізгі ағым айналуына көмектеседі. Бұл роботтардың кейбіреулері бүгінде үлкен, ыңғайсыз және қымбат, бірақ келесі онжылдықта робото техника сенсорлық технология, жасанды интеллект және 5G байланысының арқасында әлдеқайдың ақылды болады. Американдық сүт фермаларында робототехника өте кеңінен тараған және аса жағдайдағы көрініс тапқан. Wintergreen Research жүргізген зерттеуге сәйкес, осы онжылдықтың ортасына қарай сауын роботтарының өндіріс көлемі 30 миллиард АҚШ долларын құрайды.

## **АЗОТТЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ОРНЫНА МИКРОБТАР (ЭНДОФИТТЕР).**

Азот өсімдіктердің қалыпты да-  
муы үшін қажет. Қазір өсімдік  
шаруашылығында минералды  
азот тыңайтқыштары кеңінен  
қолданылады, оларды өндіру үшін  
көптеген табиғи газ немесе көмір  
жұмсалады және көмірқышқыл  
газының көп мөлшері шығарыла-  
ды<sup>38</sup>. Алайда, азоттың тыңайтқышта-  
рының жұмысы істеу мүмкін емес  
өйткені егіннің өнімділігі жарты-  
лай төмендеп кетеді. Сондықтан  
ғалымдар азотты аудан өсімдік-  
тер сіңіретін пішінге айналды-  
ратын кейбір микробтердің  
қолдану мүмкіндігін зерттейді  
(азоттық фиксация). «Микробтар  
20 жыл ішінде пестицидтер мен  
тыңайтқыштарды қолдануды 20%  
ға төмендетуі мүмкін», – делінген  
американдық микробиология  
академиясының есебінде.

АЙЫРЫП ТАНУ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ.

Машиналық оқу мен жасанды интеллектпен бірге, есептеуің техника қуатының артуы фер-

мерлерге жануарлардың әр қимылын бақылауға көмектеседі. Бағдарламалық жасақтама малдың ақсап қалуын, немесе саулығындағы басқа да бір ауытқуды оқыған зоотехниктен екі күн бұрын анықтай алады.

**А**йрып тану технологиясы мадың денсаулығын қадағалауға, техниктердің малға қарауларын бақылауға көмектеседі.

Фитнес-трекерлер: фитнес-трекинг қазір мал шаруашылығында да қолданылады. Трекерлер көмегімен малдың жемдік астықты немесе фуражды тұтынуын, мал денсаулығын қадағалауға, малдың төлдеу ықтималдығын болжаяуға болады.

ӨСІМДІК АҚУЫЗ  
РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Осы онжылдықтың соңында зертханаларда және өсімдік негізінде өсіріліп шығарылған протеиндер ет өнімдерінің нарығына жол ашты. 2019 жылы-ақ 8-ден 18,5 миллиард долларға дейін бағаланған өсімдік ақуыздарының әлемдік нарығы 2025 жылға қарай 40 миллиард долларға жетеді деп болжандуда. Өсімдік ақуыздарының үлесі 2-3% құрайды деп күтілуде, егер бұл жаһандық нарықтың үлесі болса, онда бұл физикалық және қаржылық жағынан айтартылтай маңызды көлем болады. Cargill, ADM және DuPont сияқты кейбір ірі ауылшаруашылық компаниялары қазір өсімдік ақуыздарының нарығына бағытталған<sup>39</sup>.

<sup>38</sup> Дереккөз: <https://aggeek.net/ru-blog/mikroorganizmy-v-mesto-azotnyh-udobrenij>

<sup>39</sup> Дереккөз: <https://www.agprofessional.com/article/20-mega-trends-2020-and-beyond>

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАР ҰСЫНАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРИ

О тандық ауыл шаруашылығы саласының көсіпкөйлары форсайт сессияларында Қазақстанның ауыл шаруашылығында цифрлық технологиялар мен басқа да жаңа технологиялардың таралуын талқылай отырып, бірнеше акцент жасады:

- ▶ роботтар;
- ▶ 3D басып шығару;
- ▶ технологиялық процесс мониторингісі;
- ▶ блокчейн,
- ▶ дрондар,
- ▶ мамандандырылған бағдарламалық жасақтама;
- ▶ жасанды интеллект, серіктер,
- ▶ құрал-жабдық;
- ▶ қаптамадағы нанобөлшектер; ірі қара малдың эмбриондарын трансплантациялау;
- ▶ ақпараттық деректер базасы.

### «Роботтар» технологиялар тобына мыналар кіреді:

- ▶ Мал шаруашылығындағы сауыншы роботтар.
- ▶ Мал шаруашылығындағы ветеринар-роботтар.
- ▶ Арнайы білімді қажет етпейтін, қайталанатын, ауыр жұмысты, мысалы, тауарларды паллеттерге салуды орындаитын роботтар.

### «3D принтерлері» технологияларының тобына мыналар кіреді:

- ▶ 3D принтерлер, мысалы, өндірістегі құрал-жабдыққа қосалқы бөлшектерді жасайтын принтерлер.

### «Технологиялық процестің мониторингісі» технологияларының тобына мыналар кіреді:

#### «БЛОКЧЕЙН»:

- ▶ Блокчейн чиптеумен бірге: тұтынушыға QR коды немесе штрих-код арқылы өсімдіктер / жануарларды өсіруден бастап, өнімнің / тауардың дүкенде пайда болғанға дейін бүкіл өнім/тауар тізбегін бақылауға мүмкіндік беру; немесе технологиялық процесті online трансляциялау, мысалы, жайылымнан «сүт бөтөлкесіне» дейінгі сүт өндірісінің бүкіл процесін трансляциялау.

#### «ДРОНДАР»:

- ▶ Шикізатты қайта өндеу процесін және кәсіпорынның жалпы жағдайын бақылауға арналған, сондай-ақ тұтынушы ауылшаруашылық өнімдерін қайта өндеу процесін қадағалай алатын дрондар.
- ▶ Жайылымдардың өнімділігін арттыруға және мониторинг жүргізуге арналған дрондар (берік жемшөп базасын құру).

#### СОНЫМЕН ҚАТАР:

- ▶ Жануарлардың орналасқан жерін бақылау үшін жануарларды чиптеу (биркалардан бас тарту): асыл тұқымды есепке алуды жеңілдетеді, жануарлардың үрлануының алдын алады.

- ▶ Таулы, қауіпті жерлерде орналасқан ара үяларының, қауіпсіздігін дрондардың, қашықтан басқарудың, бейнетүсірілімнің және т.б. көмегімен мониторингтеу.

### «Мамандандырылған бағдарламалық жасақтама, жасанды интеллект, жолсеріктер, құрал-жабдықтар» технологиялар тобына мыналар кіреді:

- ▶ Сүт фермаларына арналған жасанды интеллект (ЖИ): ЖИ датчиктердің, бейнекамера-лардың және басқа құрылғылардың көмегімен ақпаратты жинақтайды, оны талдайды және технологиялық процестер бойынша қорытынды шығарып, болжам жасайды (мысалы, сауын, ұдайы өндіріс, жануарлардың денсаулығының жағдайы, жемдеу, өнімділік, персоналдың жұмысы және т.б.).
- ▶ Жасанды интеллект (ЖИ) қорек өнімдерін өндіру үшін (процестерді автоматтандырумен / роботтандырумен және деректерді талдаумен үйлесімде): мысалы, мамандайын өнімнің рецептураның қолда бар нормаларға (стандарттарға және т.б.) сәйкестігін талдайды және айқындайды.
- ▶ Датчиктер, ультрадыбыстық датчиктер, сенсорлар, жануарлардың денсаулығы, көбеюге дайындық туралы ақпарат жинауға арналған болюстер және т.б.40
- ▶ Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын азықтандырудың рационын әзірлеуге / есептеуге

арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (азықтарды дайындау және тарату қызметін атқаратын жабдықпен бірге).

- ▶ Ара шаруашылығында араларды тамақтандыруға арналған шәрбатты автоматты түрде мөлшерлеп құюға арналған бағдарламалық жасақтама, жабдық және қашықтан басқару.
- ▶ Егістік жерлерін дәлдік өндеу үшін географиялық-ақпараттық технологиялар.
- ▶ Виртуалдық қойма: өнімді іздеуді және сатуды жеңілдетеді, арнайы гаджеттер, штрих-кодтар / QR кодтары қолданылады, бұлар тауарлар туралы толық ақпаратты көруге мүмкіндік береді.
- ▶ Станционарлық метеостанциялар: белгілі бір егістік үшін нақты ауа райы болжами. Метеостанция – бул: сенсорлар, датчиктер, сервер және гаджеті бар пайдаланушки.
- ▶ Автопилотты ауыл шаруашылық техникасы.

### Жаңа (цифрлық емес) технологиялар тобына мыналар кіреді:

- ▶ Сүт өнімдеріне арналған нанобөлшектері бар вакумдық қаптамалар: антибиотиктер пайдаланудың қажеттілігі жойылады, өнімдер жарты жылға дейін сақталуы мүмкін.
- ▶ Мал басын көбейту үшін ірі қара мал эмбриондарын трансплантациялау.

#### «Ақпараттық мәліметтер

<sup>40</sup> <https://milknews.ru/longridy/prostymi-slovami/prosimi-slovami-isskusstveniy-intellekt-na-molochnoy-ferme.html>



**базалары» технологиялар тобына мыналар кіреді:**

- ▶ Өндірушілерді (мысалы, тұқымдық бұқаларды) іріктеу бойынша бірыңғай базамен (жергілікті және халықаралық) үйлесімдегі мамандандырылған бағдарламалық жасақтама.
- ▶ Азық-тұлік өнімдерін өндірушілер үшін «бұлтты» технологиялар, мысалы: қазақстандық өндіруші импорттаушы елдің нормалары мен стандарттарына сәйкес экспортқа өнім жасағысы келеді. Қазақстандық өнім туралы ақпарат импорттаушы елдегі тұтынушылар үшін «бұлтта» қолжетімді, олар Қазақстаннын импортталатын өнім өз елінде қабылданған нормалар мен стандарттарға сәйкес келетініне көз жеткізе алады.
- ▶ Салалық мемлекеттік орган әкімшілендіретін республиканың агроенеркесіптік кешенінің кәсіпорындары мен олардың клиенттері туралы базалар, мысалы: кәсіпкер осы базаның көмегімен өнімге және өнім өндірісіне қатысты мемлекеттік ережелер, талаптар, нормалар және т.б. туралы және өткізу нарығы (әлеуетті клиенттер) туралы толық ақпарат ала алды.

**БІЗ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАРУҒА МҮҚТАЖ, МУДДЕЛІ ЕКЕНИНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІП БІЛДІК. ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ӘР ТҮРЛІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАЙДАЛАНУҒА БҮГІННІҢ ӨЗІНДЕ ҚОЛ ЖЕТИМДІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЕНДІ АГРАРЛЫҚ БИЗНЕСТІҢ ЖАҢА ЖОЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ НЕ ТҮРТКІ БОЛАТЫНЫН ТУСІНІП АЛАЙЫҚ. АЛДЫН АЛА ҚЫСҚА ШОЛУ ЖАСАП АЙТАРЫМЫЗ: ТӨМЕН ДЕНГЕЙДЕГІ ӨНІМДІЛІК, КАДРЛАРДЫҢ ЖЕТИСПЕУШІЛІГІ, ТАБИГИ РЕСУРСТАРДЫҢ САРҚЫЛУЫ – БҮЛ ЖАҢА ШЕШІМДЕР МЕН ЖАҚСЫ ЖАҚҚА ӨЗГЕРУДІҢ ДРАЙВЕРЛЕРИ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

## 4.2. КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ САЛАДА РЕСУРСТАРДЫҢ САРҚЫЛУЫ

**Климаттың өзгеруі. Үкіметаралық климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобының (ҮКӨСТ) 2014 жылы жарияланған соңғы бағалау мәліметтеріне сәйкес, парниктік газдардың антропогендік шығарындыларының деңгейі қазіргі кезде ең жоғары деңгейде. Ауылшаруашылық өндірісі және оның жерді пайдалануға әсері осы шығарындылардың негізгі көздері болып табылады.**

Төмен және орташа табысты елдерде климаттың өзгеруінің салдары ең жағымсыз болады деп күтілуде, ейткені бұл елдерде миллиондаған адамдар ауыл шаруашылығына тәуелді және бұлар азық-тұлік қауіпсіздігі түрфысынан осал болып табылады.

Соңғы бағалауларында Үкіметаралық климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобының сарапшылары климаттың өзгеруі экваторға жақын елдердегі егін өнімділігіне тұрақты түрде және теріс әсер етіп тұрады деп, жоғары сенімділікпен мәлімдеді. Бұған қарағанда, солтүстік ен-

діктерде жаһандық жылынудың ауыл шаруашылығы өндірісіне қалайша әсер ететіні белгісіз: мұнда жылынудың он салдары да, теріс салдары да болуы мүмкін. Егер жауын-шашынның мәлшері мен жиілігі едәуір өзгерсе, сонымен қатар құрғақшылық пен су тасқыны жиілігі де өзгерсе, онда өнімділік дәрежесі, жалпы алғанда, төмендейді. Эрине, жоғары температура дақылдардың өсуін жақсарта алады, алайда жүргізілген зерттеулерге сәйкес, егер күндіз температура белгілі бір мәннен асып кетсе, егін өнімділігі айтарлықтай төмендейді.

Бұл проблемаға агрономиялық адаптация (икемделу) тәсілімен қарсыласуға болады<sup>41</sup>.

**Үкіметаралық климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобының айтуынша, агрономиялық адаптация егін өнімділігін, орта есеппен, 15-18%-ға арттыра алады.**

Алайда, бұл бейімделудің тиімділігі аймақтан аймаққа қарай нақты жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Климаттың өзгеруі әр аймаққа әр түрлі әсер етеді, әр түрлі із қалдырады, сондықтан бұл аймақтардың барлығында агрономиялық бейімделудің бір ғана тәжірибесін қолдану қарама-қарсы нәтижеге әкеп соғуы мүмкін.

Климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі күш салулардың

нәтижелері саланың шағын өндірушілері өз жұмысында жер, су, балық және орман ресурстарын тұрақты басқару әдістерін қаншалықты толық пайдалана бастайтынына байланысты болады.

### **ЖАҢАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ ЖӘНЕ ТАБИГИ РЕСУРСТАРДЫҢ САРҚЫЛУЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛЫП КЕЛЕДІ. ПЛАНЕТА ӨНДІРІС ПЕН ТҮТЫНУДЫҢ ҚАЗІРГІ МОДЕЛЬДЕРІН ҚОДАЙ АЛМАЙДЫ.**

**БОЛЖАМДАР БОЙЫНША, МАҢЫЗДЫ ЖАҢАНДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРСІЗ ОРТАША ТЕМПЕРАТУРА ЕКІ ГРАДУС ЦЕЛЬСИЯДАН АРТЫҚА ЖОҒАРЫЛАЙДЫ – FA-ЛЫМДАРДЫҢ ПІКІРІНШЕ, БҰЛ ҚОРШАҒАН ОРТАДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖӘНЕ ҚАЙТЫМСЫЗ БОЛАТЫН ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАТЫН ШЕК БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ<sup>42</sup>.**

лестіктің артуына әкеледі, бұл өз кезегінде табиғаттың одан сайын нашарлауына, деградациясына әкеледі.

Әлемдегі барлық ауыл шаруашылық жерлерінің үштен бірінен көбі (33%) тозды, бұлардың сарқылу деңгейі орташа деңгейден жоғары деңгейге дейін өзгеруде. Ауыл шаруашылық жерлерінің тозуы әсіресе құрғақ жерлерде қатты білінеді, жергілікті халықтың өмір сүру сапасына және осы аймақтардағы экожүйелердің жағдайына теріс әсер етеді. Бұғынгі таңда ауыл шаруашылық алқаптарын одан әрі кеңейту үшін мүмкіндіктер аз қалды. Сонымен қатар, қалған жердің көп бөлігін ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу мүмкін емес, өйткені бұл үлкен экологиялық, әлеуметтік және экономикалық шығындарға әкеледі. Табиғи ресурстарды пайдалану қарқындылығы («табиғи ресурстарға жүктеме») тұтынушылық сұраныстың өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар климаттың өзгеруіне де байланысты болады.

Климат өзгергенде, жауын-шашын мен температура мәндері айтарлықтай өзгереді деп болжандуа, мұның бәрі құрғақшылықтың жиі орын алуына әкеледі. Бұл таулы жерлерде және тропиктерде жаңбырмен суғарылатын шағын фермаларға үлкен әсер етеді. Ал дәл осында шаруашылықтар әлемдегі егістік жерлердің 80 пайызын құрайды және әлемдегі ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемінің 60 пайызын өндіреді. Таяу Шығыс, Солтүстік

Африка және Орталық Азия, Үндістан мен Қытай сияқты жауын-шашын мөлшері аз көтеген аймақтарда фермерлер су ресурстарының көп бөлігін пайдаланады, бұл өзендер мен сулы қабаттардың қатты сарқылуына әкеледі. Осы шектеулерді еске ре отырып, суармалы (ирригациялық) жерлердің кеңею жылдамдығы едәуір баяулайды (өсідің мәні 0,1% болады). Бір қызығы, 1961 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде әлемде суармалы жерлердің ауданы 1,6% жылдамдықпен өсіпті<sup>43</sup>.

**Қазақстандық сарапшылар формалық сессиялар барысында «табиғи ресурстардың сарқылуын» ауыл шаруашылығы саласының негізгі трендтерінің бірі ретінде атап өтті. «Мұнай өнімдері мен ауыр металдарға байланысты Қазақстанда ластанған су қоймалары санының өсуі» микротренді ерекшеленді.**

## **3 ТRENД ТАБИГИ РЕСУРСТАРДЫҢ ҮЛФАЙЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН САРҚЫЛУЫ**

Болжамдарға сәйкес, ауыл шаруашылығы 2050 жылға дейін табиғи ресурстардың тапшылығына тап болады. Осы ресурстар үшін бәсекелестіктің артуы оларды шамадан тыс пайдалану және ұтимсыз пайда-

лану қоршаған ортаның тіптен нашарлап кетуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл сценарийдің дамуы деструктивті циклды тудыруы мүмкін, онда ресурстардың тозуы қалған қол жетімді ресурстар үшін бәсеке-

**ТАБИГИ БАЙЛЫҚ – АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДА ӨНДІРІС ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖАЛҒЫЗ РЕСУРС ЕМЕС. АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТҰРАТЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АДАМДАР Да ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ КАПИТАЛ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КЕЛЕСІ САЛАЛЫҚ ТRENДТЕ - «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫНЫң АЗАЮЫ» ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНА ҚАТЫСТИ ЖАҒДАЙДЫ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.**

<sup>41</sup> Мысалы, суару немесе тыңайтқышты қолдану

<sup>42</sup> Дереккөз: <https://www.pwc.co.uk/issues/megatrends/climate-change-and-resource-scarcity.html>

<sup>43</sup> Дереккөз: Food and Agriculture Organization of the United Nations, Rome, 2017. The future of food and Trends and challenges agriculture 37-бет.

## ТРЕНД

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫНЫҢ АЗАЮЫ

**Д**үниежүзілік банктің бағалаудына сәйкес<sup>44</sup>, табыс деңгейі орташа болып табылатын көптеген елдерде (Қазақстан дәл осы елдер тобына жатады), сондай-ақ табыс деңгейі жоғары елдерде, уақыт өте келе, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының абсолюттік саны азайды. Ауылдық жерлердегі халық – ол, негізінен, ересектер мен қарт адамдар. Кейбір кіші салаларда ауылшаруашылық жұмыс қүшінің жетіспеушілігі уақыттың белгілі бір мезетінде ауыл шаруашылық ландшафтына тән болып та кетті.

#### 4.1. Кесте

#### 2000-2017 жылдары ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтудың динамикасы (жалпы жұмыспен қамтудағы пайыздық үлесі, %)<sup>45</sup>.

	2000 жыл	2017 жыл	Абсолюттік өзгеріс	Салыстырмалы өзгеріс
Бүкіл әлем	39.01%	26.47%	-12.54%	-32%
ЭҮДҰ мүше елдер	6.84%	4.71%	-2.13%	-31%
Қазақстан	36.12%	18.05%	-18.08%	-50%
Өзбекстан	39.81%	21.91%	-17.91%	-45%
Қырғызстан	49.72%	26.69%	-23.03%	-46%
Түркменстан	26.20%	8.24%	-17.96%	-69%
Ресей	14.49%	6.70%	-7.79%	-54%

ДЕРЕККӨЗ: Халықаралық еңбек үйымы, ILOSTAT деректер базасы. Деректер 2020 жылғы 21 маусымда алынған.

**Жаңа жүэжилдіктың он жеті жылында Қазақстанда ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2000 жылғы 36,12%-дан 2017 жылы 18,05%-ға дейін қысқарды, Халықаралық еңбек үйымының бағалауы бойынша, осы процесстер тұтас әлемде, Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымы (ЭҮДҰ) елдерінде және ТМД елдерінде болып жатыр (9-кестеде олардың кейбіреулері ғана көрсетілген).**



Азық-түлік өнімдеріне сұраныстың артуы аясында ауыл шаруашылығы секторында жұмыспен қамтылғандар санының қысқаруы – бұл жалпы әлемдік тенденция, жалпыға тән үрдіс. Бұл сын-қатердің нақты жауабы қандай болмасын, бірақ кез келген шешімнің өзегі – ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі шаралардың қабылдануы болуға тиіс. Ауыл шаруашылығына рентабельділікі, табыстылықты арттыруға бағытталған инвестициялар саладан жұмыс қүшінің кему процесімен қатар жүзеге асырылуға тиіс.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазіргі табыс деңгейі жоғары елдерде ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, инфрақұрылымға, маркетингке және жол құрылышына инвестициялар енгізу әрекеттері жұмыс қүшінің ауылдық жерлерден кетуіне ықпал етті. Ауыл шаруашылығының басқа салалармен жұмысшылар үшін

бәсекелестігі күшіне түсті. Мұның бәрі ауылшаруашылық секторындағы жалақы деңгей экономиканың басқа салаларындағы жалақымен сәйкес келуіне әкелді<sup>46</sup>.

#### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАР ФОРСАЙТ СЕССИЯЛАР БАРЫСЫНДА «САЛАДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫНЫң ҚЫСҚАРУЫН» Да НЕГІЗГІ

#### ТРЕНД РЕТИНДЕ АТАП ӨТТИ. МЫНАДАЙ МИКРОТРЕНД ЕРЕКШЕЛЕНДІ: «АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫң ҚАЗАҚСТАННЫң АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖҰМЫС ИСТЕҮГЕ ҚЫЗЫЛУШЫЛЫҒЫНЫң ТӨМЕНДЕУІ».

Көріп отырғанымыздай, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар санының азаюы, егер бұл тренд жаңа технологияларды енгізу арқылы өндіріс өнімділігінің артуымен өтелетін болса, өздігінен күрделі проблема айналмайды.

<sup>44</sup> Дереккөз: Luc Christiaensen, Zachariah Rutledge, J. Edward Taylor. World Bank Group. Policy Research Working Paper 9193. The Future of Work in Agriculture.

<sup>45</sup> Дереккөз: <https://data.worldbank.org/indicator/SL.AGREMPL.ZS?locations=AM>

<sup>46</sup> Дереккөз: Luc Christiaensen, Zachariah Rutledge, J. Edward Taylor. World Bank Group. Policy Research Working Paper 9193. The Future of Work in Agriculture.

## 5 ТРЕНД

# САЛАНЫң ӨСУ ҚАРҚЫНЫ БАЯУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ӨНІМДІЛІГІ КҮННЕҢ КҮНГЕ ҮЛҒАЙЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН АЗЫҚ-ТУЛІК ӨНІМДЕРІ, ЖЕМДІК АСТЫҚ, ЖЕМШӨП, ЖАСҰНЫҚ (КЛЕТЧАТКА) МЕН БИОЭНЕРГИЯ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАНАГАТТАНДЫРМАЙДЫ

**A** ҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің Экономикалық зерттеулер қызметінің деректері әлемдегі саланың жиынтық факторлық өнімділігі (ЖФӨ) 2050 жылдың қажетті азық-түлікке, жемшөпке, жасұныққа және биоэнергияға тұрақты өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін жеткілікті түрде тез өспей тұрғанын көрсетеді. Бұкіл әлемде жиынтық факторлық өнімділік орташа есеппен жылдан 1,63 пайызға өсуде. Өнімділіктің өсуі есебінен ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін (2010-2050 жылдар) екі еселеу үшін ЖФӨ көрсеткіші 1,73 пайыз болуы туіс<sup>47</sup>.

Ауылшаруашылық өндірісінің өсу қарқының сақтау бұрынғыға қарағанда қын болады; бұл негізінен климаттың өзгеруіне, табиғи ресурстардың сарқылуына, ауыл шаруашылығына инвестициялардың жеткіліксіз болуына және технологиялық артта қалуға байланысты. Егер фермерлер шаруашылық жүргізуін ескірген әдістерін – өндірісті үлғайту үшін жер және су ресурстарын көбірек пайдалануды одан әрі де қолданатын болса, – бұл климаттың өзгеруі нәтиже-

сінде қауіп төніп тұрған табиғи ресурстарға будан да үлкен жүктеме өкелетіні сөзсіз. Тұрақты өсудің кілті – жерді, еңбекті және басқа ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады. Инновациялар екі негізгі міндетті шешуге арналған: ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру және табиғи ресурстарды сақтап қалу.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАР ФОРСАЙТ СЕССИЯЛАР БАРЫСЫНДА САЛАНЫң ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТЫРУФА БАҒЫТТАЛҒАН МИКРОТРЕНДТЕРДІ ЕРЕКШЕЛЕП ҚОРСЕТТІ:

- ▶ «отандық ауыл шаруашылығы өндірушілері кооперациясының өсуі»,
- ▶ «ірі қара мал және ұсақ мал отандық тұқымына қажеттіліктің өсуі»,
- ▶ «оларды өсіру және селекциялау қажеттілігі»,
- ▶ «қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімін сату нарығын кеңейту қажеттілігінің өсуі»,

- ▶ «ауыл шаруашылығы үшін қолжетімді және түсінікті қаржы құралдарына өсіп келе жатқан қажеттілік»,
- ▶ «ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру (диверсификациялау): экспортқа бағдарланған сала ретінде отандық ара шаруашылығын дамытудың өсіп келе жатқан қажеттілігі».

**ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН «ЖАСЫЛ» ЖЕР ӨҢДЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ДАМУЫ ЕҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

**САЛАНЫң ЖАҚЫН БОЛАШАҚТА КУШ САЛУЫ ОСЫ ТРЕНДТІҢ ДАМУЫНДА ШОҒЫРЛАНАТЫНЫ АНЫҚ.**



<sup>47</sup> Дереккөз: <https://globalagriculturalproductivity.org/wp-content/uploads/2019/01/2019-GAP-Report-FINAL.pdf>



## 4.3. ЭКОЛОГИЯЗАЦИЯҒА БЕТ БҮРУ

### 6 ТРЕНД «ЖАСЫЛ ЖЕР ӨНДЕУДІН» КҮННЕН-КҮНГЕ КЕҢІНЕН ТАРАЛУЫ

**X**алықаралық органикалық ауыл шаруашылығы қозғалыстары федерациясының<sup>48</sup> деректеріне сәйкес, 2018 жылы әлемнің 186 елінде органикалық егіншілік практикасы қолданылған. Жаңа мыңжылдықтың қарсаңында, 1999 жылы әлемдегі органикалық ауылшаруашылық жерлері бар болғаны 11 миллион гектар болды. Жиырма жылға жуық уақыт өткен сон, 2018 жылы 71,5 миллион гектар органикалық

ауыл шаруашылық жерлеріне айналды. 2018 жылы органикалық ауыл шаруашылық жерлерінің көпшілігі әлемнің келесі аймақтарында болды: Океания (36 миллион гектар, бұл әлемдік ауыл шаруашылық жерлерінің жартысын құрайды) және Еуропа (15,6 миллион гектар, 22%).

Латын Америкасында 8 миллион гектар (11%), одан кейін Азия (6,5 миллион гектар, 9%),

Солтүстік Америка (3,3 миллион гектар, 5%) және Африка (2 миллион гектар, 3%). 1999 жылдан бастап 2018 жылға дейін органикалық ауыл шаруашылығы алқаптары алаңының жеті есеге жуық үлғауына қарамастан, ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы алаңындағы органикалық жердің үлесі небәрі 1,5%-ды құрады (2018 жылы). Органикалық жерлердің кеңеюімен қатар, қорғалатын және басқа да ауыл шаруашылық емес жерлердің 49 ауданы үлғайды: 1999 жылы – 4,1 миллион гектар, 2018 жылы – 35,7 миллион гектар.

Органикалық өнім өндірушілердің саны 1999 жылғы 200 мыңнан 2018 жылы 2,8 миллионға дейін өсті. Органикалық өнім нарығы 2000 жылы 15,1 миллиард еурова, ал 2018 жылы 96,7 миллиард еурова бағанды. Тек 2018 жылдың өзінде бүкіл әлемде органикалық ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 2,02 миллион гектарға немесе 2,9%-ға өсті. Өсім әлемнің барлық аймақтарында болды. Екі елде органикалық жерлердің ауданы ең көп өсті: Францияда «органика» ауданы 16,7%-ға (0,27 миллион гектардан астам) және Уругвайды – 14,1%-ға (шамамен 0,24 миллион гектарға) өсті.

**Әлемнің өңірлері бойынша органикалық ауыл шаруашылығы алқаптарының үлғаю серпіні мынадай<sup>50</sup>:**

- ▶ Еуропада бұл жер, шамамен, 1,25 миллион гектарға өсті (өсім 8,7%),

- ▶ Азияда аумағы 8,9%-ға өсті (0,54 миллион гектар),
- ▶ Африкада жер көлемі 0,2%-ға өсті (4000 гектардан астам),
- ▶ Латын Америкасында аудан 0,2%-ға өсті (13 000 гектар),
- ▶ Солтүстік Америкада өсім 3,5%-дан асты (шамамен 0,1 миллион гектар),
- ▶ Океанияда аудан 0,3% немесе 0,1 миллион гектардан астам жерге өсті.

Қазақстанда органикалық жер өндеу енді ғана белсенді дамып келе жатыр.

**Халықаралық органикалық ауыл шаруашылығы қозғалыстары федерациясының деректеріне сәйкес, 2018 жылы Қазақстан органикалық ауыл шаруашылығы алқаптары бойынша «органика» дамып келе жатқан 186 елдің ішінде 37-орында болды (4.2-кесте).**

Рейтингтің көшбасшысы Австралия болып табылады, онда 35 687 799 гектар жер органикалық алқаптарға бөлінген, естерінізге сала кетейік, әлемде барлығы 71 514 583 гектар – «органика». Қазақстанның органикалық егіншілік өнімдері Еуропалық Одақ елдеріне жеткізіледі. ЕО-ға органикалық өнім экспорттайтын 115 елдің ішінде Қазақстан 15-орында (4.3-кесте). Бұл рейтингтің көшбасшысы 2018 жылы ЕО-ға 415 243 тонна жеткізген Қытай болып табылады.

<sup>48</sup> <https://wwwIFOAM.bio/> Дереккөз: FiBL & IFOAM – ORGANICS INTERNATIONAL THE WORLD OF ORGANIC AGRICULTURE STATISTICS & EMERGING TRENDS 2020 / <https://www.fibl.org/fileadmin/documents/shop/5011-organic-world-2020.pdf>

<sup>49</sup> Ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа жерлер: ауыл шаруашылық емес жерлеріндегі ара шаруашылығы, аквакультура, ормандар және пчеловодство, аквакультура, ормандар мен жайылымдар.

<sup>50</sup> 2018 жылдың мәліметтері. Дереккөз: FiBL & IFOAM – ORGANICS INTERNATIONAL THE WORLD OF ORGANIC AGRICULTURE STATISTICS & EMERGING TRENDS 2020 / <https://www.fibl.org/fileadmin/documents/shop/5011-organic-world-2020.pdf>

## 4.2. Кесте

**2000-2017 жылдары ауыл шаруашылығында жерді қамтудың динамикасы (жалпы жердің қамтылуындағы үлесі, %)<sup>51</sup>.**

Рейтинг	Ел	Гектар
№1	Австралия	35'687'799
№3	Китай	3'135'000
№7	АҚШ	2'023'430
№16	Ресей Федерациясы	606'975
№37	Қазақстан	192'134
Жалпы әлемде:		71'514'583

ДЕРЕККӨЗ: THE RESEARCH INSTITUTE OF ORGANIC AGRICULTURE (FIBL) ЖЕКЕ МЕНШІК СЕКТОРЫНЫҢ, СЕРТИФИКАТТАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҮКІММЕТТЕРДІҢ АҚПАРАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН 2020 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУІ

## 4.3. Кесте

**2018 жылы жеткізуши елдер бөлінісінде ЕО-ға органикалық ауыл шаруашылығы өнімдері импорттының көлемі (деректер 115 елдің 21-і бойынша келтірілген).**

Рейтинг	Ел	Тонна <sup>19</sup>	ЕО-на органиканың жалпы импорттауында елдің үлесі (%)
№1	Китай	415'243	12,7
№7	АҚШ	170'753	5,2
№15	Қазақстан	50'250	1,5
№21	Ресей Федерациясы	34'069	1,0
№51	Австралия	3'388	0,1
Жалпы әлемде:		3'258'532	100,0

ДЕРЕККӨЗ: TRACES/European Commission 2019

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАР ФОРСАЙТ СЕССИЯЛАР БАРЫСЫНДА САЛАНЫ ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЕКІ МИКРОТРЕНДІН БЕЛГІЛЕДІ: «МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚАЖЕТ-ТІЛІГІ» ЖӘНЕ «ТАҒАМ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ ӨНЕРКЕСІБІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАПТАМАҒА СУРАНЫСТЫҢ АРТУЫ, ҚАЙТАЛАМА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨСҮІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАНЫ ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ҮҢГАЙЛЫЛЫҒЫ».**

Біз жаңа мыңжылдықта органикалық егіншілік барған сайын күшейіп, танымалдылыққа ие болып келе жатқанын көрдік. Қазақстанның ауыл шаруашылығы индустрисы осы дүниежүзілік қозғалыста өз орнын тапты. Бұл үрдіс тек У және Z буын үрпақтарының жаңа идеяларының қысымымен күшеттіледі деп сеніммен айтуға болады.

<sup>51</sup> Тонна метрикалық жүйеде.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАР ҰСЫНАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРИ

Отандық ауыл шаруашылығы саласының кәсіпқойлары форсайт сессияларда Қазақстанда осы саланы экологияландауды талқылай отырып, бірнеше акцент жасады: «Жасыл технологиялар», «Қалдықтарды қайта өндіеу», «Ресурстарды үнемдеу».

**«Жасыл технологиялар» технологиялар тобына мыналар кіреді:**

- ▶ -Жасыл технологиялар: биопестицидтер, биотыңайтқыштар, деструкторлар.
- ▶ -Азық-тұлға өнімдерін буып-тұю үшін экотараны өзірлеуді, өндіруді және пайдалануды кеңейту, содан кейін экотараны қайта өндіеу.
- ▶ -Жер өндеу шаруашылығын биологияландару: биохумустың өнеркәсіптік өндірісі және вермикультураның дамуы.
- ▶ -Микробиологияның көмегімен топырақ құнарлылығын жақсарту.

**ТАБИҒАТТЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАСЫЛ ЕГІНШІЛІКТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ АРАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОЛАРДЫҢ ӨМІРДІ ҚОЛДАУДАҒЫ РӨЛІН**

**АСЫРА БАҒАЛАУ ҚЫЫН. СОНЫМЕН ҚАТАР, АРАЛАРДЫҢ БОЛУЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТАБИҒИ ОРТАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КӨРСЕТКІШІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

Сондықтан, қазақстанның сарапшылар ара шаруашылығы технологияларын жеке блок ретінде бөліп көрсетті:

- ▶ Ара шаруашылығында бал ара үшіншіліктерін автоматты түрде басып шығару конвейерлері, балды сорып алу желілері.
- ▶ Ара өсіру үшін пермакультуралық технологияларды қолдану: органикалық бал жасау үшін бал өсімдіктерін отырғызу және өсіру.
- ▶ Ара өнімдерін үздіксіз өндіру үшін бал өсімдіктерін отырғызуға арналған бал конвейерлері.

- ▶ Өнеркәсіптік омарталарда араларды ұстауға арналған биотехнологиялар, мысалы: генетикалық селекция арқылы өсірілген элиталық аналықтарды пайдалану, арнайы жабдықталған ара үялары.
- ▶ Бал араларының бал тұқымдарын, сонымен қоса алғанда, бал араларының отандық тұқымдарын өсіруге арналған селекциялық технологиялар.
- ▶ Бал шараптарын өндіру технологиясы. Бұл шараптағы балдың микроэлементтері ас қорыту, иммунитет үшін пайдалы болып келеді.
- ▶ Аралар мен ара отбасының денсаулық жағдайын бақылау (жалпы ара үясы): ауру туралы, сондай-ақ аралардың ұрықтандыруға дайындығы туралы ақпарат алу үшін аралардың температурасын бақылау.

**«Қалдықтарды қайта өңдеу» технологиялар тобына мыналар кіреді:**

- ▶ Ауылшаруашылық жануарларының қалдықтарын қайта өңдеу, мысалы, анаэробты бактерияларды қолдана отырып, биогаз алуға арналған технологиялар мен жабдықтар.
- ▶ Мал текті жемдік азықты өндіру үшін қауырсын, сүйек, қан және ішек шикізатын өңдеу.
- ▶ Жануарларды суфару үшін микроағзалардың көмегімен ластанған суды сүзіп тазарту.
- ▶ Астық өңдеудің және басқа да өндірістердің қалдықтарынан (мысалы, арпа ашытқысы, сыра бытырасы)

жемшөп өндіру үшін акуыздар мен ферменттерді пайдалану.

- ▶ Қалдықсыз өндіріс / қалдықтар мөлшерін минимумға дейін азайту, мысалы: ірімшік өндірілгеннен кейін қалған сарысу лактозаға төзбеуішлігі бар адамдарға арналған сусындарға өнделеді немесе косметологияда қолданылады.

**«Ресурстарды үнемдеу» технологияларының тобына мыналар кіреді:**

- ▶ Суды үнемдеу технологиялары: инъекциялық суфару, тамшылатып суфару, гидропоника (аз көлемді гидропоника), жемшөп өндірісінде, көкөніс өсіруде жауын-шашиның эффектісін жасау.
- ▶ Қазақстандық сарапшылар атап өткен бірқатар технологиялар бұрыннан белгілі және кеңінен қолданылады, алайда бұл технологиялар Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшін қазір де маңызды болып табылады:
- ▶ Дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, топырақ құнарлылығын мақсатты диагностикалау және басқару,
- ▶ Топырақ құнарлылығын басқарудың аймақтық технологиялары,
- ▶ суармалы жерлердегі экологиялық-мелиоративтік процестерді басқарудың интеграцияланған технологиялары,
- ▶ Параплау құралдарымен жайылымдар мен шабындықтар жасау үшін шалғынды-сортаң кешендерді игеру технологиясы.

## 4.4. ҮЖӘНЕ З БУЫНЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ОЙЫН ЕРЕЖЕЛЕРИ



### ТRENД САЛАДА МАМАНДАР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАҢА БУЫНЫНА ДЕГЕН ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚАЖЕТТІЛІК.

Бүкіл әлем бойынша ауыл шаруашылығы күрделі міндеттерді: құбылмалы климат аясында орнықты даму шенберінде өнімділікті арттыру мәселесін шешудің алдында тұр. Технологиялық инновациялар, XXI ғасырдың экологиялық құндылықтары ауыл шаруашылығының жаңа бағытта дамуына ықпал ететін болады. Алайда, осы өзгерістердің барлығы осы салада кезең-кезеңімен жүзеге асуы үшін егістіктер мен фермаларда жұмыс істейтін адамдар қажет. Біз ауылдық жерлерден адамдардың кетуі – бұл

жалпы әлемдік үрдіс екенін айткан болатынбыз. Алайда, егер жас үрпақты тарту үшін ешқандай күш жұмсалмаса, онда сектор өз бетімен шеше алмайтын дағдарысты бастан кешіруі мүмкін. Ауыл шаруашылығында адамдарды ешнэрсе ауыстыра алмайды.

Саладағы осы жағдайды Ұлыбританиядан мысал ретінде келтіріп те сипаттауға болады. Barclays Bank-тің жаңа зерттеуі, егер жастар ауыл шаруашылығына келмесе, Ұлыбритания ауыл шаруашылығы дағдарысының

шебінде қалуы мүмкін екенін көрсетті. Зерттеу көрсеткендегі, Ұлыбританиядағы фермерлердің орташа жасы – 55 жас, ал фермерларды басқаратын 25 жасқа дейінгі адамдар саны бара-бара азайып келеді. Шын мәнінде, соңғы 10 жылда ферманы басқаратын адамдардың ішінде 25 жасқа толмағандардың үлесі 63%-ға төмендейді. Елдің ең мықты аграрлық аймағында, Ұэльсте, мұнда жердің 88%-ы ауыл шаруашылығына пайдаланылады, фермерлердің тек 3%-ы ғана 35 жасқа әлі толмаған. Саланың болашағы белгісіз, ейткені 30 жасқа дейінгі адамдардың тек 3%-ы ғана ауыл шаруашылығында жұмыс істей қажетті мансапты қамтамасыз ете алады деп санайды<sup>52</sup>.

Технологиялық дамыған АҚШ-та ауыл шаруашылығы үлттық бірегейліктің бөлігі болып табылады және американдық экономиканың маңызды бөлігі болып қала беруде. 2020 жылы ауыл шаруашылығында, балық шаруашылығында және орман шаруашылығында 3,19 миллион адам жұмыс істеді (олардың 1,13 миллионы – жалдамалы жұмысшылар, қалғандары - фермерлер және олардың отбасы мүшелері)<sup>53</sup>, ал 2019 жылы саланың жалпы өнімі 449,8 миллиард долларды құрады. Бірақ салаға жұмысшыларды тарту мәселесі американдық ауыл шаруашылығы үшін де өзекті болып табылады. Америка Құрама Штаттарындағы жұмыссыздықтың төмен деңгейі ауыл шаруашылығында әлі де көп болып табылатын қол жұмысын істеге

дайын американдық жұмысшыларды табуға тырысатын жұмыс берушілердің үмітсіздігін күшейтті. Бірнеше жылдар бойы АҚШ-тың аграрлық секторындағы жұмыс күшінің жетіспеушілігін Мексика мен Орталық Америкадан келген занды және заңсыз маусымдық жұмысшылар толықтырып келді<sup>54</sup>. Алайда, ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығына тән тенденциялар барлығына бірдей жұмыс істейді, оның ішінде аз дамыған елдерден жоғары табыс іздел келген мигранттар үшін де. АҚШ-та ауыл шаруашылық жұмысшысы ретінде мансабын бастаған көптеген мигранттар бірнеше жыл егістіктер мен фермаларда жұмыс істегеннен кейін Америка экономикасының басқа салаларына көшеді. Агросектордың тартымсыздығы жас мигранттардың ауыл шаруашылығында жұмыс істегі келмейтіндігіне әкеледі, нәтижесінде 2008 және 2018 жылдар аралығында ауыл шаруашылығындағы жұмысшы-иммигранттардың орташа жасы 5 жасқа үлғайып кетті<sup>55</sup>.

Қол еңбегі, маусымдық жұмыс, жер мен жануарларға байлану – мұның бәрі жастардың көз алдында экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда, ауыл шаруашылығын аса тартымды ете қоймайды. Бір қызығы, экономикалық даму деңгейі әр түрлі елдерде жағдай түбекейлі ерекшеленбейді, тенденциялар іс жүзінде бірдей болып келеді. Жаңа мыңжылдықтың технологиялары бұл мәселені, мүмкін, өндірісті автоматтандыру және роботтандыру арқылы шешуге арналады<sup>56</sup>.

## 8 ТРЕНД ТҮТҮНУШЫЛЫҚ ҰНАТУЛАР З БУЫНЫНЫ ӘСЕРІМЕН ӨЗГЕРЕДІ

**Z**буыны - бұл еңбек нарығына шығатын жаңа буын және түтүнушылардың жаңа буыны. Задамдары, оларды шартты түрде осылай айтайық, соғыстан кейінгі үрпақтан, х үрпағынан және тіпті миллениалдар буынынан, ең алдымен, өзгеше құндылықтарымен ерекшеленеді.

Осы адамдардың кім екенін және олардың айырмашылығы неде екенін осы үрпақтың американдық сегментінің мысалында егжей-тегжейлі қарастырып көрейік. Қазіргі уақытта Z буыны АҚШ халқының жалпы санының 25%-нан астамын құрайды (қазір Z буынының өкілдерінің саны «бебибумерлерден» немесе «миллениалдардан» көп). Бұл АҚШ тарихындағы этникалық тұрғыдан ең әртүрлі және технологияларға еніп кеткен адамдар буыны. Бұғын, 2020 жылы олар барлық түтүнушылардың 40%-ын құрайды. Бір қуні олар ең үлкен сатып алу қабілетіне ие болады.

Осы буынның өкілдері басқа адамдардан немен ерекшеленеді? Z адамдар әлеуметтік медиа құралдар басымдық етіп отырған, әр түрлі технологияларға және ақпаратқа баршаның қолы жетімді мәдениетте туылып өсіп-өніп келе жатыр, олардың әлемге

кезқарастары кеңірек болып келеді және өздеріне жүктелген мәдени, экологиялық жауапкершілікті де олар тереңінен бойлап түсінеді. Бұл буын дүниеге, қандай да бір әсер алуларға қызығып кетпейді, олар табиғатқа түтүнушылық қатынас жасау планетарлық экожүйелердің тепе-тендігін бұзатынын, ал жеке тұлғалық деңгейде қанағаттанбаушылық пен түңілуге көбірек әкеп соғатынын жақсы түсінеді.

Жаңа буынның құндылықтары олардың түтүнушылық мінездеріне қалайша әсер етеді? Barclays зерттеулері бойынша, Z буыны, миллениалдарға қарағанда, тоғуды (соядан жасалатын ірімшік) 57%-ға артық және жануар текті емес сүтті (мысалы, соя сүті немесе бадам сүті) 550% артық түтүнады екен. Олардың көбісі қазір өрістеп бара жатқан «флекситарийлер» қозғалысының бөлігі болып табылады<sup>57</sup>, бұлар саналы түрде етті және жануар текті басқа да өнімдерді мерзімдік түтүнуды таңдайды. Z буыны өкілдерінің 65%-ға жуығы өсімдік текті тағамдар әлдеқайда тартымды деп санайды, ал 79% - етті түтүндан мүлдем бас тартады немесе етті түтүнуды аптасына 1-2 ретке дейін қыскартады.

<sup>52</sup> Дереккөз: <https://www.agrirs.co.uk/blog/2019/01/britain-under-pressure-to-attract-more-young-people-into-agriculture>

<sup>53</sup> Дереккөз: <https://www.ers.usda.gov/topics/farm-economy/farm-labor/#size>

<sup>54</sup> Дереккөз: <https://www.bea.gov/data/gdp/gdp-industry>

<sup>55</sup> Дереккөз: [https://www.washingtonpost.com/world/the\\_americas/with-fewer-undocumented-workers-to-hire-us-farmers-are-fueling-a-surge-in-the-number-of-legal-guest-workers/2019/02/21/2b066876-1e5f-11e9-a759-2b8541bbbe20\\_story.html](https://www.washingtonpost.com/world/the_americas/with-fewer-undocumented-workers-to-hire-us-farmers-are-fueling-a-surge-in-the-number-of-legal-guest-workers/2019/02/21/2b066876-1e5f-11e9-a759-2b8541bbbe20_story.html)

<sup>56</sup> Дереккөз: <https://www.ers.usda.gov/topics/farm-economy/farm-labor/#size>

<sup>57</sup> Флексарий-бұл көбінесе вегетариандық диетаны жейтін, бірақ кейде ет немесе ет өнімдерін жейтін адам.

<sup>58</sup> <https://www.hartman-group.com/>



Hartman Group зерттеулеріне сәйкес<sup>58</sup>, жоғары сынып оқушылары орта мектепке ауысқанда, өсімдік текті негіздегі тамақтануға үйір болып келеді екен. Hartman пікірінше, бұл тенденция уақыт өте келе әлсіремейді, керісінше, өсімдік текті тағамды таңдау тек өсе береді. Жаңа буынның тұтынушылық ұнатулары түсінікті болса, болашақта әлемді қалайша тамақтандыру керек екені белгілі болады.

- ▶ Z буыны адамдардың, жануарлардың және планетаның аман-есендігіне қамқоршы болып табылады. Осы құндылықтарды көрсететін тағамдық брендтер «жасыл» егіндер мен жылжайларда өсірілген жас өсімдік ингредиенттерді пайдаланады. Сонымен қатар, тұтынушылармен әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынас орнатып, жұмыс жасайтын өндірушілердің сұраныс тарапынан танымал болуға мүмкіндіктері көбірек болады.
- ▶ Жаңа буынның диеталық ұнатулары алдыңғы буындармен салыстырғанда әлдеқайда алуан түрлі болып келеді: бұлар әлемнің түкпір-түкпіріндегі тағамдарды ұнатады.
- ▶ Цифрлық абориген болу-ларына орай, Z буынның

өкілдері үшін әлеуметтік желілер мен электрондық коммерцияның үйлесімдігі аса ыңғайлы болмақ. Бұл буын смартфон немесе планшет арқылы онлайн-шопинг ыңғайлылығын және тағамға жылдам қол жеткізуді бағалайды.

- ▶ Z буыны шынайылықты жоғары бағалайды, оларды маркетингтік әрекеттермен алдау мүмкін емес. Сатушының барлық сендірулерін олар сарапшылардың, инфлюенсерлердің пікірлері арқылы, YouTube-та видеоны қарап, әлеуметтік желілерде қалдырылған пікірлерді оқып тексеретін болады. Олар брендке деген ниеттестіктен гөрі, шындықты жоғары бағалайды, сондықтан сатушы өз тауарының ингредиенттері, жеткізушилер тізбегі, қоршаған табиғатқа жасалған әсері және т.б. туралы ашық айтып берсе ғана, жаңа буын өкілі болып табылатын сатып алушының сенімін ала алады<sup>59</sup>.
- ▶ Тұтынушылардың жаңа буыны жаңа жергілікті өнімдерді жоғары бағалайды. Урбанизацияның жалғасуы жаңа өнімдер тез арада қалалардың орталығына

жеткізіліп отыруы керек де-генді білдіреді. Миллениалдар мен Z буыны өндірістің маусымдылығын көбірек түсініп, жергілікті нарықта пісіп жетілген, өсірілген өнімді сатып алғысы келеді. Қайта өнделген өнімдер енді сәнде емес. Егер фермерлер жаңа піскен өнімдерін егін жиналғаннан кейін бірден қалаға жеткізе алса, олар өз тауарларын жоғары бағамен сата алады.

- ▶ Жаңа буын тұтынушылары «жасыл» фермаларда, гуманистік амалдармен өсірілген өсімдіктер мен жануарлардан алынатын органикалық өнімдерді жоғары бағалайды. Табиғатқа зиянды әсер етпейтін фермаларда балама энергияны қолдана отырып, егістіктерде, еркін жайылымдарда өсірілген, ГМА жоқ органикалық өнімдер барған сайын маңызды бола бастайды.
- ▶ Жас үрпақ азық-тұлік ландшафтың және онымен бірге ферманы да өзгерtedі. Миллениалдар мен Z буынның талаптарына сәйкес болу үшін фермерлерге әр түрлі өнімдер шығару, оларды бақылау және сертификаттау, сонымен қатар тұтынушыларға женілдетілген жеткізілім тізбегінде жаңа өнімдер жеткізуі іске асыру қажет болады. Сертификаттау мен технологияларға қазірдің өзінде қаржат салып жатқан фермерлер миллениалдар мен Z буыны экономикада үстем жағдайға ие болған кезде пайда көретін болады<sup>60</sup>.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫЛАР ФОРСАЙТ СЕССИЯЛАР БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӨЗГЕРІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТҰТЫНУШЫЛЫҚАРЫҢ ӘСЕРІН АТАП ӨТТИ. ОЛАР КЕЛЕСІДЕЙ МИКРОТРЕНДТЕРДІ ЕРЕКШЕЛЕП КӨРСЕТТІ: «САЛАУАТТЫ, ФУНКЦИОНАЛДЫ ТАМАҚТАНУҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ АРТУЫ», «ҮЙДЕ ӨНДІРІЛЕТИН ӨНІМДЕРДІҢ ТАНЫМАЛДЫЛЫҒЫНЫҢ АРТУЫ (КРАФТТЫҚ ӨНДІРІС, ШАҒЫН ПАРТИЯЛАРМЕН ӨНДІРУ)».**

**Сонымен қатар қазақстандық сарапшылар келесі технологияларға акцент жасады:**

- ▶ Дұрыс тамақтану әдетін қалыптастыру құралы ретінде мамандандырылған мобильді қосымша («дұрыс тамақтану»): қосымша пайдаланушының физикалық және әлеуметтік параметрлеріне (мысалы, жасы, денсаулығы, кәсібі және т.б.) негізделген диетаны ұсынады. Қосымшаның көмегімен пайдаланушы қандай да бір тағамның құрамын және тағам компоненттерінің тағамдық пайдалылық (денсаулық жағдайына әсер ету) дәрежесін талдай алады.
- ▶ Крафттық өндіріске көмектесетін мобиЛЬДІ зертханалар, мысалы: шағын наубайхананың, немесе шағын көлемді өндірісі бар ірімшік қайнату кәсіпорнының өнімін сертификаттау процесін жеңілдетіп, жылдамдату үшін мобиЛЬДІК зертхана өндіріске келіп, қажетті үлгілерді жинайды да, сертификаттау орталықтарына жібереді.

<sup>58</sup> Дереккөз: <https://eftp.co/news/generation-z-future-of-food>

<sup>59</sup> Дереккөз: <https://agfundernews.com/changing-consumer-preferences-will-impact-the-farm.html>

5.

А

ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САЛАСЫНЫҢ  
БОЛАШАҚ БЕЙНЕСІ  
ЖӘНЕ ДАМУЫНЫң  
БОЛЖАМДАРЫ





## ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУ- АШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ БОЛА- ШАҚ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫң БОЛЖАМДАРЫ

**Нақты саланың болашағын кім қалыптастырады, оқиғалардың дамуына қандай күштер әсер етеді?**

Біріншіден, біз жоғарыда атап өткен жаһандық МЕГА трендтер. Бірақ толық сипаттама беру үшін мемлекеттің рөлін, таратылған жаңа технологи-

ялардың динамикасын және компанияның қызметіне назар аудару қажет. Көптеген компаниялар өндірістің өзін құрайды, ал технологияның халықаралық

денгейде тараптуы технологияның дамуы мен экономиканың өсіү үшін маңызды қайнар көзі болып табылады. Мемлекет өз кезеңінде, барлық нарыққа қатысуышлар сақтауға міндетті ойын ережесін бекітеді. Дегенмен, саланың негізгі «тіршілік көзі» компаниялар мен олардың тұтынушылары болып табылады. Белгілі бір кезеңге дейін нақты бір компания немесе корпорация жұмысының басты және жалғыз мақсаты пайда табу деп саналып келді. Бірақ Төртінші өнеркәсіптік революцияның тараптуу шамасына қарай көптеген бизнес көшбасшылары өз корпорацияларының мұдделерін ғана есепке алып, өздеріне акционерлердің жеке мұдделері мен саланың стэйкхолдерлері үшін ғана жауапкершілік алмайды. Элемдік бизнес көшбасшылары өздерінің рөлін жаңаша түсініп, ең алдымен Америкалық коммерциялық емес ассоциацияның «Бизнес мәселелері бойынша дәңгелек үстелінде» жариялады, одан кейін 2019 жылы Давоста өткен Бүкіләлемдік экономикалық форумда жария етті. Американың алдыңғы қатарлы корпорацияларының бас директорлары XXI ғасырдың өзгермелі жағдайларындағы өз компанияларының жұмысының жаңа қағидаларын былайша сипаттады: «...жұмыс үдерісінде біріккен және тұрақты құнды қалыптастыру үшін компания өз акционерлеріне ғана қызмет етпейді, сондай-ақ, барлық мұдделі тараптарға – қызметкерлерге, тұтынушыларға, тауарды жеткізушілерге, жергілікті халыққа және жалпы қоғамға

қызмет етеді...»<sup>61</sup>. Бір сөзben айтқанда, компаниялар енді өз жұмысында бәсекелестік күресінде жеңіске жету және EBITDA көрсеткішінің жоғарғы мәніне қол жеткізуден де үлкен мәселені жетекшілікке ала бастады.


Бұл бүкіләлемдік қозғалыс қашан («Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік»<sup>62</sup>) нақты саланың даму бағытын анықтай бастайды, мысалы, құрылыш өндірісін? Іс жүзінде бұл жұмыс атқарылып жатыр. Құрметті оқырман, Атластың төртінші бөлімінде біз Сізге «Экологизацияға бет бұру» және «Ү және Z буыны және олардың ойын ережелері» сияқты жаһандық трендтер жайлы әңгімеледік. Басқа да МЕГА трендтермен қатар, бұл күштер де іске қосылған, олардың ықпалы зор.

Қазіргі кезеңде бизнес қауымдастыры мен жалпы қоғамда XXI ғасыр мен Төртінші өнеркәсіптік революцияның шынайы жаңашылдықтарының мойындалғанын сенімділікпен айтуға болады. Ендігі жерде қалғаны аз ғана жұмыс, яғни өндіріс пен мамандарға жаңа пардигма шеңберінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жаңа технологияларды мейлінше көп қолдануды көздеу болып табылады. Мұнда біз инновацияларды енгізу проблемасымен бетпе бет келеміз. Бірден айта кетейік, жаңа технологиялардың алғашқы көздері - негізгі күштері ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер саласына жұмылдырылған аздаған экономикасы дамыған елдер болып табылады.

<sup>61</sup> Дереккөз: <https://www.weforum.org/agenda/2019/12/davos-manifesto-2020-the-universal-purpose-of-a-company-in-the-fourth-industrial-revolution/>

<sup>62</sup> Дереккөз: <https://www.unido.org/our-focus/advancing-economic-competitiveness/competitive-trade-capacities-and-corporate-responsibility/corporate-social-responsibility-market-integration/what-csr>

5.1. Сурет

**Эверетт Роджерс бойынша новациялар таралуының 5 кезеңі.**

Бұл өз кезегінде көптеген елдердің шетелдерден алынған технологияларды енгізуге көп сүйенетінін білдіреді.

Қазіргі уақытта әлемдегі жағдай осындай.

Мысалы, экономикалық ынтымақтастық пен даму үйіміна кіретін елдерде жаңа технологиялар көбінесе басқалардан алынған. ЭҮДҰ-на кіретін елдер негізінен европалық елдер екенін еске сала кетейік. Соған қарамастан, әлемнің көп елдерінде еңбек өнімділігінің өсуі 90 пайыздан астамы жаңа технологияларды енгізуге байланысты.

Сөйтіп, бүкіл әлемдегі технологиялық өзгерістердің сипаттамасы және еңбек өнімділігінің деңгейі, технологиялардың халықаралық дәрежеде таралуына көп байланысты. Барлығы дұрыс болған жағдайда технологиялар диффузиялық жолмен таратылады, яғни бір

технологиядан немесе өнімнен келесі түріне ауысу сигмовидтік немесе кумулятивтік дұрыс бөлуге сәйкес іске асырылады.

Иновацияларды тарату теориясын айтып кеткен Эве-ретта Роджерстің жіктеуіне сәйкес инновацияларды таратудың бес кезеңі бар. Бастапқыда инновацияларды енгізу жылдамдығы ете баяу, өндірістің тек 2,5% кәсіби қауымдастыры жаңа технологияларды қолдана бастады – бұлар «новаторлар».

Одан кейін саладағы озық тұрған компаниялар (олар шамамен 13,5%) жаңашылдықтардың пайдалы жағын бағалап, қосыла бастады. Жаңа технологиялардың осы салада пайдалы екені көнін әйгілі болған кезде ғана жаңа технологияларды жаппай енгізе бастайды («ерте көпшілік») және «кеш көпшілік»<sup>63</sup>. Инновация толық іске қосылуы үшін «дұрыс жағдайлар» қандай болуы тиіс?

- ▶ Біріншіден, іс жүзінде жаңа технология өзі ауыстыруға арналған идеядан, бағдарламадан немесе өнімнен асып түсіу тиіс.
- ▶ Екіншіден, жаңашылдық оған нақты қатысушылардың құндылықтарына, тәжірибелеріне және қажеттіліктеріне сәйкес болуы тиіс.
- ▶ Ушіншіден, – жаңашылдық оны түсіну және енгізу үшін үлкен құшті талап етпеу тиіс.
- ▶ Төртінші – жаңашылдықты енгізу міндетті болғанға дейін тестілеуден өткізуі немесе экспериментте пайдаланылуы тиіс.
- ▶ Ең соңында – жаңашылдық өзгерістерлер созілетіндей нәтижелер беруі тиіс<sup>64</sup>.

Қазіргі жаңа технологияларды таратуда немесе қолдану жолында кедергілер жасау үдерістеріндегі мемлекеттің рөлін ашып көрсететін уақыт келді. Үкімет жаңа технологияларды енгізуге немесе бұл үдерісті толық бұғаттап қоюға белсенді ықпал ете алады. Мысалы, егер мемлекет жаңа технологияларды алға жылжытуға мүдделі болса, онда бұл үкіметтің тапсырысы бойынша жүзеге асырылатын жобаларда немесе мемлекеттің тікелей қатысы бар салаларда (мысалы, авиа тасымалдау) жиі кездеседі. Сондай-ақ, егер мемлекет жаңа технологияны «нөлден» бастап игеруге мүдделі болса, субсидиялар нақты іс-әрекет құралы болып табылады.

Дегенмен, егер мемлекет қандай да бір себептермен жаңа технологиялардың қірізілүін қаламайтын болса, теріс әсері көп болады.

**А** лайда, егер мемлекет қандай да бір себептермен жаңа технологиялардың енуін жағымсыз деп санаса, әсер одан да жойқын болады.

Үкіметтің жаңашылдықтардың енгізуі үдерісіне көмектесуді қалауы немесе қаламауы не менеге қатысты болады? Оның қарапайым әрі нақты жауабы бар. Жаңашылдықты енгізуден келетін пайдадан гөрі мүдделі тараптардың билікке күш салуы жоғары тұратын болса беттер жасалынады. Сонымен қатар үкімет өз мүддесін қорғау үшін қолданыстағы мәртебесін нақты шаралармен бекіте түседі (мысалы, зангармен, тарифтермен). Жаңа технологиялардың қосылуына белгілі бір мүдделі топтардың таралынан қарсылық көрсетілуін олардың бұрыннан қолданылып келген технологияларға арналған активтерге ие болуымен түсіндіріледі, ал жаңашылдықты қірістіргенде олар біршама көп шығынға үшірайды<sup>65</sup>. Барлық құралдарды пайдалана отырып, ең алдымен, ортамерзімдік болашакта Қазақстанның құрылыш өндірісі дамуының жалпы келешегіне талдау жасап көрейік.

<sup>63</sup> Дереккөз: <http://sphweb.bumc.bu.edu/otlt MPH-Modules/SB/BehavioralChangeTheories/ BehavioralChangeTheories4.html>

<sup>64</sup> дереккөз: технологияларды тарату және халықаралық Хелен В. Милнер жүйесі, Принстон Университеті және Сондре Ульвунд Солстад, Принстон Университеті

## ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ТАЯУ 10-15 ЖЫЛДА ЖАЛПЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ.

**Экономикалық дамыған және саяси еркін елдерде саланың болашағын қалыптастыратын барлық күштер өздігінше стандарт немесе базалық модель болып табылады. Эрине, бұл базалық модельді қазақстандық шынайылыққа сәйкес өлшеу дұрыс емес. Онда біз саладағы оқиғалар дамуының жанды сценариін көре алмаймыз. Сондықтан базалық модельден біздің елімізге сай келетін элементтерді бөліп қарастыруға тырысамыз.**

Егер компанияның базалық моделі бойынша өз жұмысында өндірістің рентабелділігін ғана жетекшілікке алмай, сондай-ақ, жалпы қоғам мұддесін де жетекшілікке алатын болса, ал қазақстандық модельде өнімділік мәселесі өзірше басты орында тұр. Соған қарамастан, қазақстандық сарапшылар қауымдастыры табиғи ресурстардың сарқылып бара жатқанын және жаңа технологияларды енгізудің<sup>66</sup> отандық ауыл шаруашылығы саласына өзгерістер әкелетінін түсіне бастады.

Барлық әлемдегі сияқты басқа елдердің жаңа технологияларын енгізу біздің отандық салада да өнімділікті арттырудың маңызды ресурсы болып табылады. Төртінші өнеркәсіптік революцияның

технологиялық жетістіктері көмекке келеді. Бұл жағынан алғанда, біздің жағдайымыздың әлемдегі көптеген елдерден еш айрымашылығы жоқ. Бірақ белгілі бір кемшіліктер де бар, біз оларды әрі қарай қарастырамыз.

Қазақстанның жағдайында жаңа технологияларды алға жылжытуда мемлекеттің рөлі біржакты анықтала алмайды. Бір жағынан, ҚР Президенті өткен жылдың аяғындағы өз Жолдауында 2030 жылға дейін суармалы жерлердің ауданын кезең-кезеңмен көбейтіп, 3 млн. гектарға жеткізу қажеттігін атап айтты. Үкімет фермерлердің өнім өндірудің сыртқы нарығынан ізденіп, игеруіне және ауыл шыруашылығы шикізатын экспорттаудан дайын өнімді

экспорттауға көшуіне барынша ықпал жасауы тиіс<sup>67</sup>. Бірақ екінші жағынан, латифундилердің бар екенін және олардың жағымсыз рөлін жоққа шығара алмаймыз<sup>68</sup>.

Ортамерзімдік келешекте Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы МЕГА трендтер, салалық трендтер, компанияның қызметі, жаңа технологияны тарату, мемлекеттің рөлі сияқты барлық факторлардың ықпалын қарастыра отырып, сенімді түрде келесі факторларға басымдық беруге болады:

- ▶ саладағы рентабелділік,
- ▶ саланы кадрмен қамтамасыз ету.

Саланың төмен рентабелділігінің проблемасы<sup>69</sup> соңғы бір жылдағанда өзекті емес, сондықтан республиканың экономикасын шынайы әртараптандыратын уақыт жеткенін және келешектегі 10-15 жылда мұнайды пайдалануға ғана сенуге болмайтыны жайлы фактілерді есепке ала отырып, қазір бұл мәселені шешетін уақыт келді. Дегенмен, уақыт өте келе, отандық ауыл шаруашылығының жоғары өнім бермейтіні туралы мәселе өздігінен шешілмейді. Сонымен бірге жақын арада өндірістің экстенсивті даму ресурсы таусылады да экономикалық өнімділікті арттыру мәселесі бұрынғыдан да аса өзекті болады. Сала мен үкімет

бұл проблеманы басқа құралдармен шешу қажеттілігі туралы түсіне бастады, атап айтқанда, жаңа технологияларды енгізу, орта және шағын шаруашылықтарды технологиялық түрғыда қайта жарактандыру үшін мүмкіндік жасау арқылы шешу болып табылады. Осы бағытта белгілі қадамдар жасалуда, мысалы дәлме-дәл егіншілікті және ауылшаруашылығы көрсеткіншілдіктерін алға жылжыту.

Тағы бір айта кететін жайт, Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы капиталдың қарқындылығына залалын тигізе отырып, еңбек қарқындылығының соңғы мүмкіндіктерін пайдаланып отыр деуге болады. Әзірше өндіріс көп жағдайда адам еңбегіне сүйенеді (әсіреле кіші және шағын фермерлік шаруашылықтарда) және аздаған мәлшерде жаңа технологияларды (техниканың, құрал жабдықтардың, цифрлық технологиялардың жаңартылған түрлерін) пайдаланады.

Бірақ біз болжам жасау шегін әрі қарай шегіндірген сайын саланың еңбек қарқындылығы моделінен капиталдың қарқындылығына көшу мәселесі өзекті бола туседі. Бұл неге байланысты? Қазірдің өзінде Қазақстан халқы БҰҰ әдістемесі бойынша қартаюшылар қата-рына жатады: 2019 жылы 65 жастан асқан қазақстандықтардың саны 7%-пайызың үшіншілік мәлшерінен<sup>70</sup> асып, 7,5% құрайды<sup>71</sup>. Бұл еңбек на-

<sup>66</sup> <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/realizaciya-poslaniya-prezidenta-rk-v-apk-uvelichenie-investiciyirost-proizvodstva-produkci-zhivotnovodstva>

<sup>67</sup> <https://zonakz.net/2019/11/14/prezident-rk-ob-izyatii-zemel-u-latifundistov-rabota-prodvigaetsya-krajnemedlenno/>

<sup>68</sup> Дереккөз: [https://forbes.kz/process/property/stroitelstvo\\_v\\_usloviyah\\_krizisa/](https://forbes.kz/process/property/stroitelstvo_v_usloviyah_krizisa/)

<sup>70</sup> Дереккөз: [https://books.google.kz/books?id=A9DsejBZY8EC&pg=PA133&dq=7+per+cent+aging+population+UN&source=bl&ots=UUvdB47k8M&sig=ACfU3U1-H1I2mTk0Pj-QQ\\_2djjjsjx-QqA&hl=ru&sa=X&ved=2aahUEwijniaHSlovqAhXPw6YKHW9AbsAQ6AEwDXoECAwQAQ#v=onepage&q=7%20per%20cent%20aging%20population%20UN&f=false](https://books.google.kz/books?id=A9DsejBZY8EC&pg=PA133&dq=7+per+cent+aging+population+UN&source=bl&ots=UUvdB47k8M&sig=ACfU3U1-H1I2mTk0Pj-QQ_2djjjsjx-QqA&hl=ru&sa=X&ved=2aahUEwijniaHSlovqAhXPw6YKHW9AbsAQ6AEwDXoECAwQAQ#v=onepage&q=7%20per%20cent%20aging%20population%20UN&f=false)

<sup>71</sup> Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті. Қазақстан әйелдері және ерлері 2014-2018. Статистикалық жинақ

<sup>66</sup> Ауыл шаруашылығы сарапшыларының осы жоба аясында өткізген сандық саулалнама деректері негізінде (B.21).

рығына жастардың аз шығатынын, сондыктан қазір осы салада жұмыс істеп жүрген жұмысшылар мен мамандар ұзақ жұмыс істейтіндігін білдіреді.

Ертелі-кеш салада жұмыс істейтіндердің саны қысқарады, адамдар зейнеткерлік демалысқа шығады, ал олардың еңбегін ауыстыру қынға соғады<sup>72</sup>.

Саланың жаңа дәуірге өтуі оңай болмайтынын сенімділікпен айта аламыз. Егер салада бұрыннан нақты бір сараптамалық деңгей бар болса, онда жаңа технологияларды енгізу арқылы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сарапшылардың белгілеген деңгейі:

- ▶ білікті кадрлар,
- ▶ аса жақсы дамыған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар,
- ▶ білікті кадрлар даярлаудың дамыған жүйесі және т.б.

Дәл қазір отандық өндірісті жоғары технологиялық түрғыдан қайта жасаудың (ауыл шаруашылығындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар, АӘК арналған жабдықтар мен техника өндіру, АӘК үшін мобиЛЬДІ технологияларды және бағдарламалық қамтамасыз етуді өзірлеу саласы) дамуы едәуір артта қалып қойған.

**Көсіби білікті кадрлардың жетіспеушілігі немесе оларды даярлау сапасының төмендігі сияқты түйткілді мәселелер бар. Мұндай жағдайлар саланың алда күтіп түрған өзгерістерге дайындығын төмендетеді. Сондықтан көсіби қауымдастықта**

**кадрлардың көсіби даярлығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін жергілікті жерде өндіруге (өсімдік және мал шаруашылығы) инвестиция жасамай болмайды деген түсінік қалыптасты.**

Ағымдағы жағдайларда Үкімет, нақтырақ айтқанда, КР ауыл шаруашылығы Министрлігі саланы жедел цифрландыруға қызығушылық танытады деп күтілуде; бұл салада дәлме-дәл егіншілікті қолдану бойынша пилоттық жобалар жұмыс жасап жатыр<sup>73</sup>. Саланың экстенсивтік даму кезеңі сонына таяп келеді. Сала үшін бір қатерлі тәуекелдің өзін жүзеге асыру (мысалы, мақсатты өндіруші нарыққа дейін өнімдерді жеткізу құнының қымбаттауы, саланы мемлекеттік реттеудің тиімсіздігі, құрал-жабдықтарға, тыңайтқыштарға, жемге, ветеринарлық препараттарға және энергоресурстарға сыртқы және ішкі бағаның үнемі өзгеріп тұруы) қаншама зардап шектіру мүмкін.

Жаңа мүмкіндіктерді белсенді пайдаланғанда ғана қауіп-қатерді азайтуға болады. Бұл қандай мүмкіндіктер? Бұл заманауи технологиялар мен құрал-жабдықтарды енгізу және пайдалану, кадрларды көсіптік даярлаудың сапасын жақсарту және отандық өндірісті дамыту. Тұйықталған шеңбер деуге болады. Есکі, тексерілген әдістермен жұмыс істеп, мемлекеттің жомарттығы мен жәрдемақысына сүйене бергіміз келетіні түсінікті, бірақ мұның келешегі жоқ. Өндіріс орындары қалай бұынғының әдіс-тәсілдерін жетекшілікке алуға тырысса да, саланың ішкі жағдайы фермерлерді бәрібір мына сұраққа жауап беруге мәжбүрлейді: «Жаңғырту немесе тоқырау және құлдырау?».

<sup>72</sup> <https://www.robotsbusinessreview.com/news/5-ways-robotics-will-disrupt-construction-industry-in-2019/>

<sup>73</sup> <https://kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2019-05/minselkhoz-kazakhstan-nadeetsya-povysit-urozhaynost-zashet>

## 2020-30 ЖЫЛДАР ШАМАСЫНДА

**Қазақстанның ауыл шаруашылығы Төртінші өнеркәсіптік революция ұсынатын технологиялық жаңашылдықтарды белсенді пайдаланатын болады. Бірінші кезекте ақпараттық және «жасыл» технологиялар пайдаланылады. Қазақстанның ауыл шаруашылығында «ақылды» мал шаруашылығы және «дәлме-дәл» егіншілік технологиялары кеңінен таралған.**

### «Ақылды» МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Мал өсіру шаруашылықтары заттар мен датчиктер интернеті технологиясын, сондай-ақ, робототехниканы белсene пайдаланады: фермада бұл технологияларды кешенді түрде пайдалану өндірістің шығыны мен кедергілерін бірнеше мәрте төмендетіп, тиімді экономиканың ең жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жануарлардың (мысалы, сиырлардың) терісінің астынан орналастырылған датчиктердің көмегімен малдардың өмір сүру барысының маңызды көрсеткіштері бақыланады: журген жері, денсаулығы, физикалық белсенділік деңгейі, тамақтануы және т.б. Ферманың басындағы «ақылды» жүйелер малды асырау (температуралық режим, жарықтандырғыш, желдеткіш, ауа тазартқыш) мен тамақтандыру (жемді дайындау және беру, су беру, мөлшерін анықтау) үшін аса үтимды жағдай жасауға мүмкіндік

береді. Барлық бақыланған көрсеткіштер бойынша жинақталған деректер статистикатурінде ұсынылады да, бұл жағдай өндірістің тиімділігін бақылауға және өндірістік үдерістерге түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Фермаларда робототехниканы сенсорлық технологиялармен, жасанды интеллекттермен және 5G интернетпен үйлестіре отырып, белсенді пайдаланылады. Мысалы, сұт сауу роботтары (малды байланап ұстамайды, өз еркімен сауғызады), малдарды тамақтандырудың автоматтандырылған жүйелері, мал қыларын жинауды роботтандыру. Мал фермасының барлық жұмысы өзара байланысты бірыңғай кешен ретінде бірыңғай цифрлық платформа арқылы басқарылады.

Мал фермалары деректерді (сенсорлар, датчиктер, әртүрлі құрылғылар) жинайды, ал



алынған ақпарат динамикасы өндірістің болашақтағы тиімділігіне болжам жасауға мүмкіндік береді. Бірақ деректерді болжам жасау мақсатында пайдалану мүнәмен бітпейді. Өз өндіріс орнын жоспарлау үшін фермалар (арнайы сала мамандары) келесі құралдарды пайдаланады: заттар Интернеті, жасанды интеллект, үлкен деректер және т.б. не өндіру керек екенін, кімге өндіру керектігін және өнімдерді өндіргендегі (қандай да бір нарықта) жетістікке жету мүмкіндігі қандай екенін түсіну үшін пайдасы зор.

Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының органикалық қалдықтары (қиласы, нәжістері) толықтай қайта өндөледі, мысалы, арнайы мамандаралған биокешенде биологиялық ферменттердің көмегімен экологиялық таза тыңайтыштар мен биогаз алынады.

Ферманың энергетикалық қажеттіліктері альтернативті энергия (биомасса, құн, жел, өзендер энергиясы) көздерінің есебінен қанағаттандырылады.

Фермалар өздері жұмыс істейтін экожүйеге құш салуды азайтуға тырысады. Ферма ауылшаруашылығы жұмыстарының агроэкоожүйеге (шабындық, шөп шабу,

жайылымдар) кері әсерін азайту үшін қажетті табигатты қорғау шараларын іске асырады. Бұл жұмыстың түпкі мақсаты – топырақтың қоректік заттарының үйлесімділігін және жайылымның биологиялық әртүрлілігіне қатысты өнімділігін сақтау, бір сөзben айтқанда, агробиоценоздың табиғи экожүйеге барынша жақындауына мүмкіндік туып келеді.

Қазақстан 2035 жылға қарай малдың отандық тұқымының генофонды мен әртүрлілігін көбейтеді де импорттық тұқымдарды әкелуді қысқартады. Жануарлардың эмбриондарын трансплантациялау орталықтары ашылып, жұмыс істеп жатыр. Жоғары бағалы асыл тұқымды өндірушілерді өсіру бойынша элеверлер құрылды: ең басты асыл тұқымды мал өсіру кәсіпорнында пайдалану мақсатында тапсырыс бойынша шағылыстырудан алынған асыл тұқымды бұқаларды өсіруге мамандандырылған шаруашылықтар жұмыс істейді.

**2030-35 жылға арналған мықты семірту базасы құрылды, барлық жергілікті жерлерде аквакультура енгізіліп, суару мәселесі шешілген. Мал шаруашылығы үшін өсірілетін жем-шөптер органикалық егіншілік негізінде өндіріледі.**

## «Дәлдік» ЕГІНШІЛІК

Сімдік шаруашылығы / өсімдік шаруашылығы өсімдіктердің нақты бір жер бөлігінің әлеуетін есепке ала отырып, белгіленген тиісті жерде, мол өнім беретіндей үтимды өсуі үшін материалды (мысалы, тұқымдарды, тыңайтыштарды, өсімдіктерді қорғауға арналған заттарды, суаруды және т.б.) қажетті нормада дифференциалдық әдіспен енгізу технологиясын белсенді қолданады. Фермерлік шаруашылықтар өз егістік далаларының цифрлық нұсқаларына ие болып отырады. Цифрлық егістіктердің әрбір жер бөлігінің, әрбір егістіктің бөлшектері жайлы жоғары деңгейде, егжей-тегжейлі деректері бар (жіті ақпарат көрсеткіштер арқылы жинақталады, мысалы, топырақтың ылғалдағы, оның химиялық құрамы, шабындықтың өнімділігі және т.б.). Егжей-тегжейлі сызылған карталар негізінде егістіктің әрбір бөлігінде атқарылатын жұмыс алгоритмі жасалады: тұқымдар мен тыңайтыштарды қанша мөлшерде себу қажет, суару нормасы қандай болуы тиіс.

Барлық жұмыс барысында, тұқым себуден бастап өнімді жинап алғанға дейін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникасының басым бөлігі автопилоттық техника. Бортта орнатылған компьютерлер ауыл шаруашылығы техникасының ұсыныстарды /егістікті өндеу бойынша алгоритмдерді (себу, қорғау, тыңайту, суару) орындауын қамтамасыз етеді.

Фермерлерге цифрлық технологиялардың тұтас арсеналымен жұмыс жасауға тұра келеді: GPS-жүйелер және ауыл шаруашылығы техникасын GNSS-басқару технологиялары (егістіктің қажетті бөліктеріндегі нормалық

суарумен сәйкес ылғалдылығын күндіз-түні бақылау); егістіктердегі маңызды көрсеткіштерді бақылауға арналған датчиктер (мысалы, ылғалдылық деңгейін); көрсеткіштердің мониторингін жасау үшін гаджеттермен бірге мобильдік қосымшалар; бірыңғай цифрлық платформа (барлық өсімдік өсіру кешенін бақылауға мүмкіндік беретін); автопилоттық техника / тұқым себуге, өнім жинауға, суаруға, топырақты өндеуге, тыңайтыштарды себуге және т.б. жұмыстарға арналған роботтар.

Өсімдік шаруашылықтарындағы еңбек өнімділігі едәүір өсіп келеді, ал өндірістік шығындар мен қоршаған ортаға тигзетін әсері, керісінше кеми түсуде.

Өсімдік шаруашылығының азық-тұліктері биогумусты қолданатындықтан, пайдалануға рұқсат етілген минералдық тыңайтыштардың тізімі қысқартылғандықтан, өсімдіктерді қорғау және карантинде үшін биотехнологияны пайдаланатындықтан қауіпсіз, экологиялық таза өнімдер болып табылады.

Шаруашылықтардың өздері альтернативті энергетиканы (шаруашылықтың энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін) кеңінен пайдаланудың есебінен және жиналған өнімді егістіктен сақтау қоймаларына жеткізуде көлік логистикасын тиімді пайдалану арқылы қоршаған ортаға кері әсерін өте аз тигзеді. Фермерлер топырақтың құрылысын аз мөлшерде ғана бұзатын (бұл топырақтың көміртегін сақтау үшін маңызды) No-Till егуді белсene пайдаланатын болады. Топырақтың деңсаулығын сақтау әдісі ретінде қоректік заттарды

реттеу және көміртекті байланыстыру үшін жабындық дақылдар себіледі.

Өсімдік шаруашылығының қалдықтары толықтай қайта өндөледі, мысалы, арнайы мамандандырылған биокешенде биоферменттердің көмегімен экологиялық таза тыңайтыштар мен биогаз алынады.

Қазақстанның жері бонитеттің жоғары үпайына ие (топырақтың құнарлылығы жоғары, және өнімділігі жоғары). Топырақтың құнарлылығын арттыру үшін экологиялық таза технологиялардың жоғары мүмкіндіктері пайдаланылады, мысалы, топырак ауыл шаруашылығы микробтарының (эндофиттердің) көмегімен немесе мал жайылымының (малдың сілекей мен көні топыраққа микробтарды жүктіруды) көмегімен, немесе ауадағы азотты өсімдіктер сіңіретін қалыпқа айналдыратын (азотты бекіту) микробтардың (эндофиттердің) көмегімен құнарланады. 2030-2035 жылдарға қарай сапалы тұқымдардың өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізетін боламыз.

**А**грарлық ғылым (F3И және тәжірибелік станциялар) тұқымның жаңа сұрыптарын шығару және жаңа технологиялар әзірлеу мәселелері бойынша фермерлік шаруашылықтармен, өнім өндірушілермен тығыз іскерлік байланыста жұмыс істейді деп күтілуде.

Қазақстанда объективті қыындықтарға қарамастан, органикалық егіншілікті белсенді дамытуды жалғастыра беретін болады. Республика ортамерзімдік келешекте өндіруші және Еуропалық Одаққа органикалық өнімдерін экспорттаушы елдердің бірінші бестігіне

тығыз жақындейтын болады. Республиканың ара шаруашылығы органикалық егіншілікпен тығыз байланыста дамитын болады. Қазақстан 2025 жылға қарай әлемдегі ірі бал өндірушілер мен экспортқа шығарушылардың бірі болатынын жоғары ықтималдықпен айта ала-мыз, өйткені ара шаруашылығы өнімдерін өндіру жолға қойылған, Қазақстанның ара шаруашылығы отандық асыл тұқымды ара материальмен толық қамтамасыз етілген, 2025 жылы импорттық араларды әкелу қысқартылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеуде өндірісті барынша көп автоматтандыруға қол жеткізілетін болады. ИИ, үлкен деректер, машинамен жұмыс істеуді оқыту және машинааралық әрекеттерді белсенді қолдану нәтижесінде қарапайым біртекті міндеттер біріктіріле роботандырылған жүйелер арқылы орындалатын болады. Өндірістік кешендер ақпараттық технологиялардың көмегімен бірыңғай жүйе ретінде басқарылатын болады. Сонымен бірге техниканы жөндеу жұмысы қажетті бөлшектерді 3D арқылы басып шығарудың көмегімен іске асырылатын болады.

Кәсіпорындар қайта өндеуде ысырапсыз жұмыс істейтін болады, ал өндіріс қайталама шикізат базасын белсенді пайдаланатын болады. Өнімдер экологиялық қаптамаларға салынады. Дрондар «егістіктен үстелге» қағидасы (бұл «егістіктен дүкен сөресіне» тұжырымдамасын әрі қарай дамыту) бойынша өнімдерді жедел жеткізумен айналысады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу алдыңғы қатардағы технологиялық деңгейге көтеріледі. Тамақ өнеркәсібінің технологиясын және қолданылатын озық құрал-жабдықтарды жақсартудың есебінен отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі жоғарылайтын болады. Қазақстан дайын өнімдерді экспортқа шығару (жай шикізатты



экспорттау емес) нарығында маңызды орынға ие бола алады.

Қазақстандықтар отандық өндірушілердің жоғары сапалы азық-түліктерімен қамтамасыз етіletіn болады. Тұтынушылардың жаңа буынының идеяларының ықпалымен өндіріstің ашықтығы кеңінен талап етіletіn болады. Өндіrіstі цифrlандыру тұтынушылар сұранысымен үйлесе отырып, өндіру кезеңдерін барынша ашық қылады: кез келген ынта білдіруші барлық технологиялық тізбекті егістіктен / фермадан азық-түлік дүкенінің сөресіне дейін қадағалай алады (мысалы, жануарлар мен өнімдерге және т.б. енгізілген блокчейндердің, чиптердің, белгілердің, датчиктердің көмегімен). Болашакта қазақстандық тұтынушы немен тамақтанып отырғанын жақсы біletіn болады. Тұтынушы өnіmniң сапасына сенімді, өйткені кәsіпорындарда шикізаттың сапасын оны қайta өндегенге дейіn біluge мүмкіндіk беретіn арнайы құryлғылар бар, ал бұl ақпараттар ашық цифrlық деректерде қолжетіmdі.

Ауыл шаруашылығы өnіmderіn қайta өnдеu саласының өzі болашакта тартымды жұмыс орнына айналады. Технологиялық қайta жабдықтандыру мен экспорттың өлеуетін жүзеге асыру арқылы бұl саладағы мамандықтардың дәре-

жесі өсетіn болады. Қайta өnдеuші кәsіпорындар жергілікті шикіzat көzдеріne жақын жерде орналасады, демек жұмыс құshі ауылдық жерлерге көptеп келетіn болады.

Шағын бизнeste қайta өnдеu жәne тамақ өндіrіsterіnіc әleuetіn нығайту. Болашакта бұkіl әlemge қажетті ерекше рецептер (қолөнер өндіrіcі) бойынша шағын тиражben қайta өnдейtіn кәsіporыnдар тек іrі fана eмес, орta жәne шағыn kәsіporыnдар болады. Автоматтандырылған жұмыстың мониторингін жүргізу бойынша kәsіporыnnың өzіnde az fana қызметшіler жұмыс iстейdi. Қолөнер өндіrіsіn сертификattaudy мобильдіk зертханалар іске асырады, бұl үдеріstіc жылдам жәne қарапайым түrde өtүiне мүмкіndіk бередi.

Тамақтардың әртүрлілігіне басымдық берудің жауабын сол саладан табуғa болады: емдік-профилактикалық жәne функционалдық тамақтану саласы үshіn сублимацияланған азық-түліктер танымал болады. Қазіргі кезде «есікке дейіn» жеткізу қызметімен жұмыс iстейtіn молекулярлық асхана аса танымал жәne дамыған. Арнайы мобильдік қосымшалар адамдарғa өzдеріnіc ас мәzіrіn реттеуге көмектеседi, адам өzі қандай да біr тамақ түrіn жаңa өnіmniң барлық қauipтіlіgі мен mүмкіndіkterіn түsіnse de, соғan үкcas тағammен ауыстыra алады.



**Алпы  
САЛА ТУРАЛЫ**

- ▶ Қазақстанның ауыл шаруашылығы – экономиканың табиғи ресурстарға ұқыпты қарайтын, жаңа технологияларды дамытатын тиімді саласы, ауыл шаруашылығы өнімдерін жаппай өндіру қажеттіліктеріне жауап береді, сондай-ақ, экологиялық және қауіпсіздік талаптарына да жауапты.
- ▶ Өнімді өңдеудің толық циклімен жұмыс жасайтын жоғары технологиялық ауыл шаруашылығы өндірісі. Өнімді ішкі нарыққа экспортқа шығару (ет, сүт өнімдері, көкөністер, жеміс-жидектер, бал).
- ▶ Еліміздің азық-тұлік қауіпсіздігіне қол жеткізілді.
- ▶ Ауылдық жерлерді әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым жақсы дамыған («қаламен бірдей»). Адамдардың өмір сүріп, жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған. Балалардың сапалы білім алуына мүмкіндік бар. Халық орналасқан ауылдық жерлер өзара және қаламен жақсы жолдар арқылы байланыстырылған. Барлық жерде жоғары жылдамдықтағы интернет қолжетімді. Қысқартылған жұмыс күні / апта.
- ▶ Ауылдағы еңбек тартымды және құрметті, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған адамдардың мәртебесі жоғары және жалақысы да жоғары. Мамандар жоғары біліктілігімен ерекшеленеді, және білім алуды жалғастыруға (жаңа әдістемені, техниканы және құрал-жабдықтарды менгеруді оқып-үйренуге) мүмкіндіктері бар.
- ▶ Аграрлық ЖКОО-ры өндірістің

сұраныстарына қарай, оның ішінде, әртүрлі деңгейдегі мамандардың біліктілігін арттыру бойынша жедел әрекет етеді. Сонымен қатар ЖКОО-ры үлкен қалалардың орталықтарынан «далалық» жағдайларға таяу жерге қоныс аудара бастады.

- ▶ Барлық ұсақ шаруашылықтар кооперативтерге біріктірілген және экономикалық жағынан едәүір тиімді. Ұсақ шаруашылықтар дрондар (есікке дейін жеткізу) мен басқа технологиялардың есебінен соңғы тұтынушыларға қызмет көрсетеді.
- ▶ Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің нарығында кем дегенде екі қаржылық-кредиттік институт жұмыс істейді (жалғыз «ҚазАгро» ғана емес); бұл компаниялар әртүрлі өндірушілердің қажеттіліктеріне жауап береді: кейбіреулер ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жұмыс істейді, кейбіреулері орта және шағын өндірушілердің нарығында жұмыс істейді.

